

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетәева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева СТ. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - завкафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы тиіс

Н.Ә.Назарбаев
«Садағаң кетейін, айналайын халқым!» Егемен Қазақстан газеті. 09.12.2013ж.

ӘОЖ 37.01

М.А. Нуриев

*Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры*

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – АДАМНЫҢ АЗБАЙТУҒЫН АСЫЛДЫҒЫ!

Мақала ұрпақ тәрбиелеп, шәкірт даярлауда мәңгі нұрдың қызметшісі, тынымсыз лаулаған жалын иесі – ұстаздың еңбегі жайлы жазылған. Сондай-ақ, академиктің ұстаздық болмысы жан-жақты ашылып, жүріп өткен жолының жастарға берер өмірлік өнегесі, тағылымдық мәні жайлы сөз етіледі. Ғалымның ұстаздық жолының тәлім-тәрбиелік қырларынан сыр шертіп, ғылым мен білімге сіңірген еңбегінің өлшемі салмақталған.

Түйін сөздер: *білім беру, тәлім-тәрбие, ұстаз, ғалым, ұлттық құндылық.*

В данной статье представлен материал о важной роли учителя-наставника в воспитании подрастающего поколения в соответствии с новыми требованиями государства и общества. И его личностных качествах как человека общества, от которого зависит будущее нашей страны, нравственно-этические трудности с которыми сталкивается в наше непростое время учитель, а также слагаемые его успеха.

Ключевые слова: *образование, воспитание, наставник, ученый, национальные ценности.*

This article contains material about the important role of mentor teachers in the education of the younger generation in accordance with the new requirements of the state and society. And his personal qualities as a human society, on which depends the future of our country, moral and ethical challenges faced in our difficult time teacher, as well as the terms of its success.

Keywords: *education, educators, scientists, national values.*



Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Көне шығыс даналығында «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар абат болады» деген тамаша сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қы-

руар уақыт пен тер төгетін зор еңбекті қажет ететін ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс екенін ұқтырса керек.

Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та білім мен ғылымның екінші съезінде: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл бөлігі болып табылады. Сіздер біздің балаларымызды өсіріп, олардың ақыл-ойын жетілдірудесіздер. Олар үшін кейде ата-аналарына қарағанда сіздердің беделдеріңіз үлкен. Жас ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге деген махаббаты көп ретте сіздерге байланысты» – деп, ұстаз мәртебесінің қаншалықты биік екендігін, оның қоғамда алатын орнын айрықша атап өтіп, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің салмағын екшелегендей.

Осындай жауапты жүкті бүгінде көшкен керуен соқпағы тәрізді бұлтарысы мен жазығы жетіп артылатын тіршілік атты өмір сапарында, қара нардай талмай көтеріп келе жатқан, өз дәуірінің керуен басы, академик Мәдиев Өскенбай Қабылбекұлын өзінің саналы ғұмырын, алған білімін туған елінің оқу-тәрбие, білім саласына арнап, халықтың сәулелі және жарқын болашағының көшін түзеуге бар жан-тәнін салып, өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз деп ауыз толтырып айтуға болады.

Мұғалім бар да, ұстаз бар. Мағыналас сөз болып көрінгенмен, екеуі екі ауқымды қамтитын ұғым. Мұғалімдік мамандықты бітіріп, педагогтық кәсіпке ие болған қарапайым мұғалім бар да, үлгілі де, озық шәкірт даярлап, көпке танылған, ел мойындаған ұстаз бар. Ең негізгісі, осы екі ұғымды ұштастырып, біте қайнастырған жан – нағыз ұстаз, халық мұғалімі дәрежесіне көтерілген адам болып табылады. Халық мұғалімі – жас ұрпақтың рухани дүниесінің мүсіншісі, ол – өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы саналатын балаларға өзінің үмітін артып, болашағын сеніп тапсыратын қоғамның сенімді өкілі. Осы аса ізгі және өте қиын кәсіп ұстаздан өз өмірін оқу-тәрбие ісіне арнаған тұрақты шығармашылықты талап етеді дейтін болсақ, бүкіл саналы ғұмырын осындай ізгі жолға бағыттаған тұлғаларымыздың қатары аз емес. Бір өкініштісі, «Қолда бар алтынның қадірін» бағалай алмайтын пенделік қасиетіміз – еңбегі алпыс атқа жүк болар ағартушы ғалымдарымызды елеусіз тасада қалдырып жатады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, білім және ғылым саласында атқарған жұмысы мен сіңірген еңбегіне неге дер кезінде баға бермеске?

Олай болса, сондай жанның бірі, әрі бірегейі – Өскенбай інім десем, артық айтқаным болмас. Өз тарапымнан Өскенбайдай азаматтың еңбегін елеусіз қалдыру мен үшін мойнымдағы парыз тәрізді. Білгенің мен түйгеніңді жұртпен бөліс деген әдемі даналық сөз бар. Сол себепті де, Өскенбайдың ұстаздық болмысы жайлы сырлы ойыммен бөлісуді жөн санадым.

Ұстаздық болмыс демекші, бұл жазбамда інімнің ақыл-парасаты мен мейірім-шапағаты зерделі зерек, саналы сабырымен ас-тасып, ортасынан ерекше даралап, елімізге танымал ардақты жан, дарынды ұстаз, терең білімді, білікті басшы деңгейіне көтерілгендігі жайында сөз қозғалмақ.

Мәдиев барлық сыңдарлы сын сатыларынан өтіп, ұстаның төс-көрігінде пісірілгендей, сапырылысқан замана толқындарымен, толастамас дәуір керуендерімен қанаттаса, қабаттаса жүріп, ойып тұрып еншісін, төккен тер, сіңірген еңбегіне орай лайықталған сыбағасын алып, шыңдалып шыққан жан. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты ғұмырының бір биік белесі ғұлама жетпістің желкенді шыңына шыкса да, тыным-тыныштық, рахат іздейтін інім жоқ. Жігіттік жігерімен құлшынып, қашан көрсең де қайнаған жұмыстың қарбаласында жүреді. Өр мінезімен биік тұратын асқар парасат иесі жылдан жылға жасы ұлғайса да ойлары бағзы бір жас қалпында тұрған, шабыты шау тартпай, еңбектен еңбекке еселей өскен, сілтер құлашы кең, әрқашан елімізде болып жатқан еңселі оқиғалардан шет қалмай, ат жалын тартып мінген азамат.

Өскенбай жайлы айтылатын ойлардың бір парасы оның көңіл толқытатын, қилы да қызық жас дәурен шақтары қаншама ынтықтыған, бауыр басқан туған жер топырағы, өзен-көлі, суат-бұлағы, балауса-құрағы атақоныс – алтын бесігіне қарай бастап апарады. Дара тұлғаның бойына дарыр көп қасиет осы туған өлкеден өрбісе керек. Қазақтың талай бір асылда, абзал, кемеңгер тұлғаларын әкелген, төскейі төрт түлік малға, қойнауы қазынаға толы, қазы қаңқылдап, қонатын көлі, табиғаты сұлу ең бір шұрайлы өңір – Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласында дүниеге келген. Мәдиев тегі мен өскен ортасы бір-біріне сай келген, өмірде өзінің орнын тапқан тұлға десек орынды болар. Олай дейтінім, ол өскен орта, ағалары да, нағашылары да өнегесіне өсер ұрпағы сай, Арыс жеріне танымал асыл текті ортадан. Арыстан баб, Қожа Ахмет Йассауи сынды

баба үмітін арқалаған, текті рудың алтын баулы жібін үзбей, өзек етіп, жалғастырып келе жатыр. Осындай қыран даласында туып-өскен және не бір атақты, ардақтылары туралы естіп өскен оның бойында сол ірілер мен даналарға, сол алыптар мен арыстарға деген құрметі мен ізеті, сүйіспеншілігі мен ілтипаты бала жастан-ақ қалыптасқан

Екеуміздің таныстығымыз Өскенбайдың студент кезінен бастау алып, ал жақыннан араласып, білісуіміз 1969 жылы Москва жеңіл өнеркәсіп институтының аспирантурасының соңғы курсында оқып жүрген



жылдардан басталды. Ол кезде Өскенбай аспирантураның бірінші курсына түскен болатын. Содан бері бір-бірімізге деген шынайы сыйластық, сенім мен ықылас, құрметіміз кейін келе, аға-іні, жолдас-жора, әріптес болып, біте қайнасқан тығыз байланысқа әкеліп соқты. Сонда байқағаным, айтпасқа болмайтын Мәдиевтің ерекше қасиетінің бірі ойға жүйрік, сөзге шешендігі. Қазақ қоғамы ежелден «Сөз бастайтын шешен мен қол бастайтын батырдың» болуына айрықша мән берумен келген ғой. Орынды сөз сөйлеп, ұтымды әрекет бастай алған, тіршілігі таза, еңбегі адал, төрелігі әділ адамға көпшілік қолдау көрсетіп, сенім артқан. Өскенбай інім де халықтың осындай озық тұлғасы деп мақтай аламын. Себебі, өз саласындағы өзге жандардан ерекше бір қыры – тарих пен әдебиетті, өнерді жетік білуі. Әлі күнге де

йінгі қазақ әдебиетінің нақыл мен өсиетке толы өлең, жыр, дастандарын, бата-тілектерді жатқа соғуы – тарихымызды, әншілік, ақындық мектептерді, аңыздарды, салт-дәстүрімізді өте жақсы игергендігін білдіреді.

Әншілік, ақындық мектеп демекші, жан дүниесінің ең бір киелі, қасиетінің бірі – «дың» еткізіп домбыра тартып, әлгі күйдің ырғағына беріліп, көзін тарс жұмып алып, анда-санда «беу, дүние-ай» деп қойып, енді бірде екпіндеткен, дауылдатқан, ереуіл күйлерге еліріп, отырған орнынан қопандап түрегеп кете жаздайтын қалпын талай көргенбіз. Күй – Өскенбайдың жүрек лүпілінің жазбасы, жабырқаса мұңдасы, жадыраса сырласы іспеттес. Домбыраға деген құштарлығы өмірімен бірге жасап келеді.

Әйгілі «Ерке сылқым» күйінің авторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Әбдімомын Желдібаев ұстазынан бұл күндері отыздан аса күй үйренген. Бірде ең алғаш ол кісіден «Ерке сылқым» күйін қалай үйренгендігі жөнінде айтқан еді. Москвада жүрген кезінде осы күй жайлы естіп, бұл күйге әбден тәнті болып, үйренуге құлшынысы артып, Желдібаевты арнайы үйіне іздеп барған екен. Айналасы бір сағаттың ішінде, автордың төл туындысын зор ықыласпен үйреніп алған көрінеді. Осы сынды қазақтың күйлері жайлы айтқанда, көзі шоқтай жанып, ағытылып, шешіліп сөйлейтін бір әдеті бар. Ол көбіне адамның нәзік сезімін оятатын қасиетке ие шертпе күйді ерекше жақсы көріп, өзі де жанып сүйіп домбырада ойнайтын. Тағы бір сүйіп тыңдайтын күйінің бірі – Нұрғиса Тілендиевтің «Аққуы». Бұдан байқайтынымыз – Өскенбайдың тек ғылым адамы емес екендігі, ұлттық төл туындылар мен рухани құндылықтарға деген жанашырлығы мен ерекше махаббаты! Күйден өзге, айтыс өнері, жыраулық поэзия, би-шешендердің тіл құ-

діретіне, пікір түйінділігіне, таңғажайып ой толғағының әмбебап туындыларын қалдырмай қызыға оқып, қызу талқыға салып, өзіндік сын-пікірін ортаға тастап жіберуге жаны құмарлығы ойымызды толықтыра түскендей.

Бірде буырқанып-бұрсанып, қарасөздің қаһарымен суырыла сөйлесе, бірде мейірлене мекірене қалып, бүкіл жан әлемнің жылуы мен шуағын тіл ұшынан төгілдіргенде ордалы жыланға би билеткен шешендік, алмас жырды ағыл-тегіл ағындатып, суырып салма ақындық, тапқырлық сынды ғажайып өнерді бір бойына тоғыстырған Өскенбайдың тұлғасы даралана түспек. Жиренше шешен, Майлықожа, Есет пен Кемпірбай, Жаңаберген жырау, Біржан мен Сара айтысы, Кете Жүсіп туындыларын жаны сүйіп қалай оқыса, отырған ортасында соншалықты машығына келтіріп, төгілдіре жеткізе де алады.

Мұнымен айтпағым, оның арзанға алданбаған адамшылық биігі, азаматтық мұраты, әлеуметтік үні айқын, қазақ руханиятындағы жанашыр тұлғасы жастарға сабақ болатын өнеге демекшімін.

Осындай рухани кенішін ғылым, біліммен ұштастыру жағынан да, әсіре тілмен айтар болсақ, алдына жан салмай оза шапты. Ақылға кен, сөзге дана халқымыз айтпақшы: «Дүниенің ең кереметі мен ғаламаты адамның сауатты да, білімді болмақтығы! Білімдінің қол жеткізбейтін нәрсесі жоқ. Екі дүниенің де жақсылығы ғылым-ілімде!» екендігін Өскенбай өзінің білімпаздығы және қажырлығы еңбегінің арқасында басшылық қабілеті, кәсіби біліктілігі, кең ойлайтын көрегендігі, қайраты мен жігерлігі, жаңашылдығы сынды тамаша қасиеттерімен дәлелдеді деп баса айта аламын.

Бұған 1971 жылдың желтоқсанында кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін, араға көп жыл салып, сағыздай созып жүріп алмай, 1980 жылы сол институтта өзінің тынбай ізденісінің арқасында, докторлық диссертациясын да қорғап алуы дәлел бола алады. Оның ғылыми жетістіктері қазіргі заманда барлық әлемде был-

ғары өндіруде қолданылып отырған, бірақ қоршаған ортаға өте зиянды хром қосылыстарын, зиянсыз алюминий, цирконий және титан қосылыстарымен алмастыру технологияларын ұсынды. Осы технологиялардың химиялық негіздемесін жасап, нәтижесінде былғары және үлбір технологиясында кешенді минералдық илегіштерді қолдану деп аталатын жаңа ғылыми-практикалық бағыт ашты. Тері технологиясы тарихында тұңғыш рет тері шикізатын консервация жасауда қазіргі заманда қолданылып отырған, қоршаған ортаға зиянды ас тұзын диаммоний фосфат минералды тыңайтқышымен алмастыруды ұсынып, диаммоний фосфатты тері шикізатын консервациялау технологияларын және осы процестердің химиялық негізін жасады. Осылайша, өмірде жеткен жетістіктерінің барлығына өз маңдай терімен, ынта-ниетімен қол жеткізе білді. Жеңіл өнеркәсіп технологиялары саласындағы Қазақстан мен Орта Азиядағы алғашқы ғылым докторы атануы да кездейсоқтық емес, осы салада сіңірген еңбегінің өлшемдігі мен салмақтығының арқасында жетті.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы (ТМД), сондай-ақ, алыс шетелдегі әріптестеріне белгілі ғалым ретінде Мәскеу жеңіл өнеркәсібі технологиялық институтында (МЖӨТИ-ндағы) докторлық диссертация қорғалатын арнайы кеңестің көп жыл мүшесі, диссертанттарға оппонент, олардың ғылыми жұмыстарына эксперт болып келуі – еліміздің білім, ғылым саласына төккен маңдай тері.

20-шы ғасырдың 80-90 жылдары Ө.Қ. Мадиевтің алюминий, цирконий және титан қосылыстарымен тері илеу технологиясы Қазақстанда (Жамбыл былғары аяқ-киім комбинаты), Белоруссияда (Могилев былғары комбинаты), Россияда (Новосибирск былғары комбинаты), ТМД елдерінің т.б. өнеркәсіп орындарында қолданылып, өндіріске енді. Мұнымен тынып қалмай, бүгінде де үзбей ғылыми жұмыстармен айналысып, нәтижесінде жеке өзі және шә-

кірттерімен бірге 200-ден астам ғылыми мақала, 3 монография, 2 оқу құралын жариялап, 44 авторлық куәлік пен патенттерге ие болып отыр. Осылайша, білім саласына сіңірген еңбегі бағаланып, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академигі, Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының академигі дәрежесіне ие болды. Бұл дегеніміз, біріншіден – үлкен жетістік болса, екіншіден – қоғамның қозғалысы мен заманның ағысынан қалыс қалмай, жиған білік-тәжірибесін шәкірттеріне беріп, бойларына білім нәрін сеуіп, ғылым жолының қыр-сырына машықтандыруы!

Мұның бәрі, әрине, ұстазға керек білік пен дағды болса, ағартушылық бағыттағы кәсіби еңбек жолында да ол қандай шаруана қолына алмасын, соның барлығында тиянақты түрде үлкен жауапкершілікпен атқарып жүргенін байқаймыз. Білікті басшы ретінде қалыптаса алғанына 1968 жылдан 1998 жылдың наурыз айына дейін 30 жыл Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында (ЖЖТӨТИ) еңбек етіп, оның ішінде 11 жыл проректор, 7 жыл ректор қызметтер атқарғаны – дәлел бола алады. 1998 жылдың наурыз айында Тараз қаласындағы үш жоғарғы оқу орны бірігіп, Тараз мемлекеттік университеті (ТарМУ) болғанда, бірінші проректорлық қызметін толығымен білім берудің сапасын арттыру бағытына да, сол қиында қым-қуыт шаруаның қарекетімен жүріп, өзі де өсіп кемелдене түсті. 1998-2002 ж.ж. Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, 2002-2003 ж.ж. М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-ның кафедра меңгерушісі қызметінде жүрді. Осы жылы, яғни, 2003 жылы Өскенбай екеуіміздің жолымызды тағдыр қайта тоғыстырды. Өскенбайдың нағыз ұстазға тән қасиетін аңғарып, Тараз қаласындағы Алматы экономика және статистика академиясының институтына басшылық қызметіне тағайындауды ұсындым. 2003 жылдан қазіргі күнге дейін осы оқу орнында ректор, кейіннен осы ЖОО-ның өкілдігінің директоры қызметін атқаруда.

Біз тағы да оқытушылық, басшылық қызметінен бөлек, ғылым жолына терең үңілгендігіне қанықпыз. Иә, ... ұстаз шәкіртімен көрікті, шәкірт ұстаз тәлімімен ғана көктейді. Бүгін де бойдағы бар күш жігерін аямай, зерделі де зейінді шәкірт тәрбиелеу үшін білімі мен ілімін аямай, тынбай еңбек етіп келе жатқан Мадиевтің басшылығымен, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында (ЖЖТӨТИ) аталмыш сала бойынша ғылыми мектеп ашылды. Жоғарыдағыдай жаңа ғылыми бағыттар бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде 25 ғылым кандидаты мен 3 ғылым докторларын даярлап шығарды. Бұл дегеніміз – ұстаздың шәкірт даярлаудағы үлкен жемісі.

Осындай үлкен басшылық қызметте жүрген, ғылым атты салмақты мамандықты кәсіп еткен ғалым-ұстазды бойына дарыған қарапайымдылық қасиеті де болмыс бітімін даралай түседі. Оған «Алға шықсан көз тиеді, артта қалсан сөз тиеді» деген халық мақалы мен дана Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» сынды өсиет сөзін өмірлік ұстаныма айналдырған Өскенбай інімнің әр адамның бойын біте бермейтін, бойында тұнып тұрған қарапайымдылықты тағы қосыңыз!

Ғалымның қасиетін толықтыра түсетін, мінезінің өзі бір әлем. Біреу туралы сөз айту, ғайбат сөйлеу, қызғаныш, көреалмаушылық сияқты қылығы жоқ. Кез келген ортада эпсәтте-ақ, қиыннан қиыстырып, әзіл-қалжыңмен өрілген ақын-жыраулардың өлең шумақтарынан, үзінділерінен мысал ретінде тауып айтар тапқырлығы, құрдастарының болымсыз бір міндерін зілсіз әжуаға айналдырып, отырған ортасын қыран-топпен күлкіге қарық қылатыны және бар. Әдеппен әрленіп айтылған әзіл-қалжыңы, қай ортада қай жиында болмасын көсіле сөйлеп, көсем мінез танытып, білгішпін деп жүрер не бір талайлардың аптықтарын баса білгендігін талайлар айтып та, жазыпта келеді. Оның бойында алқалы жиында, алқақотан топты көрген сәтте аламанға қосылар бәйге атындай арқасы қозып, аруағы артып, айбарланып

кететін жаратылысынан туа бітті қасиеті бар. Ел көзіне алдымен шалынатын кесек мінезі мен ойының да, бойының да бірдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келісті тұлғасы мен кескін-келбеті, бауырмалдығы, мейірбандылығы, парасаттылығы, жан сұлулығын айтпаса да аян. Қай жерде болмасын еңсесін тік, денесін нық ұстайды. Бұл оның сөзге тұңғышына тереңнен бойлай мән беретіндігінің, қадірін түсіне, ойлана білетіндігінің көрінісі деп білемін.

Жалпы Өскенбай туралы көп жазуға болады, әсерлі әңгімеге нүкте қою мүмкін емес. Өнегеге толы өмір жолы күрделі әрі қызық. Профессордың сөзінен де, атқарған ісінен де елді, жерді құрметтеу сезімдерін, ұлттық намыс пен абыройды биік қоятыны бірден аңғарылып тұрады. Осы қасиеттерімен де төңірегіндегілерге ардақты да, аяулы. Оның өткені – сағым, маңдай беті – ашық. Ғұмыр тіршіліктің небір ой-қырларынан өткен, ащыны да, тұщыны да көп көріп, бай тәжірибе жинақтаған, бүгінгі мерей-мәртебесіне жас шағынан бастап ізденудің еңбегінің арқасында жеткен азамат.

Міржақып Дулатовтың: «Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, гүл жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді, адамның басына жастық екі келмейді. Жастық – біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді. Сол секілді жастықтан соң кәрілік жетеді. Шаруасына жинақы кісілер жаз күні қыстың азық-түлігін даярлап қояды. Адамда жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауға тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рахат тіршілік ете алмайды», – дегендей, Өскенбай Қабылбекұлын қазір бейнетінің зейнетін көріп отырған бақытты жан десек болады.

Бала – адамның бауыр еті – дейді қазақ халқы. Ұрпақ – ғұмыр жалғасы, тіршілік көзі. Қай халық болсын, үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Жанған отын сөндірмей, түтінін түтетіп ұрпақ қалдыруды көздейді. Халқымыз балалы болу бақытын байлыққа, мансапқа ауыстыра алмаған. «Бала – өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі,» – деп

ұрпақты болуға, оның тәрбиесіне қатты көңіл бөлген ғой. Бұл тұрғыдан да, Өскенбайдың шаңырағын бақыт құсы ұя салған жылулық пен қуаныш мекені деуге әбден болады. Аяулы жары Айткүл екеуі ел аузында мақтанышқа айналған үш ұл өсіріп, немерелерінің қызығына бөленіп, айдын көлдегі ай нұрына шомылып отырған қос аққудай өмір сүруде. Айткүл қарындасымның қашан көрсең, жанарынан үнемі нұры төгіліп, жанұясына бақыт сыйлап, айналасына мейірім-шуағын шашып жүреді. Сондықтан да, көктем табиғатымен жымдасқан жылылық, шексіз мейірімділік, дүниенің тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап, өмір нәрін себуші асқақ құдірет иесі деуге әбден лайық! Пейілі – кең, аналық махаббаты – кәусар бұлақ! Сол шуақтың жылулығы балаларын, жолдасын үнемі демеп тұрады. Өскенбай мен Айткүл балаларын, немерелерінің мақтан тұтып, оларға тек асқар тау әке, аяулы ана ғана емес, жандарына ең жақын дос ретінде өзін-өзі ұстаулары терең көрегендікті көрсетеді. Ұяда көрген тәрбие балаларына қанат болып, бүгінде барлығы да лауазымды, абыройлы салада әке жолымен еңбек етуге негіз болуда.

Нағыз бақытты жан – кәсіби еңбек жолы мен өмірлік таңдауы үйлескен жан. Ендеше, бұл екі жолда да жолы болған Өскенбай Қабылбекұлы – ел ертеңін ойлаған, болашақтың қамын жеп жүрген нағыз ұлағатты ұстаз!

Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атаулының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару.

Өркениетті ғасыр тізгіні – ұрпақтарының қолында, ал, ұрпақтың бар бақыты озық ойлы ұстаздың еншісіне ғана берілмек. Жан сарайыңды жібітетін тәрбиенің үлгісі де, ащы ақиқаттың күмбір күйі де өркениет ұстазының әр сабағында шежіре боп сөйлеп


жатады. Бұл жалғандық болмай, тәлім-тәрбиелік үдерістің барлық жүйесінде мазмұнды түрде жүрсе, адамзаттың ой-өрісі дамып, сәулелене түспек.

Осындай ұрпақ тәрбиелеп, шәкірт даярлауда мәңгі нұрдың қызметшісі, тынымсыз лаулаған жалын иесі – ұстаздардың еңбегі ерен әрі өлшеусіз. Саналы ғұмырын жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арнаған, бойындағы жақсы қасиеттерін шәкірттеріне дарытып келе жатқан Мәдиев Өскенбай сынды ұлағатты ұстаздарға айтар алғыс шексіз болуы тиіс. Ғылымның шам-шырағына айналған алау оттары мәңгі алаулай түсіп, ыстық шапағат, нұры шарпыған соңынан ерген шәкірттері көбейе берсін!

Ұлағатты ұстазды әртүрлі қырынан жан-жақты таныстырып отырғандағы мақсатым – осындай ұлағатты тұлғалардың өмірі, жүрген жолы біздің қазіргі жастарымызға үлгі-өнеге болса деген тілек. Бұл күндері

Өскенбайдың жетіп отырған жетістіктері – адамгершіліктен, үнемі алға ұмтылушылық пен ізденушіліктің нәтижесінен келген дүние. Ауылдың қарапайым қара домалақ баласы мектеп қабырғасында, кейіннен институтта жақсы оқып, бар жағынан озат болмаса, алдында өмір сүрген ата-апаларынан, әке-шешесінен өмірдің өзегі – тіршіліктің мәнін ұғынып, адамдықтың асқаршыңы – адамгершілікті тал бойына сіңірмесе, өмірлік нанын адалдықпен тауып жеуге үйреніп, ел қатарлы ғұмыр сүруге талпынбаса, ойлаған ойына, алға қойған мақсатына дұрыс жете алмас еді.

Бұдан келіп шығар қорытынды – әр адам өз өмірін, өз бақытын, рухани байлығын тек өзі ғана іске асыра алатындығы. Сондықтан да, кейінгі толқын – жастарымыз осындай өнегелі өмірден әрқайсысы өмірінің өзегін тапса деген тілектеміз.



Адамның биіктігі мен тереңдігін,
Жан-дүниесінің кеңдігімен өлше

Төрелді Байтасов.

ӘОЖ 37.303

Ә.Табылды

ҚР білім беру ісінің қызметкері, профессор

Еліміздің болашағы жастардың қолында. Жас ұрпаққа тәрбие мен тәлім беру бүгінге сын. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдының Қазақ Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің ұсынуы бойынша (№Ж-Т-Т-52\1.23.08.2013ж.) факультативтік немесе тәрбие сағаты формасына негізделген «Әдептік сабақтар» оқу құралының тағылымдық, тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың бұл жолғы санына аталмыш кітаптан сабақ түрлерінен үзінді беруді жөн көрдік.

АҚКӨҢІЛДІЛІК МІНЕЗ ӘДЕБІ 6-СЫНЫП

Бұл мақалада әрбір адамның мінез-құлқындағы әдептілік қасиеттері оның іс-әрекеттері, тұрмыс-тіршілігі арқылы қалыптасады. Сол себепті, бұл оқу құралында қазақ мемлекетінің қазіргі мектептеріндегі 6-сынып оқушыларына әдептілікті, имандылықты, мейірімділікті, қайырымдылықты, ұлттық салт-сана мен дәстүрлердің, әдет-ғұрып, іс-әрекеттердің өркениетті бағдарлары айтылған.

Түйін сөздер: *әдеп, әдет-ғұрып, оқушы, салт-сана, мінез-құлық.*

В данном отрывке написано о том что черты тактичности в характере каждого человека формируются через его действия и бытовую жизнь. Написано об обучении учеников 6-классов учтивости, гуманности, доброте, благородству, цивилизованным действиям, национальным обычаям и традициям.

Ключевые слова: *этика, традиция, обычай, ученик, сознание, поведение.*

In this passage is written that the traits of tact in the nature of every human is forming through his actions and everyday life. Written about teaching pupils of 6-grades to courtesy, humanity, kindness, generosity, civilized actions, national customs and traditions.

Keywords: *tact, customs, student, consciousness, behavior.*

Адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын, аялы нұр көрсететін ұлттық мінезді ақкөңілділік мінез дейміз. Ол ұлттық әдептің ақжарқын айқын көрінісі.

Ақкөңілділік мінез өзара сыйласымнан, жайдары жарасымнан, ақниетті әрекеттерден, жақсылыққа құштарлықтан, жанашырлық әрекеттерден пайда болатын әдептілік.

Қазақ халқы «бір үйде қанша болсаң, бір – біріңе мейман боласың» деп өзара сыйласымды ақкөңілділікті талап етеді. Ақкөңіл адам, әсіресе, өз жақындарына деген ақжарқын сүйіспеншілікті көрсетіп, ақкөңілділік мінезді әдеппен көрсетеді.

Ақкөңіл адам ақниетті әрекеттерімен ақкөңілділік мінез нұрын шашады да, сүйіспеншілікке бөленеді, жақсылыққа құштарлығымен айналасындағы адамдарға адамгершілік қуат береді. «Өзіңді - өзің жаттай сыйла, жат өзінен түңілсін» деп, ақкөңілділік мінездің сыйласымдық мәнін халық жоғары бағалайды.

Халық «ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды», «ақылды көңілі ақ болады, оған абырой мен бақ қонады» деп, бұл мінезден үлгі алуды уағыздайды. Ақкөңілді тұлғаларды насихаттап, олардың өнегесін жас ұрпаққа үйретуді мақсат тұтады. Халықтық тәлімде Қожанасырдың ақкөңілділігі, Жиреншенің ақниеттігі жас ұрпаққа үлгі - өнеге ретінде пайдаланылады.

Жеке тұлғаның тұрмыс – тіршілігі, әлеуметтік ортадағы орны, ақыл-ойы, салт-санасы, әдепті көргенділігі оның ақкөңілділік мінезін қалыптастырып, ұлттық ұлағатты әдептілік қасиетін толықтайды.

Қоғамдағы іштарлық, менмендік, тәкепарлық мінездер ақкөңілділік мінездің шырқын бұзып, шын бойына батқанымен, ақкөңіл адам ол келеңсіз қасиеттермен үнемі күресуде болып, оларды жеңіп отырады. Ақкөңілділік мінездің әдептік асыл қасиеттерін ашып көрсетіп, ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, оны, дәлелдеу, сезіндіру тәсілдерімен тәрбие ісіне пайдаланамыз.

Мына тақпақты жаттап ал:

ҮЛГІЛІ БАЛА

Ақкөңіл ашық күлімдеп,
Анашым сүйсе «Күнім!» деп,
Анадан қуат аламын:
Артады ойым, талабым.

Өнерлі апа, ағаның
Өзінен үлгі аламын:
Жақын боп барлық адамға,
Жадырап жүрем әманда...
Мен – үлгілі баламын.

Тапсырма:

1. Ақкөңілді мінездің әдебін тізіп жаз.
2. Ақкөңіл мінез қалай қалыптасады?

2. Әдепті мінез әдебі

Әдептілікті, кісілікті, әдеппен сөйлеуді, әдеппен қимылдауды, имандылықты, ұлттық әдеп нышандарын көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін арттырып, бейнесін бедерлейді.

«Әдептілік - әдемілік» деп халық әдептілікті уағыздайды. Баланың әдептілік мінезін қалыптастыру үшін халық оның тілі шыға бастағаннан – ақ «жаман» мен «жақсыны» ажырата көрсетіп, мінезіндегі әдептілікті үйретеді.

Әдептілік мінездің бір тірегі – кісілік. «Үлкенге - әдеп, кішіге - ізет» деп, халық кісілікті жоғары бағалайды. «Ортадан да, кішіден де кішімін, Ұлымын деп көрсетпеген қысымын» деп, Мұқағали ақын кісіліктің

(кішіліктің) ұлттық (рулық) мәнін ашып айтады. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп халық кісілік - адам мінезіндегі құнды құбылыс екенін уағыздап, жастарды да үлкендерді де кісілікке тәрбиелейді.

«Көп сөйлеп, созбайын, әдептен озбайын» деп Абай ақын әдеппен (қысқа - нұсқа) сөйлеудің өзі әдептілік екенін тіктеп айтады. Әдеппен сөйлеу, артық сөз айтпау, дөрекі сөздерді айтпау, қысқа да нұсқа сөз айту – әдептіліктің белгісі.

Әдептілік мінез әдепті іс – қимылда, бет – қимылдан да айқын көрінеді. Үлкен - кіші алдындағы ізетті қимыл - әрекет жеке тұлғаның әдептілігін көрсетеді.

Имандылық – әдептіліктің жарқын көрінісі. Иманды адам әдеппен сөйлеп, әдепті қимылдап, адам баласына тек жақсылық жасайды.

Ұлттық әдеп – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылығы. Сондықтан біз қазақ халқын (жалпы алғанда) әдепті халық дейміз. Әдептілік мінездің үлгілерін әсерлеп көрсетіп, ұрпақты әдептілікке баулимыз.

Мына тақпақты жаттап ал:

ӘДЕПТІ БАЛА

Кішіге қамқор боламын,
Кісінің тілін аламын,
Мейірлімін адамға:
Мен - әдепті баламын.

Тапсырма:

1. Әдеп туралы түсінігіңді жаз.
2. Мінездегі әдептерді тізіп жаз. (Мінездегі әдептер:)

3. Байсалдылық мінез әдебі

Асықпауды, аңғарымпаздықты, ақылға сенуді, сабырлы әрекетті, түбін ойлауды көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін биіктетеді.

«Байсалды болса мінезің, бақыттысың сен өзің» деп, халық байсалды мінезді жоғары бағалайды. Асықпай сөйлеу, абайлап қимылдау, жылы шыраймен «салмақтылық» көрсету арқылы жеке тұлға өзінің байсалдылығын (ақылдылығын) көрсетеді. Сезімтал жастар мұндай мінезден үлгі алады.

Байсалды мінез аңғарымпаздықты көрсетеді. Байсалды мінезді тұлға әр нәрсенің «байыбына барып» сөйлейді, байыпты іс - әрекет жасайды. Айналасының көңіліне көркемдік құятын байсалдылықты жұрт сүйсіне қабылдап, үлгі тұтады.

Байсалды мінезді адам ақылға сүйенеді, яғни өзінің ақылдылығын көрсетеді, айналасындағыларға үлгі болады. Қиын іс - әрекетті ақылдасып атқаруды әдетке айналдырған тұлға байсалды мінезі арқылы басқалардың бағдарын жөнге салып отырады.

Әрбір әрекетін сабырлықпен баптайтын байсалды мінезді адам өз мақсатына жетіп, тындырымды іс - әрекет жасайды.

Байсалды мінезді адам әрбір іс - әрекеттің түбін (нәтижесін, жеңісін, жемісін) ойлайды.

«Жеті рет ойлап, бір рет піш», «асықпаған арбамен қоян алады», «күшіңнің жеңгенін айтпа, ісіңнің өнгенін айт», «асыққан – сайтанның ісі» деп халық ұрпағын байсалдылыққа тәрбиелейді.

Байсалдылық мінез – қазақ халқының тектік қасиетін көрсетеді. «Аялдап, артын ойла, түңілмей, түбін ойла» деп қазақ халқы тарихи жеңістерге байсалдылықпен жетті. Байсалдылықты жалынды жстар өнеге тұтады.

Мына тақпақты жаттап ал:

АҒАНЫҢ ҮЛГІСІ

Ағамның байсалды
Мінезі ой салды:
Ол іске сайланып,
Істейді ойланып.

Байқайды кемісті,
Әр ісі – жемісті.
Байыпты ағаның
Үлгісін аламын.

Тапсырма:

1 «Байсалдылық», «байыптылық» туралы түсінік жаз.

4. Бауырмашылдық мінез әдебі

Жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымақтығынан, мақтанышы-

нан пайда болатын бұл ұлттық мінез оның адами асыл қасиетін көрсетіп, беделін арттырады.

Отбасындағы әрбір тұлға бір – біріне бауырмашыл болады. Ағайындардың бір – біріне көрсеткен мейір – шапағаты олардың адамгершілік абыройын арттырады. Бауырмашыл жандар жанұяға жарқын нұрын төгіп, бейіл – берекені арттырады. Ағаның ініге, қарындасқа деген, әпкенің ініге деген, сіңілге деген бауырмашылдылығы күннің шуағындай әсер етіп, татулық татымын арттырып, бақыт бағына ендіреді.

Бауырмашыл адам қайырымды болады. Ол жақын адамдарға әрқашан көмек көрсетіп, қиындығын бөлісіп, шаттығын бірге көреді. Үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейір – шапағатын арттырады.

Бауырмал адам үлкенге де, кішіге де, досқа да, жолдасқа да, жалпы адамзатқа қамқоршы болады. Ата – ананың балаға деген қамқорлығы, баланың ата – анаға деген қамқорлығы қазақ халқында ұлттық тәрбие арқылы қасиетті әрекет ретінде қалыптасқан.

Отбасының әрбір мүшесінің бір – біріне деген сүйіспеншілігі «әкетайым», «анашым», «ағатайым», «әпкетайым», «айналайын», «алтыным», «күнім» деген сөздер арқылы әдептілікпен әдемі сезіліп, бауырмашылдық мінезді қалыптастырады.

Жанұядағы ынтымақ бірлікті арттырып, жемісін беріп, әрбір бауырмашыл адамның мақтаныш сезімін қалыптастырады. «Ырыс түбі – ынтымақ» дейді халық. Бауырмашылдық мінез отбасы мүшелерінің ынтымағын арттырады.

«Адам – бауырың» деп, қазақ халқы бауырмашылдыққа үндейді. Біз әсерлі мысалдар мен тәлімді тәсілдер арқылы ұрпақты бауырмашылдыққа тәрбиелейміз.

Мына тақпақты жаттап ал:

БАУЫРЛАСТАР

Аялаған, ағамыз,
Арта берсін бағаңыз.
Сағындырған апамыз:
Саяңызға жатамыз.

Айналайын ініміз –
Айымыз да, күніміз.
Ақкөңілді қарындас –
Ағайынбыз бауырлас.

Тапсырма:

1. Бауырмашылдық туралы өз түсінігіңді жаз.
2. Өзіңнің бауырларың туралы, оларды қалай сыйлайтының туралы жаз.

5. Даналық мінез әдебі

Данышпандықты, біліктілікті, көрегендікті, ақыл парасатын, кішіпейілділікті, ұлылықты көрсететін бұл қасиетті ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін өсіріп, бейнесін көрсетіп, басқалардың әдептілігін арттырады.

Данышпандықпен өмір заңдылықтарын, философиялық ой түйіндерін дәлелдей баяндап, түбегейлі түйінді шешімдерін баян етіп, данышпан адам әлеуметке әл береді, адамға ақыл береді, кәрі – жасқа әдептік тәлім береді.

Даналық мінезді, көбінесе, жеке тұлғаның біліктілігі қалыптастырады. Дана тұлға «мен білемін» деп кеуде қақпайды, білетінін әсерлі әдеппен, ұлылықпен, ұлағаттылықпен ұғындырады. Ол көп біледі, біле беруден жалықпайды, білгендерін айналасына әр түрлі тәсілдер арқылы әдеппен үйрете біледі. «Білген адам білдім демес, білдім десе, білгені емес» деп, халық дана мінезді адамның қазақи қасиеттерін жоғары бағалап, өнеге тұтады.

Жеке тұлғаның көрегендігі оның даналық мінезінен айқын көрінеді. Өмір қисындарын өрнектей баяндап, даналық шешім айтатын адамның ойы – терең, сөзі өткір.

Даналық мінезі қалыптасқан жеке тұлғаның ақыл – парасаты айналасына нұрын шашып тұрады. Оның сөзі қисынды, ойы терең, іс - әрекеті әдепті, үлгілі болады.

«Ұлық болсаң, кішік бол» дейді халық. Даналық мінезді адам кішіпейілді болады. Кішіпейілділік пен ақыл парасаты даналық мінезді тұлғаның бейнесін сүйінішті сүйіспеншілікке бөлейді.

Даналық мінез жеке тұлғаның ұлылығын көрсетеді. Ұлы бейне әрі шешен, әрі көсем, әрі көреген, әрі нағыз әдепті адам болады. Ол ашуды да, қиындықты да, күресті де, тіресті де даналықпен жеңеді. Одан бәрі үлгі алады. Даналық мінездің сол қасиеттерін өнегелі мысалдар арқылы әсерлі жеткізіп, оны ұрпақтың бойына сіңіреміз.

Мына тақпақты жаттап ал:

ДАНАЛАРДАЙ БОЛАМЫН

Данышпанның – ұлының,
Даналардың ғылымын,
Үлгісі мен ілімін,
Үйренемін білімін.

Өнерлі жас баламын:
Өсиетін дананың,
Өнегесін бабаның
Өзім жаттап аламын

Дарынды жас баламын:
Даналардай боламын..

Тапсырма:

- 1 Абай дананың өсиеттерін тізіп жаз.
- 2 Даналық туралы мақал-мәтелдерді тізіп жаз.

6. Жомарттық мінез әдебі

Мейрімді, қамқор, қайырымды, көпшіл, иманды, жанашыр, кеңпейілді адамның бұл ұлттық мінезі құттылығымен қуанытып, жұрттың рухани сезімін оятады.

Жомарт адам, әсіресе, отбасына, отанына мейірімді. Мейір шапағатымен айналасына арайлы таңдай әсер ететін бұл мінез – қазақ халқының жомарттығын көрсетеді.

Халқына халі мүшкілдерге, табиғатқа қайырымды жомарт адам, қолынан келгенінше тек жақсылық жасайды. «Ақ көңілдінің аты азбайды, тоны тозбайды» деп, халық жомарт адамның ақкөңіл адамның мінезін жоғары бағалап, оны сыйлайды.

Ата-анаға, бала-шағаға, елге қамқоршы болып, жомарт адам көмек көрсету мақсатын орындайды. Қамқоршы болу міндетін орындау үшін, еңбек етіп «барым миятым-арым ұятым» деп, ар-ұяттылық, әдептілік өнегесін көрсетеді.

Жомарт адам, адам талғамайды, барлық адамды бірдей көреді. «Адам да – құдірет де:

әманда құрметте» деп, көңілі барлық адамды құрметтеуге жарқын, құшағы ашық болады.

Жомарттық, имандылық ұштасып, жеке тұлғаның ашық-жарқын бейнесін паш етеді. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік жомарт адамның бейнесін көрсетіп, беделін арттырады.

Жаны жайсаң, жанашыр жомарт адам, адамға, айналаға, табиғатқа жанашырлық жасап, игілік істерімен басқаларға үлгі-өнеге көрсетеді, сүйіспеншілікке бөленеді.

Кеңпейілді, жомарт адамда қызғаныш болмайды. Адал жүректі, ақпейіл адамның елге де, ерге де пайдасы мол болып, халықты ризашылыққа бөлейді. «Жомарт жоқ демейді, бергенін көп демейді» «жоқ жомарттың қолын байлайды», «жомарттың қолы береке» деп, халық құтты мінезді құрмет тұтады. «Атымдай жомарт» деген аңыз арқылы халық жомарт мінезді жастардың ұлттық қасиетінің бірі – жомарттық деп көрсетіп, ұрпағын жомарттыққа үйреткен.

Мына тақпақты жаттап ал:

САЛ ЖОМАРТ

Қамқоршы, қайырымды,
Мейірлі, мейірімді,
Жанашыр, кеңпейілді –
Жомарт жан – ең зейінді.

Көмегін аямаған,
Көп жанды аялаған,
Сан адам саялаған –
Сал жомарт – аяулы адам.

Тапсырма:

- 1 Жомарт адамға қысқаша мінездеме жаз.
- 2 Жомарттық туралы мақалдарды теріп жаз.

7. Зиялылық мінез әдебі

Әдептілікті, біліктілікті, қайырымдылықты, ұлтжандықты, ұлағаттықты, мәдениеттілікті білдіретін бұл ұлттық мінез көбінесе зиялы қауымда болады.

Ұлттық тілде сөйлеген сөзі де, іс-қимылы да, жүріс-тұрысы да, қарым-қатынасы да әдептілікті көрсетеді. Зиялы адам- ұлттық әдепті бойына сіңірген «әдемі адам».

Зиялылық біліктіліктен пайда болады. Ол білгенін басқаларға үйретуден жалықпайды.

«Білген адам білдім демес, білдім десе білгені емес» деп, халық зиялы қауымның үнемі білгенін дамытып отыратынын, үлгі-өнегесін уағыздайды.

Зиялы тұлға қайырымды, мейірімді болады. Ол басқаларға барынша жақсылық жасауға тырысады. «Басшы болса зиялы, елге нұрын құяды» деп, халық зиялы тұлғаның мәртебесін уағыздайды.

Ұлағатты іс-әрекет жасап, ұрпаққа үлгі-өнеге көрсететін зиялы тұлғаны «елдің ері-зиялы, ел үшін жанын қияды» деп, халық құрметтейді.

Зиялы адам – ұйымшыл. Ол ұжымдағы барлық әрекетке басшы болып, ұйымдастыра біледі. Ұжымының бір мүшесі ретінде әрбір істі жауапкершілікпен орындайды.

Зиялы адам-мәдениетті. Ол ұлттық мәдениетпен өнерді жақсы біледі. Мінез мәдениеті, сөз, тұрмыс мәдениеті бойынша, ол басқаларға үлгі көрсетеді. Әрбір әдепті тұлға зиялы жаннан үлгі ала білу керек.

Мына тақпақты жаттап ал:

ЕЛ ҚАМҚОРЫ – ЗИЯЛЫ

Көпшілікке бұл кісі
Көрсетеді үлгісін:
Нық басқарып тірлікті,
Нығайтады бірлікті.

Ел қамқоры – зиялы,
Ел үшін жан қияды.
Елін сүйген баламын:
Ағамнан үлгі аламын.

Тапсырма:

1. Зиялы адам деп кімдерді айтамыз? Жауап жаз.
2. Зиялы қауымның ерекшеліктері туралы тізіп жаз.

8. Имандылық мінез әдебі

Имандылық, ізеттілік, әдептілікті, мейірімділікті, тазалықты көрсететін бұл ұлттық мінез қазақ халқының ұлттық психологиясына тән құбылыс.

Иманды адам – инабатты адам. Ол басқаның адамдық қасиетін қадірлейді, арын ардақтайды, адам баласына тек жақсылық жа-

сайды. Иманды адамнан басқалар байыппен карап үлгі-өнеге алады. «Иманы бардың – сыйламы бар» деп, халық иманды адамды сыйлау құрметін жоғары бағалайды.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деп, халық имандылық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етіп көрсетеді. «Кішілігім сыйланым, кісілігім иманым» деп, ақын кісілік үлгісі арқылы ұрпағын имандылыққа тәрбиелейді. Имандылық – адамгершіліктің арлы белгісі.

Имандылық әдептілікті көрсетеді. Ұлттық әдептілікті сақтаған иманды тұлға әдеппен сөйлейді, әдепті сақтайды, ұлттық мәдениетті құлшына құрметтеп, өзінің мәдениеттілігін (әдептілігін) көрсетеді.

Жан мен тән тазалығын, ой тазалығын сақтай білген иманды адам өзгелерге өнеге көрсетіп, сыйлау, қадірлеу, қастерлеу, жанашырлық жасау әрекеттерімен сүйіспеншілікке бөленеді.

Иманды адамның жаны таза, тәні таза, бойы таза, пиғылы таза болады. Тазалық пен тақуалықтың арқасында, денсаулығы мықты, жансаулығы құтты болады. Діни қағидалардың тәрбиелік мәніне зер салып, оны тәлім-тәрбиеге қолдана білетін, адамдық асыл қасиетті тұлға, басқаларды да бақытты болуға баурайды.

Мына тақпақты жаттап ал:

АҒАМДАЙ БОЛАМЫН

Ағайым – әдепті:

Жұрт сыйлау – әдеті.

Тазалық – бойында,

Жақсылық – ойы да.

Алтыным – інім! – деп,

Тұрады күлімдеп.

Мен де өсіп, толамын:

Ағамдай боламын.

Тапсырма:

1. Имандылық туралы өз түсінігіңді жаз.
2. Имандылық туралы мақал-мәтелдерді тізіп жаз.

9. Кісілік мінез әдебі

Кісілік – инабаттылықты, имандылықты, әдептілікті, ізеттілікті, салауаттылықты, сабырлылықты, қайырымдылықты көрсететін (қазақи) ұлттық мінез.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсететін, ұлттық сыйласымды бойына сіңіріп, инабаттылығын танытқан адам – нағыз қазақ.

Кісілік имандылыққа да байланысты. Иманды жан адам баласына, табиғатқа, жан – жануаларға тек жақсылық жасайды. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деп, халық баласын кісілікке тәрбиелейді.

Ұлттық әдепті бойына сіңірген «кісі» әдепті (мәдениетті) жоғары бағалайды, өрендерді әдептілікке баулиды. «Әдептілік – әдептен, әдеп біліп әдеттен» дейді.

«Кісімсіген кісі болмас, кішірейген кіші болмас» деп, қазақ халқы кісілік мінезді адамның кішіпейілді болатынын үлгі – өнеге етіп көрсетеді, «ұлық болсаң, кішік бол» дейді.

Кісі болған (кәмелетке толған) адам салауатты болады. Ол ішкіліктен, темекі тартудан аулақ болып, жан тазалығын, тән тазалығын сақтайды, артық сөз сөйлемейді, іс-тәртібін қалыптастырып, оны бұлжытпай орындайды. Сөз мәдениетін, жүріс-тұрыс мәдениетін сақтайды.

Кәмелетті кісі «Сабыр! Сабыр! Сабыр!» деген қағиданы өзінің кісілігіне кір келтірмейтін әдет-ғұрыптарды қатал орындайды, беріктігі мен бектігін көрсетеді. Кісілік – ұлттық әдептің негізі болып табылады.

Мына тақпақты жаттап ал:

КІСІ

Әдеп болса кішілік,

Әдеп басы – кісілік.

Кішілікте – сый, рәсім,

Кісілікте – сыйласым.

Жан азығы – жақсы үміт,
Жасайтыны – жақсылық,
Көркем ойы – толымды:
Көрсетеді жолыңды.
Ұлы, сыйлы кісі - ол:
«Ұлық болсаң, кішік бол!»

Тапсырма:

- 1.«Кісі, кісілік» туралы өз түсінігіңді жаз

ӘОЖ 8.82-1.82-14

Т.С. Тебегенов

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі, ҚР Жазушылар
Одағының мүшесі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі*

ТАНЫМАЛ КЕЙІПкерлердің Ұлттық, Көркемдік-Эстетикалық Тағылымы

Мақалада әлем халықтарының фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларындағы басты кейіпкерлерінің халықтық қабылдау ықыласына ие болған психологиялық құбылысының ықпалы айтылған. Басты кейіпкерлердің ұрпақтан ұрпаққа танымал болуынан қалыптасқан ұлттық және жалпы адамзаттық дүниетаным ортақтық ерекшеліктеріне бағалаулар жасалған. Қазақ халқының ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлерінің, эстетикалық көзқарастарының танымал кейіпкерлер арқылы сақталып келгендігі қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елі жаңа тарихындағы ұрпақтарға жалғасқандығы бағаланған.

Түйін сөздер: *фольклор, халықтық, ұрпақ, салт-дәстүр, тарих, әдебиет.*

В статье говорится о народном фольклоре населения и о психологическом влиянии главных героев художественных литератур. Оцениваются особенности национальной и человеческой мировоззрения главных героев, которые оставляются с поколения к поколению. Главные герои сохраняют эстетические взгляды национально-этнографические традиции. Тем самым, оцениваются продолжения поколения, новой истории, Независимого Казахстана.

Ключевые слова: *фольклор, национальность, поколения, обычай, история, литература.*

The article says about the folklore of the population and the psychological impact of the main characters of fiction. Estimated characteristics of the national and world human protagonists who are left with one generation to another. The main characters retain aesthetic views of the national ethnographic tradition. Thus, the estimated continuing generation of modern history, the Independent Kazak Eli.

Keywords: *Folklore, ethnicity, generation, custom, history, literature.*

Сөз өнері мұралары – адамзат тарихының көркем шежіресі. Фольклор мен әдебиеттің ғасырлар бойы қалыптасқан үлгілері – адамзат ақыл-ойының көрсеткіштері. Шығармалардың оқиғалары, олардағы кейіпкерлердің тағдырлары арқылы ұрпақтардың дүниетаным көзқарастары танылады. Сөз өнері шығармаларындағы кейіпкерлер – халық тұрмысының айнасы, тарихи шындықтың көркемдік жинақтау заңдылығымен бейнелеудің көрінісі. Бұл орайда, фольклор мен әдебиет мұра-

ларындағы кейіпкерлердің барлық ғасырлардағы адамдардың жан дүниелерінен белгілі дәрежеде берік орын алатыны да ақиқат. Кейінгі ұрпақтардың да оқырмандық ықыласына ие болатын шығармалардың кейіпкерлері де адамдардың тұрмыстық – әлеуметтік психологиясы аясында сақталады, ұмытылмайды.

Қазақ фольклорындағы халқымыздың санасынан мәңгілік орын алған кейіпкерлер өмірге жаңа келіп жатқан ұрпақтардың есімдеріне айналды. Қазақ ертегілерінің Күнікей

(«Күн астындағы Күнікей қыз»), Кендебай («Кендебай батыр»), Ерназар, Кенжекей («Ер Төстік»), батырлар жырларындағы (Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Тарғын, Қарлыға, Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, т.б.), лиро – эпос дастандарындағы (Баян, Жібек, Айман, Шолпан, Таңсық, Қозы, Қодар, Сарыбай, Қарабай, т.б.) кейіпкерлер қазақтың ататек – анатек ұрпақтары жалғастығы жүйесіндегі тұрақты қойылатын есімдерге айналғаны мәлім. Бұл – сөз өнері шығармаларындағы халықтық – эстетикалық дүниетаным тұтастығының болмысы.

Әдеби кейіпкерлер – сөз өнері мұраларындағы халықтың психологиялық, әлеуметтік дүниетанымын ұлттық – этнографиялық дәстүрлерін танытатын тұлғалар. Сондықтан, фольклор мен әдебиет туындыларындағы кейіпкерлердің тұрмыстық – әлеуметтік қарым – қатынастар аясында ұмытылмас есімдерге айналғаны да дәстүрлі жағдай болып қалыптасты.

Құран Кәрім кітабындағы бір жүз он төрт сүредегі аяттарда орын алған сюжеттер (Қараңыз: Құран хикаялары. – Алматы: Жалын 1992, -224 б.) ізімен әлем әдебиеттеріндегі талай шығармалардың нәзиралық үрдіспен дүниеге келгені белгілі. Адам Ата, оның екі ұлы Қабыл мен Абыл, Нұх, Ибраһим, Сымайыл, Жақып, Жүсіп, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Мәриям, Зұлқарнайын, т.б. тұлғалар Құран Кәрімде баяндалған оқиғалар ізімен әртүрлі жанрлардағы туындылардағы әдеби кейіпкерлерге айналды. Ал, Мұхаммед Пайғамбарымыз, оның әкесі Ғабдолла, анасы Әминә, зайыбы Хадиша және қыздары Рахима, Зейнеп, Гүлсім, Фатима, Махбүбі, жастай қайтыс болған ұлдары (Әбілқасым, Таһир) туралы тарихи оқиғалар негізінде баяндалатын шығармалар да мол. Мұхаммед пайғамбарымыздың сахабалары (Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли т.б.) туралы оқиғалар да көптеген шығармаларға арқау болып келеді. Яғни Құран Кәрім кітабындағы сюжеттер мен Ислам тарихына арналған оқиғалар бойынша жазылған әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрлары шығармаларының

кейіпкерлері халық жадына әбден сіңісті болып қалыптасты. Құран Кәрім кітабындағы және ислам діні тарихына байланысты шығармалар кейіпкерлері мұсылман халықтарының бұрынғы, қазіргі және болашақтағы оқырмандарының мәңгілік сүйікті кейіпкерлері болып қала беретіні ақиқат.

Түркі өркениеті ескерткіштеріндегі (VI – VIII ғ.ғ.), IX – XI ғ.ғ. (Қорқыт Ата, Әбунәсір Әл – Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, т.б.), XII – XVIII ғ.ғ. (Сыпыра, Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар т.б.) ақын – жыраулары поэзиясындағы лирикалық кейіпкерлер де әдеби дамудың көркемдік жалғастығын дәлелдеді. Ал, XIX – XX ғ.ғ. қазақ әдебиеті дамуындағы лирикалық, эпикалық кейіпкерлер ұлттық және әлемдік әдеби даму сабақтастығын танытты. Дулат, Махамбет, Шортанбай, Сүйінбай, Базар, Мұрат, Майлықожа, Әсет, Біржан, Ақан, Шәңгерей, Шәді, Ақыт, Тұрмағамбет, т.б. ақындар шығармаларындағы лирикалық қаһармандардың сыншыл және дидактикалық – философиялық болмысы халықтың шынайы қабылдау ықыласына ие болды. Ақын – жыраулар шығармаларындағы лирикалық кейіпкерлер аттарынан айтылатын авторлық толғаныстар халықтық тәлім – тәрбие мұраттарының насихат құралы болды, жыршы – термешілердің орындауы арқылы үнемі тыңдаушыларының ынталы ықыласына орай жырланып келеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық әдебиетіміздің туындылары қоршаған әлеуметтік орта шындығын көркемдік таныммен қамтыған сипатымен айқындалды. Хакім Абайдың, оның көркемдік дәстүрі ізіндегі Шәкәрімнің, Мағжанның, Ахметтің, Жүсіпбектің, Міржақыптың, Сұлтанмахмұттың, Бернияздың, т.б. ақын – жазушылардың туындылары классикалық үрдіс тұғырының ұлттық топырақтағы сымбатын қалыптастырды.

Хакім Абайдың шығармаларындағы қазақ тағдыры үшін күйзелген, тебіренген ли-

рикалық қаһарман тұлғасы – әдебиетіміздегі классикалық көркемдік үлгінің нақты көрінісі. Ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деп тебіренген лирикалық қаһарманының күйзелісі – ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ сөз өнері мұралары кейіпкерлеріне ортақ Азаматтық – Отаншылдық көңіл – күй психологиясының ортақ сарыны. Ақынның сатиралық өлеңдеріндегі мансапқорлар, бой күйездер, екіжүзді өсекшілер, күншілдер т.б. – бәрі де оқырмандарға, тыңдаушыларға шынайылығымен танылған поэтикалық бейнелер. Абай поэмаларындағы кейіпкерлер де өмір шындығының қайшылықтарын дәлелдеген жан жүйелік болмыстарымен ұрпақтар тәрбиесінде елеулі қызмет атқарып келеді.

Әдебиет тарихындағы көркем шығармалардың кейіпкерлерінің танымал болуы – сол туындылар халықтың зор ықыласпен жан – жүйесіне қабылдауының нәтижесі. Қазақ сөз өнері мұраларының көркемдік дәстүрі жалғастығы жүйесіндегі осы дәнекер желінің ұлағаты айқын. Көрнекті туындылар авторларының өздерінің шығармаларындағы кейіпкерлері арқылы халыққа кең танымал болуы әлеуметтік құбылысқа айналды. Мысалы, Қамар есімін естігенде – Сұлтанмахмұт, Құнанбай, Абай, Тоғжан, Әйгерім, Қарагөз аталғанда – Мұхтар Әуезов, Ботагөз, Асқар, Сұлушаш, Алтай туралы айтылғанда – Сәбит Мұқанов, Ақан, Құлагер арқылы – Ілияс Жансүгіров, Мырқымбай, Раушан, Берен дегенде – Бейімбет Майлин, Ұлпан, Ақлима, Ақтоқты айтылғанда – Ғабит Мүсірепов тұлғалары көз алдымызға елестей қалатыны ақиқат.

Дүниежүзі халықтарының да сөз өнері мұраларындағы ондаған кейіпкерлер жалпы адамзаттық ортақ рухани құндылықтар қатарында сақталып бүгінгі заманға ұласты. Гомердің «Илиадасындағы» (б.з.д. IX – VIII ғ.ғ.) басты кейіпкерлер Ахилес, Гектор, Парис, Елена, «Одиссеясындағы» (б.з.д. VIII – VII ғ.ғ.) Одиссей, Пенелопа, Телемах бейнелері ежелгі замандардан бүгінгі күндерге дейін әрбір жаңа буын оқыр-

мандардың жүректерінен берік орын алумен келеді. Дон Кихот пен Санчо Панса Испания жазушысы Сааведра Мигель де Сервантесті (1547-1616), Шерлок Холмс ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлды (1859-1930), Отелло, Дездемона, Ромео, Джульетта ағылшын жазушысы Уильям Шекспирді (1564-1616) ойымызға түсіреді. Демек, көркем шығарма кейіпкерінің танымалдылығы – сол туынды авторының да таным кепілі.

Әдебиет тарихындағы көркем шығармалардың кейіпкерлерін күнделікті тұрмыстық – әлеуметтік ортадағы тектес адамдарға баламалай сөйлеу үрдісі де мәлім. Бұдан әрине, сол туындылардың халықтық қабылдауға ие болған шынайылығын көреміз. Мысалы, Ф.М. Достоевскийдің Раскольникові, А.С. Пушкиннің Татьянасы, Онегині, М.Ю. Лермонтовтың Печорині, Бэлласы күнделікті тұрмыстағы осындай тағдырлы адамдарға баламаланып айтылады. Қазақ әдебиетіндегі Бейімбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінің осы тақырыбы да, ондағы кейіпкері де қазіргі уақытта да сол шығарма оқиғасымен үндес мәселелерге байланысты тұрақты қолданылып жүр. Бейімбеттің «Гүлденге ауыл – гүлденеміз бәріміз» атты өлеңінің осы тақырыбы да, ондағы лирикалық кейіпкер толғаныстары қазіргі заманғы мемлекеттік қоғамдық – әлеуметтік көзқарастарға арқау болып жиі айтылады. Ал, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің лирикалық өлеңдері мен эпикалық шығармаларындағы кейіптеулік, символдық бейнелеулер (дала, тұлпар, арғымақ, сәйгүлік, домбыра, аққу, сұңқар, қыран, т.б.) романтикалық, ұлттық-этнографиялық сарындардағы шығармаларға дәстүрлі жалғастықпен қолданылуда.

Қазақ әдебиеті тарихына қайта оралған арыстарымыздың кейіпкерлері Батыр Баян, Кенесары – Мағжанды, Қартқожа, Ақбілек – Жүсіпбекті, Жамал – қазақты оянуға шақырған лирикалық қаһарман-ақын Міржақыпты халқымыздың оқырмандық қа-

былдау әлеміне енгізді. Әрине, ұзақ жылдар бойы қазақ оқырмандарына беймәлім болып келген алыптар шығармаларының ұрпақтар жадына орнығуы жолындағы насихаттың кеңейе тереңдей түсуі тиіс.

Қазіргі қазақ әдебиетінде халықтың дүниетанымын осылайша жаулаған, көңіл-күйді баураған, тұрмыстық қарым-қатынастар жүйесінде сөйлеу тілінің баламалы оралымдарына айналған кейіпкерлер бар ма? Қазіргі қазақ әдебиетіндегі поэзия, проза, драматургия салаларындағы шығармалар шоғырында халықтың қабылдау ықыласына ие болған кейіпкерлер кімдер? Әрине, бұл сұрақтарға жауаптарды миллиондаған оқырмандар бере алады. Біз бұл сұрақтарды ой-түрткі ретінде ғана айтып отырмыз.

Қазақ жастарының 1986 жылғы ұлттық-азаттық бағдарындағы көтеріліс тұрпатты бас көтеру оқиғасынан кейін (90-жылдардың ортасына дейін) ақын Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» атты жыры ән-өлең түрінде қазақ ауылдарындағы, қалалардағы тойларда, ойын-сауық кештерінде – мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы мәдени-әдеби бас қосуларда үнемі орындалды.

Тіпті осы ән-өлеңнің әуенімен тойға, кештерге қалыптасушылар түгел билейтін. Символдық өлеңдегі астарлы, меңзеулі бейнелі сөздер, тіркестер жұртшылдықтың ішкі жан дүниесіндегі көңіл-күйді жеткізген еді. Меңзеулі мағыналы «қасқалдақ» сөзімен қазақтың ұлттық рухы, «сиреп кеткен тоғай», тіркесімен әлсірей бастаған ұлттық діл, ата-бабалық айбын бейнеленді. Өлеңдегі «сазың», «ұя», «айдын», «көл», «босаға» сөздерінің ортақ поэтикалық мағынасы – қазақтың атамекені, шекараларын ата-бабалар белгілеген, қорғаған кең – байтақ даласы. «Адасып келген шүрегей» тіркесі мен «басқаға» сөзі арқылы Қазақ Жерін, халқымызды басқа мемлекеттен келіп иеленген, билеп-төстеген жатжұрттық-империялық отарлау басқару жүйесінің озбыр өкілдері бейнеленді. Лирикалық шығармадағы кейіпкерлердің қазіргі кездегі халықтық-демократиялық ойлау мен сөйлеу жүйесіндегі

өміршен болмысын осы шағын туындыдағы романтикалық сипатты лирикалық қаһарман толғанысы арқылы тануға болады:

Қара бауыр қасқалдақ, қай жаққа
ұштың пыр-пырлап?

Сазың қалды сәбидің еңбегіндей
былқылдап.

Қара бауыр қасқалдақ, қасқалдағым,
кері қайт,

Сиреп кеткен тоғайға «Қамықпа!»
деп көңіл айт!

Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол
қайғы,

Адасып келген шүрегей көлдің сәні
болмайды.

Өз босағаң бұл жердің тауы, белі,
төбесі,

Босағасын басқаға тастай ма екен, о
несі?

Қасқалдағым, кері қайт!
(Раушанов Есенғали. Шолпан жұлдыз туғанша: Өлеңдері мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988, -27 бет)

Қазіргі уақыт – Қазақ халқының әлемдік өркениет деңгейінде ұлттық болмысын кемелдендіре танылуға ұмытылыс сәті. Мемлекетшілік, мемлекетаралық қарым-қатынастарда, материалдық және рухани мәдениет салаларының барлығында қазақша жазуды, сөйлеуді толық қалыптастыру үшін қазақ әдебиеті тарихының бұрынғы, қазіргі туындылары кең көлемде насихатталуы күшейтілуі тиіс. Ұлттық рухты көтеруде көркем әдебиеттен артық қуатты құрал жоқ. Ұлт әдебиетінің ұстаздары Абайдың «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба!» Ыбырайдың «Қатарың кетті-ау алысқа – ай, ұмтылыңыз қалыспай!», Міржақыптың «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты», «Қазағым, енді жату жарамас-ты» деген шақырулар айтқан лирикалық қаһармандары бар шығармалар бүгін де, ертең де керек.

Бұл орайда, жекелеген көрнекті қаламгерлеріміздің кейіпкерлері ақыл-ой биіктіктерін игерген, бостандық, азаттық күресі жолындағы қайсарлығын, айбындылығын жоғалтпаған сипаттарымен бейнеленгендігін

үлгі етіп ұсына аламыз. Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романындағы басты кейіпкер Едіге – қазақтың ежелгі және қазіргі тарихын сабақтастыратын ата-бабалардың ерлік, елдік қасиетті дәстүрлерін, рухани мұраларын ұлтшыл сезіммен зерттеуші жас жігіт. Ол – әлемдік мәдениет қазыналарының бәрін кең қамтып оқу, меңгеру жолындағы жігерлі ізденуші. Едіге – өзін, яғни қазіргі заманғы жас қазақтың шығармашылық мұратын отаншылдық ұлттық ұлы мақсат тұрғысында бағалайтын адам. Жазушының бұл кейіпкері – қазіргі қазақ жастары ұстануы тиіс ұлттық мүдде тұғынамасы көзқарастары жинақталған тұлға. Оның ішкі монологтары да іс-әрекеттерінің бағдарын аңғартады: «Менімше өнер адамы қанша бергенімен ғана емес, өз мүмкіндігін қаншалық іске асырғанымен де бағалануы тиіс. Өйткені талант – табиғат сыйы, бойына талант дарыған жан – пайғамбар іспеттес, оған ерекше миссия жүктелген; оның өмірі өзінікі емес, елінікі, сондықтан күйкі тірлікпен күн өткізбей, бойындағы бар күшін ретімен, қажетті істерге ғана жұмсап, ақылы мен білімін, талантын бір-ақ мақсатқа-халқына қызмет ету жолына ғана бағыштауы тиіс; өзінің бойында үлкен қабілет барын біле тұра бос шашылған адам - қылмыскер; ондайлар тамұқ отына қақталып, Отанын сатқан азғындармен қатар жаза шегуге лайық» (Мағауин М. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1990. Т.І: Өңгімелер, роман, 263-бет).

Қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларының кейіпкерлері-әлемдік өркениеттегі материалдық және рухани мәдениет қазыналарын жан-жақты оқып игерген, халқымыздың ата-бабалар қалыптастырған сан мыңдаған жылдардан жеткен асыл дәстүрлерін мәңгілік болашаққа жалғастырушылар. Мұхтар Мағауин романының бас кейіпкері жиырма үш жастағы аспирант Едіге шығармашылық өнер жолын жүздеген шақырымдары бар марафонға баламалайды, қазақ жастарының осындай әлемдік бәйгеде қалай да озық бо-

луы керектігін айтады: «Ал, өнер жолы – қартайдым деп отыз жасында саптан шығатын спринтерлік те, стайерлік те дистанция емес. Ол – сенің бүкіл өміріңе созылған әлденеше жүз шақырымдық марафон. Ол – өзің өлген соң рухың, тіршілікте жазған шығармаларың одан ары жалғастыратын мыңдаған, он мыңдаған, миллиондаған шақырымдық марафон. Кім шыдамақ оған? Кімнің рухы соншама сынға төзбек? Шыдағандар, төзгендер болған. Орыста, немісте, ағылшында, французда. Ал, қазақта ше?... Ұмыттық. Жоқ. Бірақ мен –ерекше туған адаммын. Менің ойымда Елтеріс, Естемирлер, Күл Тегіндер заманындағы көшпенділердің қаны бар. Құла-Шора дегенді естіп пе ең? Естіген жоқсың. Мен солмын» (аталған кітаптың 352-беті).

Міне, бүгінгі әдеби шығармалардың кейіпкерлері де, прототиптері де осындай ұлттық өршіл пиғылдағы мінез-құлық психологиясымен оқырмандарына серпіліс ықпалын жасайтын кейіпкер-тұлғаларымен даралана танылғаны керек.

Қазіргі қазақ поэзиясының лирикалық қаһарманын біз ақын Темірхан Медетбектің «Көк түріктер сарыны», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Махамбет рухының монологы» және т.б. шығармаларындағыдай ұлттық көңіл - күй сарыны айбынды романтикалық кейіпкер сипатында көргіміз келеді. Темірхан Медетбек ақынның шығармаларындағы лирикалық қаһарман қазақ халқының сонау арғы Күлтегіні, Тоныкөгі, берідегі Абылайы, Кенесарысы, Махамбеті болып тұлғалана танылады. Ақынның лирикалық қаһарманы, Махамбет рухының бүгінгі ұрпақпен тұтасқан тұлғасы сипатымен айбарлана толғайды:

Бостандық алған елімнің,
Асып тұрды айбары.
Күміс болды құйылған,
Қыздарымның тұлымы.
Алтын болды құбылған,
Ұлдарымның айбарлы.
Мен Махамбет Рухы!
Азаттығымен елімнің,
Мен осылай табыстым.
Мен осылай қауыштым!

(Медетбек Темірхан. Махамбет рухының монологы // Ана тілі, №24, маусымның 19-ы, Қой жылы 2003, 10-бет).

Темірхан Медетбектің кейбір өлеңдеріндегі («Құлқынның құлы», «Астан-кестен дүние») лирикалық қаһарман қазіргі әлемдегі және өз ортамыздағы жағымсыз қасиетті адамдардың, озбыр саясат қатығыстарының жалпыадамзатқа тигізіп жатқан қасіретіне, зардаптарына күйзеледі. «Құлқынның құлы» (Егемен Қазақстан №334, 27.12.2003 ж.) өлеңінде «қу құлқынға құл болған» осы заманғы көптеген пенделерге ортақ жиіркенішті қасиеттер жинақтала жырланған. Өлеңдегі лирикалық қаһарман – ұлттық ділі таза сақталған нағыз мәрт қазақтардың көркемдік жинақтаумен сомдалған тұлғасы. Ал, сыншыл тілдің поэтикалық ойдың нысанындағы бейнелерден қазіргі заманғы өз ортамызда, елімізде жүрген «мәнгүрттерді, көзқамандарды танимыз. Ақынның тілімен айтқанда халықтың қамын емес, өз құлқынын «дүниенің, қу қарынның, ақшаның кісенсіз құлы болған», ел байлығын «Жұтқан сайын жұтап жұмыры, тыққан сайын араны ашылған» осындай құбыжықтардың адамгершілік – имандылық қағидаларын таптаған зардаптары айқын суреттеледі:

Жын сияқты серуені, сейілі,
Ін сияқты тап-тар ниет, пейілі.
Ел мен жерді есіне де алмайды,
Құл адамда ес бола ма тәйірі!
Байлық үшін бәрін, бәрін ұмытып,
Батпақ құрлы санамайды тұнықты.
Күші жетсе – жүн сияқты қанарлап,
Сатар еді аспандағы бұлтты.
Мұз сияқты ызғар жатыр үнінде,
Құз сияқты ызбар жатыр түрінде
Қу құлқынның, қу байлықтың жо-
лына,

Талақ еткен тілін, ділін, ділін де,
Дүниені қарпып, обып асаған,
Қалай оны жаратты екен Жасаған.
Ертелі-кеш домалатқан тезекті,
Қара қоңыз секілді ғой осы адам.

Міне, қазіргі кезеңдегі әдебиетіміздің ең жағымсыз кейіпкері осы! Осындай әдеби

кейіпкерге прототип болатын ондаған адамдар өріп жүр маңымызда! Лирикалық өлеңдерде, эпикалық поэмаларда, прозалық әңгімелерде, повестерде, романдарда, драматургиялық шығармаларда (драма, комедия, трагедия, т.б.) біздің заманымыздың адамдары мінез-құлық психологиясының күнгейлі және көлеңкелі жақтары шынайы болмысымен суреттелсе екен! Осы орайда, Мұхтар Мағауиннің қазіргі қазақ әдебиетінің даму деңгейіне берген байсалды бағалауы қаламгерлердің қазіргі заман келбетін бейнелеуде біраз туындылар жазғандығын да аңғартады: «Ақиқатына келсек, сан жағынан емес, сапа жөнінен алсаңыз, бүгінгі Тәуелсіздік заманының әдебиеті бұдан он бес, жиырма жыл бұрынғы қатал цензура, рухани қыспақ замандағы әдебиеттен қай тұрғыдан алғанда да әлдеқайда өрелі» (Мағауин М. Ұлтсыздану ұраны: Зарлы толғау // Жұлдыз 2004, №7, 138-бет). Қаламгердің осы зарлы толғауында бүгінгі әдеби дамудың көрнекті туындылары қатарында атаған шығармалары (Б.Тілегеновтің «Қара жел», «Сексен алтыншы жыл», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», О.Сәрсенбаевтың «Шеңбер», Б.Мұқайдың «Өмірзая», Т.Сәукетайдың «Ай қараңғысы» атты романдары, Т.Медетбектің «Көк түріктер сарыны» жыр кітабы және т.б. ондаған қаламгерлердің соңғы жылдардағы туындылары) арқылы қазақ әдебиеті дамуындағы жаңа кейіпкерлердегі оқырмандардың қабылдау әлеміне ұсынылды. Бұлар – ұлттық әдебиет дамуының болашағына сеніммен, үмітпен қарауға жетелейтін, көңілге жұбаныш әкелетін көрсеткіштер.

Алайда, біздің алаңдап жүргеніміз - қазақ әдебиетіндегі соңғы 15-20 жыл көлеміндегі туындылар кейіпкерлерінің сөз арқауындағы ұлттық және әлемдегі әдебиет дәстүріндегідей халықтық қабылдау кеңістігінде онша даралана танылмайтындығы. Мемлекеттік сыйлық алып жатқан туындылардың, кітаптардың халықтық сұраныспен қызу талқылануы, оқылуы солғындау! Сонау XX ғасырдың 30-жылдары Саттар Ерубайұлының «Менің құрдастарым» романындағы

Рахмет Дәуірұлы, 70-жылдардағы Әзілхан Нұршайықовтың “Махаббат, қызық мол жылдар” романындағы Ербол, Меңтай сынды кейіпкерлердей болып қазіргі туындылардың кейіпкерлері неге кеңінен танымал болмайды? Біздіңше, туған әдебиетіміздің XX ғасырдың 90-жылдарынан бергі дамуындағы жаңа жазылған көрнекті туындылардың жалпыхалықтық талқылануын сол арқылы насихатталуын әлсіретіп алған секілдіміз. Орта мектеп пен арнаулы орта, жоғары оқу орындарында, бұқаралық

ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио, телеарна, т.б.) қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті туындылар, олардың кейіпкерлері туралы талқылаулардың, пікір алысулардың жүйелі, жиі өткізілуінің игі әсер етері ақиқат. Отбасыларындағы оқырмандық ықпалдың да балаларға тікелей әсер ететіні мәлім.

Қорыта айтқанда, ұлттық әдебиеттің таңдаулы туындыларының көркемдік - эстетикалық ұлағаты арқылы рухани мәдениетіміздің мәңгілік жолы болашаққа жалғасады.

ӘОЖ 39. 394

Р.К. Оразова

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шығыс тілдері кафедрасының
аға оқытушысы*

ӘРТҮРЛІ ТІЛДЕР ЖӘНЕ ҰЛТТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ (АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Қандай-да бір халықтың өмір тарихы, сана-сезімі, салт-дәстүрі барлығы да тілде көрініс табады. Ұлттың өзіндік ерекшелігі тілден тыс құбылыстармен тікелей байланысты тілдік бірліктерде – сөздер мен сөз тіркестерінде айқын аңғарылады. Тіпті қарапайым бір ғана затты немесе мағынаны білдіретін сөздер өзге тілдердің әртүрлі контекстерінде ұлттық-мәдени компоненттің бір бөлшегі болып, әр түрлі мағынаға ие болады. Сондықтан-да бір тілдік бірліктің екі тілдегі мағыналарын салыстыру, сөзсіз, тіл ғылымында қызығушылық әкеледі.

Бұл мақалада туыстық атауларды білдіретін сөздердің өзара туыс емес араб және қазақ тілдеріндегі семантикалық өзгерістерге ұшырау үрдістері сөз болады.

Түйін сөздер: *сөз мағынасы, туыстық атаулары, лексика-семантикалық топ, ұлттық-мәдени компонент, әлеуметтік-мәдени аспектілер.*

В языке отражается жизнь народа, его история, психология, быт, нравы, обычаи, образ жизни. Национальная самобытность получает наиболее яркое проявление в так называемых строевых единицах языка – словах и фразеологизмах, - которые прямо соотносены с внеязыковой действительностью.

Даже самые простые слова, обозначая один и тот предмет, но выступая в разных контекстах в разных языках, имеют различие в семантике, которые и составляют национально-культурный компонент. Поэтому сопоставление означаемых денотативно идентичных единиц двух языков представляет безусловный научный интерес.

В данной статье рассматриваются процессы семантического преобразования наименований родственных отношений в двух разных по происхождению языках – казахском и арабском.

Ключевые слова: *значение слова, термины родства, лексико-семантическая группа, национально-культурный компонент, социокультурные аспекты.*

Peoples life, their history, psychology, the way of life disposition and customs are reflected in the language. The national originality gets the brightest display in the words and idioms which are correlated with out of language reality.

Even the simplest words meaning the same subject, being presented different contexts of different languages have a distinction in semantics which form the national and cultural component.

In this article the processes of semantical transformation of relations designation of two different languages – kazakh and arabic are considered.

Keywords: *The meaning of a word, terms of relativeness lexical and semantic group, national and cultural component, social and cultural aspects.*

Сөз мағынасы таным қағидасымен тікелей байланысты. Адам затты, құбылысты қаншалықты жақсы таныса, соларды белгілейтін сөздердің мағыналарын соншалықты анық, айқын біледі. Біз осы белгілер арқылы сол затты танимыз және оның мағынасын түсінеміз, оларды келешек ұрпаққа жеткіземіз. Және сөз мағынасы мәтін ішінде, сөйлем құрамында ғана айқындала, нақтылана түседі.

Жалпы тіл білімінде туыстас және туыс емес тілдерді салыстыра және салғастыра зерттеу – олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ашуда, айырмашылықтар заңдылығын анықтауға, тілдің ұлттық қасиеттерін тереңірек түсінуге, жалпы және жеке аударма теориясының қалыптасуына зор мүмкіндіктер береді.

Кез келген ұлттың этномәдени ерекшеліктері коммуникация процесі мен сөйлеу әрекетінен байқалатындықтан, қарым-қатынас феномені де бірнеше салада ғылыми тұрғыдан қарастырылуда.

Кез келген ұлттың тілі арқылы көрінетін болмыс-бітімінің ерекше сипаты басқа ұлттар мен халықтардың тіліндегі құбылыстармен салыстырыла зерттегенде айқындала түседі. Осы орайда жалпы мәдениет пен тіл мәселелерін салыстыра талдаған бірқатар ғылыми еңбектер жазылды. Жалпы тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелері және тілдің «руханилығы» В.фон Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсгербер ғылыми зерттеулерінде жоғары деңгейде көрініс тапқан. Мұндай еңбектер қатарына А.Н.Афанасьев, Т.В. Гамкрелидзе, Якоб және Вильгельм Гримм, А. Потебня, В.Я.

Пропп, А.Н. Толстойдың зерттеулері жатады. Ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың тілдегі көрінісін танытуда Ә. Марғұлан, М. Әуезов, І. Кеңесбаев еңбектерінен бастап, қазақ тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының іргетасын қалаған Ә.Қайдар зерттеулерінде, тілдік құбылыстардың ұлттық мәдени аспектісі жайында Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева, М.Оразов, Г.Сағидолла, Г.Смағұлова, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Р.Авакова тілдердің когнитивтік қызметі жайында З.Ахметжанова, М.Әбдіғалиева, А.Карлинский, А.Жұмабекова, Э.Сүлейменова, К.Хұсайын, тағы басқа ғалымдар тарапынан өз жалғасын табуда.

Діні бір, мәдениеті ұқсас, тарихының түйісетін жолдары бар қазақ және араб халықтарының тіліндегі ерекшеліктер әлі күнге дейін жөнді, толықтай зерттелмеген.

Туыстық атаулары кез келген тіл лексикасының құрамды бөлігі (составная часть) – екі аспектіде қарастырылады. Бір жағынан, лингвистердің зерттеу аспектісі, ал екінші жағынан, туыстық атауларының белгілі бір жүйеде топтасуы некелік және отбасылық нормаларды, кіші ошақтың құрылымын, сондай-ақ бір қоғамның бүтіндей туыстық ұйымын, этникалық байланыстар мен этномәдени дамудың ерекшеліктерін көрсете отырып, жеке ғылымға айналған этнологияның маңызды саласы (социокультурная антропология) болып табылады.

Түркі тілдерінің туыстық атаулар жүйесінің ерекшеліктерін алғашқылардың бірі болып Н.В. Бикбулатов көрсетті. Ол көптеген

материалдарға эмпиризмдік (тәжірибе) талдаулар жасау негізінде түрік этникалық топтары өздерінің сатылық кезеңінен, әлеуметтік-экономикалық дамуынан тыс туыстықтың терминологиялық топталуы принциптерінде ортақтасатынын, ал оларға шаруашылық-мәдени жағынан жақын, бірақ туыс емес халықтарда ондай ерекшеліктердің жоқтығын дәлелдеді [1,59].

Түркі тілдерінің туыстық атаулар жүйесіндегі бұл ерекшелік ең алдымен, «туыстық санаудың сырғымалылығымен» (ұрпақ жасына байланысты) ерекшеленеді. Яғни әке жағынан барлық қандас жанама туыстар, сондай-ақ, айтушы эго мен оның жұбайының кіші туыстарының терминдері көптеген басқа жүйелер сияқты генеологиялық жіпке немесе ұрпақ жағына емес, туыстықтың тура жібі бойынша жасына байланысты аталады. Мысалы, ерлер жағынан қандас жанама туыстықта эгодан үлкен, бірақ оның әкесінен кіші туыстары қандай ұрпаққа жататынына қарамастан (-1,0,+1,немесе +2), ұлтына қарамастан, бір ғана ортақ терминмен (аға/ака) аталады.

Салғастырмалы талдау нәтижелері әр тілде сөйлейтін ұлттардың дүниетанымымен, наным-сенімімен, әдет-ғұрпы, мәдениетімен, психологиясымен жақынырақ танысуға септігін тигізеді. Адам факторымен тілдің осылайша ажырамас бірлікте алынып қарастырылуы –лингвистика ғылымының соңғы жылдардағы жетістігінің бірден-бір көрінісі. Тілдерді салғастырмалы зерттеу тұтас тілдік жүйені немесе тілдің белгілі бір саласын ғана қамтуы мүмкін. «Тілдің кез келген деңгейіндегі кез келген бірліктер, олардың құрылымдық–семантикалық, функционалдық, этномәдени, әлеуметтік-лингвистикалық, психоллингвистикалық және өзге де ерекшеліктері контрастивті талдаудың нысаны бола алады» [2,398].

Әлбетте, лексика-семантикалық өріс құрамын, оның құрылымын, элементтері арасындағы семантикалық байланыс түрлерін анықтау қандай да бір тілдің лексикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. О.А. Корнилов орынды атап өткендей,

«этностың өмір сүретін табиғи ортасы мен тұрмыс-тіршілігінің әр түрлілігі екі немесе одан да көп ұлттық тілдердегі кез келген бір тақырыптағы лексика-семантикалық топтарды салғастырмалы зерттеп, сипаттау барысында айқын көрінеді» [3,75].

Кез келген тілдің терминологиялық жүйесі – тілге әсер ететін қоғамдық-әлеуметтік факторларға байланысты ұдайы өзгеріп отыратын құбылыс.

Ф. Оразғалиеваның «Орыс және қазақ тіліндегі қандас емес туыстықты білдіретін сөздердің ұлттық-мәдени компоненттері» деген еңбегіндегі анықтамасында: Туыстық атаулардың ішінде әке, ұл, қыз секілді эквивалентті сөздермен қатар, қазақ тілінің өзіне ғана тән аға, іні т.б. сөздері басқа тілдерде үлкен, кіші сын есімдерімен анықталады. Түркі тілдес халықтарда, оның ішінде қазақ тілінде туыстық қатынасты нақты атаулармен (точная детализация) білдіретін иерархия байқалады. Отбасы үлкен болғандықтан оның әрбір мүшесінің бұл күрделі жүйеде өз орны бар және ол ер немесе әйел жағына байланысты өзіндік ерекшеліктерге (четкая дифференциация) ие. Мысалы: қазақ тіліндегі күйеу бала қалыңдықтың туыстары үшін сыйлы адам, оған белгілі бір мүше тартылады, ал, әйелінің үйінде ол төменгі жақта отырады [4,25].

Күйеу лексемасы *күйеу жолдас*, *күйеу қазық*, *күшік күйеу* тұрақты тіркестерінде қолданылады. «Ер адамның үш жұрты бар» деген афоризмдегі қайын жұрты да күйеу жағынан үлкен сый-құрметке ие. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» мақалы да осының дәлелі. Д.Н. Ушаковтың сөздігіндегі күйеу бала мағынасын білдіретін *зять* сөзінің басқа мағыналары қазақ тіліндегі *бажа* және *жезде* сөздерімен аударылады [5,1124]. Ал, орыс халқында күйеу бала сондайлық қадыр-құрметке ие емес, ене мен күйеу бала арасындағы қарым-қатынас та көбіне күрделі жағдайда болады.

Ф.Оразғалиева өз еңбегінде туыстық атауларды баламалы, баламасыз деп бөле отырып, баламасыз атауларға *бәйбіше*, *то-*

қал, төркін деген сөздерді жатқызады: ол шығыс елдеріндегі көп әйел алу дәстүріне байланысты шыққан, «бәйбішелік жасау», «бәйбіше-тоқал» тіркестері де осы салт-дәстүрдің көрінісін білдіреді. Араб елдерінде бұл ежелден келе жатқан дәстүр болса да, әйелдердің хұқықтары өзара тең болғандықтан, мұндай атаулар жоқ.

Еліміздің өркениеті, экономикасы жоғары дамыған елдер қатарына қосылуының бір кепілі- ана тіл тағдырына қамқорлық.

Қазақ тілін басқа да шетел тілдерімен салғастыра қарасуды дамыту - ана тіліміздің қолданылу аясының кеңейіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына үлкен әсер ететіні сөзсіз.

Өркениет заманы қаншалықты шарықтау шыңына шыкса да, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алып, дамыту мүмкін емес. Ұлт мәдениетінің қай түрін алсаңыз да, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін туыстық атаулар болып табылады.

Осымен байланысты қазақ ұлтының материалдық және рухани мәдениетінің тоғысқан туындысы – туыстық қатынасты этномәдени болмысының ұлттың болмысымен бір тұтастықта анықтау - осы тектес зерттеулерде өзекті мәселе. Оны « тіл мен ұлт бір тұтас» деген қағидаға сәйкес тіл арқылы анықтау. Адамның жас ерекшелігі, жынысына байланысты атаулар мен сол атауларға қатысты тұрақты тіркестер тіліміздің сөздік қорының қомақты бір саласы. Бұлар - әрбір халықтың жанына жақын, рухани мәдениетінің сипатын дәл көрсететін лексика-семантикалық топ (ЛСТГ). Мұндай атаулар өмірде өте жиі қолданылатыны белгілі.

Қазақ қоғамында келінге өте қатты көңіл бөлінеді, көптеген талаптар қойылады. Келін, біріншіден, өз жанұясына көрген тәрбие-тәлімін, ата-анасының тектілігін көрсету керек болса, екіншіден, жұбайының жанұясына келген соң, сол үйдің де мәртебесін ойлауы тиіс. Бұл туралы көп айтылады, көп жазылады, халық ауыз әдебиетінде көптеген әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер осы тақырыпқа арналады. Келінге қойылатын

талаптардың бастылары: күйеуінің ата-анасын, туған-туыстарын сыйлау, қатты сөйлемей, ерте тұру, ата-анасымен бетпе-бет сөйлеспеу, қайын жұртындағы адамдардың атын атамау, ер адамның алдын кесіп өтпеу, үйдегі тазалықты сақтау, т.б.

Аударма тәжірибесі байқатқандай, әдетте туыстық атауларды аударуда олардың аударма тіліндегі баламалары қолданылады. Бірақ, бұл берілген лексикалық топта әрбір әлеуметтік-туыстық жүйенің тек өзіндік мәдениетінің ерекшелігімен түсіндірілетін, басқа тілде тура аудармасы жоқ, баламасыз сөздер кездеседі. Қазақ тілінде бұл бесінші ұрпақты көрсететін «шөбере» - сын внука и «шөпшек» - сын шөбере, т.е. сын сына внука, иначе представитель пятого поколения, «шөбере», «шөпшек». Қазақ және ағылшын тіліндегі т.а. салғастыра талдау көрсеткендей, ағ.тілінде бөлетін нақты дифференциация болмағандықтан, бір лексикалық бірлікпен айтылады. Мысалы, қыздың баласын білдіретін «жиен» сөзі ағылшын тілінде екі жақтың балаларына да ортақ туыстық атауымен беріледі, «grandson/grand daughter» (ср. русск. внук/внучка), ал апалы-сіңлілердің балалары «бөле» ағылшын тілінде «cousin», которое (бар). М. Членовтың еңбектерінде көтеріліске дейінгі Ресейде «әйелдің күйеуінің туыстарының үйіне тұруының» басым болғандығын атап өтеді. Бұл көшудің нәтижесінде «деверь», «золовка», яғни қайынаға, қайынсіңлі терминдерінің қолданылу аясы өскендігін көрсетеді. Осыған байланысты келіннің басқа отбасы мүшелерімен арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасы қалыптасады. Кейіннен отбасының әлеуметтік жағдайларына байланысты күйеудің де әйелінің туыстарымен бірге тұруы үйреншікті жағдайға айналады.

Талай ғасырлардан бері келе жатқан халықтың әдет-ғұрыптары мен салттары да туыстық жүйесіне аз әсерін тигізген жоқ. Араб тілінде бұл басқа тілдерге қарағанда айқын көрініс береді, мұның өзі жалпы араб халқындағы салт-дәстүрлердің алатын тарихи орнының ерекшелігімен түсіндіріледі.

Жеті атаға дейінгі туыстық қағидасын ұстау арқылы қазақтарда қанның тазалығына көңіл бөлінсе, арабтарда да қандас және қандас емес туыстықтың бөлінуінде осы негіз жатыр. Қазақтарды өз тегін білу, жеті атадан бері қарай санау дәстүрі ертеден қалыптасқан: «жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер»...

Арабтарда әйелге деген көзқарастың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, жұрт алдында әйелін атымен атау мәдениетсіздік болып есептелетіндіктен, бірқатар эвфемистік атаулардың қолданылатынын байқауға болады. «изар» «либас», «хилла» - *киім*, «фираш» - *төсек* және «ибнатул-амми»-(*әкемнің туысының қызы*) деген атау эндогамиялық дәстүрге байланысты шыққан атау. Бұлардан басқа мысыр диалектіндегі «*ал-жама,ату*» сөзінің семантикалық сипаты (төсек) бар, «*иллатун*» (ауру) немесе және эвфемизм қатарынан саналатын қазақ тіліндегі *күндес* сөзінің тікелей аудармасы «*дарратун*» (зиянды) сөздерінің орнына «*жаратун*»(*көрші*) лексемасын алуға болады.

Тіл – тек сөйлесу қарым-қатынас құралы емес, ол адам өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сол ұрпаққа тән тума қасиеттерін жинақтаушы, сақтаушы құрал, осы арқылы болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Мұны - тілдің кумулятивтік қасиеті деп танимыз. Осымен байланысты, әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениеті мен дүниетанымын тіл арқылы зерттеу - қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының негізі. Соған сәйкес халықтың тілдік деректерін көрсететін екі мәдениеті бар. Дүние мәдениетін материалдық және рухани арналарға бөліп қарастыру оның қоғамдағы қызметінің ерекшелігін танытады. Осы тұрғыдан қарастырсақ, көшпелі ата-бабаларымыздың этномәдениетінде рухани және материалдық мәдениеттің тоғысқан, сабақтасқан көрінісі - туыстық қатынастар. Туыстық атаулар жүйесі халықтың рухани мәдениетінің неғұрлым көне жақтарының бірі болып табылады. Ол рухани мәдениеттің басқа жақтарымен қатар халықтың әлеуметтік ұйымдарын, оның генезисін терең зерттеумен қатар этногенетикалық дереккөздер бола алады. Араб туыстық атауларының шығу тарихымен олардың тер-

минологиялық ерекшеліктерін зерттеу этностың тарихи қалыптасуының түрлі кезеңдерін және сол уақыттардағы көршілес халықтардың этномәдени әсерінің дәрежесін көрсетеді.

Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. «Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен дараланып, көзге шалынады. Алайда басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым-қатынасы арқылы олар бір-бірін мәдени байланысы жағынан толықтырады» – дейді С.Н. Артановский [6,91]. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою-өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді. Ұлттық болмыс-бітім адам мінезінен, іс-әрекетінен ерекшелене көрінетін тұрақты құбылыс.

Туыстық атауларының әлеуметтік-мәдени аспектілері негізінен олардың ішкі түрленуінде, яғни құрылымдық семантикасында көрінеді. Талдау көрсеткеніндей, кей туыстық атауларының сөзжасам құрылымында сол қоғамның ұлттық мәдениетінің элементтері – тарихы, салт-дәстүрі, діни наным, табиғаты бейнеленген. Бұл туралы О.Н. Трубачевтың жасаған терең этимологиялық талдаулары дәлелдейді. Д.Н. Шмелевтың қорытындылауы бойынша: «семантическая история слов в ряде случаев дает более или менее однозначные указания на (иногда неизвестную из других источников) историю обозначаемых этими словами реалий» [7,280].

Сөздің ішкі түрленуінің ұлттық мәдениетпен сабақтас болуын араб тілінен айқын аңғаруға болады. Тек терминдер ғана емес, туыстық байланысты білдіретін басқа да атаулардан мәдени элементтерді байқаймыз. «*уммун*» сөзінің түпкі «түбір, негіз, фундамент» мағынасы әйел-ананың қоғамдағы орнын көрсетеді. Араб тіліндегі басқа атаулардың эпитет теңеулерін осы сөз арқылы шыққан тұрақты тіркестер береді: «*умму-л-китаб*» (Құранның 1-ші сүресі, Құран негіз), «*уммул-кура*» (Меккенің теңеуі) т.б. «*ухтун/ахун*» (аға/қарындас) термині «*ухаа*» (қандай да бір мақсатты көздеу) етістігінен шығуы туыстардың мақсатының ортақтығын, одан шығатын зат есім «*ахиатун*» (жануарларды байлайтын не шатырды ұстайтын ілмек,

арқан) сөзі туыстар арасындағы мықты байланыс мағынасын және арабтардың бедуиндік өмірінен қалған ізін көрсетеді. «аммун» терминінің «амимун» (ұзын бойлы адам не өсімдік), «ма,мун»(қожайын) сөзінің «амаматун» (чалма, еуропада «коронованный») сөздерінен шығуы оның семантикасының «негізгі» деген беретін мағынасын анықтайды. «халун» терминінің төркіні «хауала» (қамқорлық) мағынасына әкеледі. «жаддун» терминінде «ұлылық, құрметтілік және жол» деген семантикалық астар арабтарды туыстық жолының бастаушысы және құрметті адам мағынасымен түсіндіріледі. «хафидун» (не-мере) термині де «көмекші, күтуші» мағынасында өз атасына деген қамқорлықпен түсіндіріледі. «саһрун» (күйеу бала) сөзінің етістігі еру, балқу мағынасында әйелінің отбасына сіңісіп кетуін білдіреді.

Туыстық атауларының ішінде арабтардың бедуиндік табиғатын білдіретін сөздер де аз ұшыраспайды. Мәселен, «сану/сануатун» (туған бауыр туралы, бір түбірден өсіп шыққан пальма), «қа,идатун» (әйелі туралы, қа,удун-жас түйе, үйде отырған әйел деген мағынасы да бар), «рабдун»(әйелі туралы, бір жерге тұрақтанған), «талатун» (әйелі туралы, ұсақ жауын сөзі), «қалуусун» (әйелі туралы, бастапқы мағынасы жас түйе), «шархатун» (әйелі туралы, суда өсетін ағаш сөзінен). Бұған тағы да «раби,иун» (көктем, жас кезде туған ұл туралы, көктемде туған түйенің баласы сөзінен шыққан) және оның антонимі «сабфишун» (қартайған кезде туған ұл, жазда туған түйе сөзінен) мысалдарын айтуға болады.

Атаулардың ішкі түрленуінде ежелгі арабтардың өмірінен хабар беретін сөздер де кездеседі: «қусаратун»(әйелі туралы, құрма салатын тросниктен жасалған ыдыс), «мусфа»(үш әйелі бар адам, тастан жасалған ыдыс қоятын үш таған), «мусфатун»(үш әйелдің бірі, не үш рет жесір қалған әйел).

Аз қолданылатын «аху,айн» (туған бауыр) сөзі бір жағынан «айнун» (бұлақ көзі) бір әке-шешеден шыққанын көрсетіп, оның араб менталитетіндегі орнын анықтаса, екінші жағынан, бұлақ сөзімен қатыстылығы ежелгі араб өміріндегі табиғат ізін байқатады. Үшінші жағынан, бұл сөз «а,ианун» (знатные лица общества) сөзімен түбірлес болып, бұл туыстықтың араб қоғамындағы басқалардан жоғары дәрежесін көрсетеді. Аға терминімен қатысты басқа да атаулардың әртүрлі мәні бар. «аху хайфун» (қандас бауыр) сөзінде «хайфун»-айырмашылық мағынасында екі көзі екі түрлі адамды да айтуға болады. «аху,иллатун»(бір жатырлық бауыр) сөзінде «аллал» (екінші әйел) мағынасында, сөзбе-сөз «аллатун» - ауру сөзімен әйелдің басқа күндестеріне байланысты жаны ауыратынын түсіндіруге болады.

Қорытындай келе, туыстық атаулардың ішкі түрлері ұлттық мәдениеттің әртүрлі компоненттерін көрсете алады. Құрылымдық-сөзжасам формасының жекелеген терминнің өзіндік ерекшелігін ашу мүмкіндігі де бар. Араб тіліндегі «рабун/рабатун»(өгей әкешеше), «рабибун/рабибатун»(өгей ұл/қыз) сөздерінің түбірі «рабба» - қамқорлық жасау, асырау мағынасынан шыққан. Бұл атаулар туыстықтың ерекше түрін көрсететіндіктен, әр тілдің ерекшелігіне байланысты әртүрлі аталуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н.В.Бикболатов. Скользящий счет поколений в урало-алтайских системах родства. – Л.,1983.
- 2 В.Гумбольд. Избранные труды по языкознанию. – М., 2000.
- 3 О.А. Корнилов. Языковые картины мира как объект этнолингвистического анализа. – М. 2007.
- 4 Ф.Ш. Оразғалиева. Орыс және қазақ тілдеріндегі қандас емес туыстықты білдіретін сөздердің ұлттық-мәдени компоненттері. ҚазНУ, Хабаршы. – А., 2008.
- 5 Д.Н. Ушаков. Орфографический словарь русского языка. – М., 1987.
- 6 С.Н. Артановский. Мировое развитие и современный глобализм. – М., 2009.
- 7 Д.Н. Шмелев. Проблемы семантического анализа лексики. – М., 1973.

ӘОЖ [796.01+172.15] (574)

Аташ Б.М.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының доцент міндетін атқарушы,
философия ғылымдарының докторы*

Бекебаев Ж.

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, дене тәрбиесі
кафедрасының аға оқытушысы*

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ БАТЫР РУХЫ МЕН ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ СПОРТШЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ТАСЫМАЛДАНУ ҚЫРЛАРЫ

Бұл мақалада көне дәуірлердегі эпостардағы батырлар бейнесі, ұлтжандылығы мен ұлттық рухы сарапталады. Олардың бұндай сапаларының қазіргі күрес, бокс сияқты жекпе-жек өнерлерінде жетістіктерге жетіп жүрген қазақ спортшыларына тасымалданған үлгілері көрсетіледі. Оның қандай өлшемдермен және тетіктермен қайта құрылатындығы туралы қойылған мәселе, биогенетикалық, психоәлеуметтік сияқты жолдармен, философиялық тұрғыдан шешімін табады.

Түйін сөздер: *батыр, отаншылдық рух, спортсмендер, тұлға, психологизм, рефлексия, эпос, этнос, қазіргі заман, тасымалдану, архетип т.б.*

В данной статье рассматриваются особенные качества эпических батыров в фольклорном искусстве. Анализируются ярко выраженные патриотические чувства в героических поступках сопровождаемые национальными духами. Авторы делают вывод, что современные казахстанские спортсмены, особенно победившие в борьбе, по боксу и т.п. трансформирует этот дух в себе. Выставленная проблема, какими параметрами и механизмами трансформируется патриотический национальный дух, как биогенетическом, психосоциальном путем, решается с философской точки зрения.

Ключевые слова: *батыр, патриотический дух, спортсмены, личность, психологизм, рефлексия, эпос, этнос, современность, трансформация, архетип и т.д.*

Text In this article the special internalss of epic athlete are examined in folklore arts. The brightly expressed patriotic feelings is analysed in heroic acts accompanied by national spirits. Authors draw conclusion, that the modern Kazakhstan sportsmen especially winnings in a fight, on boxing of и.т.п. transforms this spirit in itself. Proposed problem, what parameters and mechanisms are transform a patriotic national spirit, as biogenetic, psychological social a way, sight decides from a philosophical point.

Keywords: *athlete, patriotic spirit, sportsmen, personality, психологизм, reflection, epos, ethnos, contemporaneity, transformation, apxemun of.*

Әрбір ұлттық немесе белгілі бір аймақтағы этнос өзінің тарихи ділі мен дүниетанымынан, бұрынғы өткен таным-түсінігімен байланысып жататын тұтас уақыт бойынша өрілген сабақтастықты түзетіндігі күмәнсіз. Біз, осы орайда, қазақ халқындағы батырлар жырындағы негізгі кейіпкерлердің игілікті сапаларының, әсіресе, рухы мен

физиологиялық жетілгендігінің тұтастығының, архетиптік түрде қазіргі заманға тасымалдануын, бүгінгі кезең бейбіт болғандықтан, оның спортшылардағы туындаған көріністерін сараптап өтеміз.

Эпостық рухани көздер бойынша баһадүр образын талдау және оның бейнесінің құрылымдық-функционалдық негіз-

дерін ашу жауынгерлік дәстүрдегі ұлттық менталитеттің патриотизмдік қырын зерделеу үшін қажетті саты. Себебі патриотизмнің қайнар көзі және спорттық өнердің синтезделген түрлерін қамтитын жауынгерлік дәстүрдің орны айрықша феномен болып отыр. Оны А. Айталы тұжырымдағандай: «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» [1,81б.]. Жауынгерлік дәстүр өмір мәнділік талаптарға жауап беретін экзистенция болғандықтан, «үнемі дайын болу» принципі арқылы қазақ халқында ол өнер түрінде бағаланған. Бұл әскери өнер құрылымдық жағынан да, теориялық негіздері бойынша да өз алдына кешенді тұтас жүйе болып саналады [2].

«Қазақтың батырлық жыры – киелі де аруақты өнер. Ол сөз айдынында ақылдың кені, даналықтың көзі, қаһармандықтың теңдессіз үлгісі ретінде, саз әлемінде дауылдай екпінімен, табиғаттың өзіндей сыршыл үнімен үлкенді де, кішіні де өзіне тәнті етті» [3, 3б.] – деген тұжырым сол асқақ сарынды эпостардың нақты субъектілерінің реалистік-романтикалық сипаттарымен айшықтала түсетіндігін қуаттайды. Сондықтан да батырлар жырларын оқып, көңіліне тоқып өскен ұрпақтың бойында жас кезінен батыр болсам, күшті болсам, елге елеулі ер болсам деген арман қалыптасады. Өсе келе ол арман отансүйгіш азаматтың өмірлік мұратына айналады. Өмірлік мұрат, нақты мақсат болған жерде оның жүзеге асу мүмкіндігі арта түседі.

Осыған байланысты, баһадүр тұлғасының жалпы сипаттамаларын ашып көрсетуіміз қажет; биофизиологиялық ерекшеліктері: денелі, ер тұлғалы, қырағы көзді, жауырыны қақпақтай т.б.; психоәлеуметтік құндылықтары: айбарлы-айлалы, қаһарман, сұсты, қайсар рухты, өжет мінезді, қажымас қайратты, табанды, епті, әбжіл, аруақты, жігерлі т.б.; этикалық-моральдық құрылымы: жауына мейірімсіз, досына мейі-

рімді, сыйлағанға кішіпейіл, халқына бауырмал, жолдасына кешірімшіл, ақ сөйлеп, ақиқатын айтатын шыншыл және адал, парасатты және ұстамды, әділ және бір сөзді, қарапайым, әрі ұстамды т.б. Мұндай этникалық тұлға конструкциясының моделін жасаудың персонализмі басты екі принципке негізделеді: отансүйгіштік және физиологиялық жетілгендік. Олай болса, бүгінгі заманғы қазақ спортшысы да өнер кеңістігіндегі «баһадүрдің» заманауи әлеуметтік-мәдени түрі болуға тиіс. Баһадүр қасиеттері циклды қайталамалы құндылықтар ретінде қайтадан өзін таниды деген сөз. Мәселен, баһадүрдің физиологиялық жетілуінің мифтік әсіреленіп берілген сарындарында кеңістік пен уақытсыз әлемде ол: жыл санап емес, күн санап, сағат сайын ер жететін болса, менталитетіміз бойынша өткен мен бүгін де сондай мифтік логикамен тарихи сабақтасып, ақиқат өмірдің шынай бейнесімен үйлесімді бірлікте өмір сүреді.

Мұндағы мифтік сюжеттер уақыттың қысқаруы мен кеңістіктің тарылуын адами болмыс түріне ыңғайластыру психологизмінен туындайды, себебі - елін сүйетін, батыр рухты тұлға заман мен әлемдегі саяси-әлеуметтік қақтығыстар үшін аса қажеттіліктен, ұлт тағдырының таразыға түскен қиын кезеңдегі сұранысынан туындайды. Уақыттың қысқару логикасына байланысты үлгеру мен нәтиженің қазіргі заманауи спорттағы үлгісі, яғни – еңбекқорлық, жаттығудың сұранысына сәйкес келеді.

Спортшы үшін жаттығу алаңы табиғи-әлеуметтік уақыт ағымы мен объективті дайындалған потенциалды тұлғаның мүмкіндіктерінің бірлігі арқылы жүзеге асатын болса, генетикалық тұтастықтың сабақтастық заңдылығы осы объективті шарттардың дайын күйлерін ұсынады. Спортқа бейімділік пен қуат та тұқым қуалайтын заңдылықтарға бағынады, сондықтан баһадүрлік дәстүрдің келер ұрпаққа тағайындаған мұрасы да осы физиологиялық жетілгендік болып табылады. «Атадан туған аруақты ер» образы да жауынгерлік менталитет сабақтастығының нышаны.

Мәселен, тарихтағы Сыр бойындағы Қазалы жерінде туған Жалаңтөс баһадүр Самарқанд қаласын көркейтіп, оны билеп, үрейден мүлде азат болып, жауға сауытсыз шығатындықтан «Жалаң төс» атанған. Осы шындықтың идеалды образдары көркемдік түрде эпостардағы: «суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін» биороботтық тұлғаны дайындаған. Яғни, ата-бабаларымыз бізге тек өмір-тұрмысқа қажетті тәндік күш шеңберінен басқа айрықша физиологиялық қуат пен жігер потенциалдарын қалдырған. Бұл генофондық биоархетиптер спорт өнерімен айналыспайтын қазақ азаматы үшін де ресурстық потенциал.

Оны тек бір ғана ат спортына байланысты дамытып, қайта жаңғыртып қана қоймай, садақ ату, найза лақтыру т.б. арқылы ассимиляциялау қажет болды. Сонымен қатар мәселен, қазақша күрес, арқан тартыс, білек сынасу т.б. жылқысыз салт адамның физиологиялық күш қуатының қажеттілігі өнерінен туған. Бірақ осы қасиеттер жауынгерлік дәстүрдегі баһадүр сапасының көп қызметті функцияларының құрамдас бөліктерінің бірі ғана. Баһадүр ырықты-ырықсыз түрде «спортшы», оның көптеген түрлерінің өздігінен «жеңімпазы», әмбебап спорт түрлерінің нақты өкілі. Себебі ұлттық менталитетте бұл сапалық қасиеттер тұтас синкреттік бірлікте, бәрі де физиологиялық динамикалық қажет ететін бейімделудің түрлері болып табылады. «Көшпенді өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетіліп, кемел адамды қалыптастырды» – деген номодологиялық жантану зерттеулері де осының айғағы [4, 6-41б.].

Сонымен қатар тағы бір психологиялық феноменді атап өтуге болады. Мәселен, күнделікті тұрмыста момын, бей-жай, сабырлы, шыдамды қазақ кейде намыс пен ар таразыға түскенде қызбалықпен ұрандай жөнеледі. Мұндай ішкі психологиялық сілкініс ру ұраны аталып, жауымен шай-

қасында немесе бауыры көмекке шақырғанда, ат жарыс пен қазақша күрес кезінде күллі психологиялық болмысы өзгеріп, қайта түлегендей болып шыға келеді. Осы аяқ астынан рухтанушылықтың сакральды мәнін психологиялық қуаттың тосыннан құйылуымен түсіндіруге болады. Философиялық антропологиядағы адамның биологиялық жетілмегендігі, эволюциядағы дамымағандығы еңбекпен, мәдениетпен, қызметпен, әрекетпен толықтырылатынын ескерсек, «адамды әрекеттік тіршілік иесі» деп анықтағанын қайта таразыласақ, «көшпенділік өмір салты осы толықтырылудың жетілген, өміршең формаларын адамзатқа паш етіп келген, тіршіліктік күштің ең мінсіз үлгісін ұсынған» деп тұжырымдауымызға болады [5, 89б.].

Мәселен нақты да дәл әрекет пен қозғалысты қажет ететін арнайы қолданбалы спорт түріне жататын қазіргі заманғы су астында жұмыс жасаушылар мен өрт сөндірушілер т.б. кәсіби ерекше мамандық иелерінің батылдықтары мен дәл іс-қимылдарын да ертеден келе жатқан баһадүрлік қасиеттермен салыстыра қарастыруымызға болады [6, С. 90]. Ғарышкер қазақ Т. Мұсабаевтың ашық космосқа шығып, алдына қойған тапсырманы мүлтіксіз орындауы сол баһадүрлік қасиеттің әлі де болса біздің ұлттың терең санасында сақталып келе жатқанын айқын аңғартады.

Ұлттық дене тәрбиесі үрдісінің ең негізгі мақсаты жаугершілік заманға сәйкес ел қорғайтын тұлға дайындау болса, оның тұлғалық қасиеттерінің конструкциясында отансүйгіштіктің максималды деңгейі қалыптасады. Ел мүддесі үшін құрбан болу – өмір мағынасыздығын түйсіну суициді, саяси экстремизмнің камикадзесі, психологиялық ауытқу танатосы емес, моральдық принцип – отансүйгіштіктің нәтижесі. Мәселен, ұлттық дүниетанымды зерделеуші Ғ.Нұрышева эпос батырларының елін қорғауы олардың өмірінің ең басты мақсаты мен мәні екендігін ұсынады [7, 129 б.].

Демек, баһадүр рухы мен еркі ел үшін күресуге тағайындалған, күрескерлік сана

орнықтырған тұлғаның түпкі мақсаты қарсыласынан басым түсіп, жеңіске жету. Яғни, қазақ мәдениетіндегі спорттық дәстүрдің қалыптасуының тарихи-философиялық негіздеріндегі «баһадүр» бейнесі:

1 Тек спортшы ғана емес күллі түркі ұлдарының тәндік жетілуге ұмтылуының моделі болып саналатын менталитетіміздегі тәлімдік педагогика.

Бұл қазіргі замандағы еліктеушілік психология мен кейбір мемлекеттердің өз идеологияларын ұсынудан қорғанудың бейсаналы психологиялық және саналы идеологиялық құралы бола алады. Бүгінгі кезеңдегі шетелдік фильмдердегі моральдық өлшемсіз немесе ұлттық құндылықтарға сәйкес келмейтін спортшы бейнесіндегі физиологиялық жетілген тұлға: терминаторлар, гангстерлер т.б. ұрпақтарға психологиялық жұғу (заражение) туғызып, ұлттық менталитеттегі құндылықтардан алшақтатып, отансүйгіштік рухты бәсеңдетуге алып келетін т.б. зардаптар туғызатындығын, оның орнына эпостық «баһадүр» немесе реалды тарихи тұлға образдарын насихаттау қажеттігін тұжырымдаушылар пікірі де тарихи-мәдени рух сабақтастығының рухани мирасқорлығын шынайы жақтаушылар мен терең түсінушілер, болашақ ұрпақ қалыптастыру методологиясына алаңдаушылардың пікірі. Сондықтан бүгінгі таңда этнопедагог ғалымдарымыз да бұның теориялық-әдіснамалық ғылыми негіздерін ұсынуда [8].

Ол – үлгі тек тәндік қана жетілгендік сапаларынан басқа адамгершілік талаптарына да сай келетін, қалыпты ұлттық дәстүрлер бойынша өмір сүретін түркі халықтарының жалқы өкілі. Менталитетіміз ол тұлғаларды қалыптастыруды абсолютті мінсіздендеріп, идеал ретінде ұсынған. Этнопедагог ғалымдарымыз тіпті олардың киім үлгілерінен бастап, қару-жарақтарына дейін зор отансүйгіштік тәрбиелік мәні бар екендігін тұжырымдайды [9, 526.].

2. Баһадүр тұлғасы ұрпақтарды әсемдікке және сұлулыққа баулудың эстетикалық үлгісі. Оның бейнесі биологиялық, психологиялық, әлеуметтік т.б. қырларынан бастап эстетикалық категориялар жүйесіне сәйкес келетін әсемдік үлгілері болып са-

налады. Физиологиялық бейнесі күштің культінің талаптарын қанағаттандыратын әсіреленген көріністер. Адам болмысының құрсауын бұзуға ниеттелген идеалдың максималды көрінісі мен кеңістік пен уақыт өлшемдеріне бағынғысы келмейтін қуаттың күдіретті тасқынын жырлайды. Оның: мініс аты, жан жолдасы – жары т.б. тұлғалық болмысын толықтырушы атрибуттар. Күн санап өсетін тұлғаның сәйкесінше аты (жылқы жануары) континум өлшемдерін бағындыруға қабілетті. Тіпті сүйікті жары да шектен тыс мүмкіндіктерді пайдаланатын «ер» қасиеттерін қайталай алады. Тұлғаның өзі жан-жақты физиологиялық мүмкіндікті, жоғарыда айтылғандай, ырықты-ырықсыз түрде «спортшы», дене тәрбиелік үлгісі боларлықтай «Менді» нақты әйгілеудің каноны. Осы «Мен» рухы тән мен жанның сәйкесу бірлігіне, гармониясына негізделеді.

А.Шопенгауэр де осыған байланысты ердің тәндік қуаттылығы әйелдік эстетикалық талғам мен таңдаудың бейсаналы түрде объектісі бола алатындығын тұжырымдаған [10, 387б.]. Жанама түрде эпостағы табиғат пен әлем, негізгі кейіпкердің іс-қимылы, киім үлгісі т.б. суперстраттар да әсемдік тұтастығының идеалдарын жинақтайтын кешендік жүйе болып табылады.

3. Отансүйгіштіктің ең жоғары шектеулі деңгейінде баһадүр прообраз ретінде моральдық принципті құрмет тұтушылық этизмин береді. Тұлғаның негізгі мотиві – елін қорғау: өлім мен өмір баламасын талғауға шығару, үнемі «шекаралық жағдайда» болу, «жан пидә» кредосын өмірлік позицияға айналдыру, ғұмырнамасындағы ең маңызды істі ел-жұрттың мүддесі деп тағайындауға алып келеді. Бұл феномен А.Н. Радищевтің отансүйгіштіктің мәнін ашуында тұжырымдағандай: шынайы адам мен Отанның ұлын бір нәрсе деп қарастырады. Құлықсыздық үлгісінде көрінгеннен гөрі, ол өмірін қиюға немесе жоғалуға келісім білдіреді, егер оның өлімі Отанына даңқ пен қуаттылық алып келетін болса, өз өмірін құрбан етуден қорықпайды [11, 205-206 бб.].

Сол үшін ол тәндік жаттығулар мен өмірлік тәжірибе сынынан өтіп, өзін бәсе-

келестік өмірге дайындап – өз болмысын «өзінің өзгелеріне» (ел-жұртына) арнауға жұмылдырады. Дүниетанымындағы «өзі» мен «өзге» позициясы – «өзінің» тек «өзге-ге» қарсы бағытталған ішкі саясатын, «өзгемен» мәңгілік күресуге дайын болудың ата-бабалардан сабақтасып келе жатқан методологиясын қайталайды. Ол – «аруақты ер», ата-баба рухын қастерлейтін өткен мен бүгіннің бірлігін қуаттайтын диалектикалық көзқарасты ұстанады. Ол өзінің қоғамдағы болмысынан өзінің отанына, халқына бағдарланған тағдырын жете түйсінеді, тіпті мойынсұнады, оның еркі осы ел қорғау мүддесінің шеңберіне ғана бағындырылған. Отансүйгіштік морализмі мен күреске, бәсекеге түсу оның өз болмысын аша түсуінің және нығайтуының шарты, ол осы құндылықтар арқылы өз болмысын өзі қайталаушы. Бұл спортшыға да ортақ қасиет, ол да бәсеке мен жарыс арқылы үнемі өзінің шынайы болмысын өзі қайталаушы, олардың өз болмыстарын өздері қайталауы - өзін әлемдік болмыстың бір бөлшегі ретінде танытудың экспликациясына өтеді. Әлемге танылатын өзінің болмысы арқылы олар сол адамзаттың шынайы жалқы өкілі болып табылған өз ұлтын әлемге паш етеді.

Яғни, спортшының: «өзін-өзі үнемі қайталауы – өзінің болмысын әлемге танытуы - халқының болмысын таныту» рефлексиясымен толықтырыла түседі. Бұл жерде ол ырықты-ырықсыз түрдегі әрекеті арқылы отансүйгіш, елжанды тұлғаға айналады. Бұл қазақ халқының менталитетіндегі жауынгерлік дәстүрді философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы ашылған қасиет – отансүйгіштік буын; қоғамдық сананың айрықша элементі, өмірмәнділік талабы, оған физиологиялық және рухани жаттығу арқылы жақындау, түркі халқының тұрмыс қалпын таныту, ғұмыр кешу дәстүрлерінің атрибуты т.б. болып табылады. Отансүйгіштік жалпы махаббат құрылымның бір саласы. Бұл жерде: «тарихи эпостық баһадүр – отансүйгіштік – қазіргі заманғы спортшы» құрылымының маңызын

ашып алу керек. Эпостық дәуірде, «баһадүр» болмысының образдық бейнесінде махаббат ортақ, оның болмысы махаббаттанған, сондықтан махаббат түрлерінің екі басты діңгегінің айналасына барлық махаббаттар топтасады, сондықтан оның этикалық қыры – махаббаттанған тұлғаны әйгілеу арқылы көрініс табады. Бірінші – туған ел мен жерге деген махаббат, екіншісі – жарына деген сүйіспеншілік. Эпостық негізгі кейіпкердің мақсаты да дилеммасы: Отан қорғау мен сүйгеніне қосылу.

Сондықтан ата-баба салтының тәлімгерлік мұралары әрбір жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен оған қажетті элемент «баһадүрлік» менталитетті қалыптастыруға бағытталған. Буыны бекіп қалыптасып келе жатқан түркі ұрпағының азаматы бос уақытын тәндік жаттығуға арнаған. Қасиетті қазақтың жаһан даласының өзі – «стадиондық спорт алаңы», «тренажерлік зал», жылқы жануары – биотехникалық жаттығу құралы т.б. бүгінгі замандағы спорттағы ойын кеңістігі мен техникалық құралдар жиынтығы ретінде қызмет еткен.

Спорт теориясы жөніндегі кейбір оқулықтарда гимнастиканың шығу тегін талдауда орта ғасырлардағы соғыс жағдайына дайындалу оның қалыптасуы мен дамуының негізгі көзі ретінде бағамдалады [12,256.]. Көшпендінің жауынгерлік өмірге дайындығы өзінің туған даласымен тұтастанып жатқандықтан, бүтін болмысымен біріктірілгендіктен, дүниетанымымен кіріктірілгендіктен, ол дала – қасиетті. Осы қазақтың «қасиетті» сайын даласында түркі ұрпағы бүкіл тәндік жаттығулары мен дене тәрбиесі сынағынан өткен, сол кеңістікті физиологиялық қалыптасудың «полигонына» айналдырған, оны өз болмысын өзі аша түсудің алаңы деп таныған. Онда да өзіндік тәрбиелік-тәжірибелік дәстүрлері орныққан спорттық және соғыс өнерлерінің жүйесі бар, «үйретуші-үйренуші» құрылымына негізделген дала кеңістігі қалыптасқан. Дала – пассивті, алғышарт ретіндегі «геокеңістіктік ұстаз». Мәселен, ұлттық ат үйрету спортын-

дағы – қолға үйретілмеген атты мініс құралы ретінде тәндік тәрбиелеуді көктем шыға бастаған. Себебі одан құлаған жағдайда жарақат алып қалмас үшін қара жер жұмсақ болып, тоң жібуі керек.

Қазақтың байырғы өмір салтының тәжірибесі: «Құлағанда: жылқы жалын төсейді, есек тұяғын төсейді», – деген тіршілік мәнді афоризм – қазақ адамының аттан құлап жаттыққандығы мен есектен құлап үйренбегендігінің дилеммасын бере отырып, дәстүрлі шаруашылық талаптары бойынша халқымыздың есек ұстамағандығын және одан құлап мертлікке жағдайлар жиі болғандығын білдіреді. Бұл – физиологизм тәжірибелерінің айқын көрінісі мен тұрмыс салтының мағыналы стилі болып табылады.

Осындай дала кеңістігімен үйлесімділікте болу, дала табиғатын құрметтеу, оның мирасқорлықтан жалғасқан этноменшіктігі – ата-бабаларымыздың жерленген жерлерінің болуы т.б. қазақ сахарасын түгелдей қасиетті деп санауға негіз болған. Ілкі байырғы дәуірлердегі «Қара Жер – Көк Аспан» жансыз бинарлық позициясы кейіннен «Ұмай Ана – Көк Тәңірі» болып дихотомияланған антропоморфтанған – құдайланған рухтарды берген. Қазақтың қара топырағы – қасиетті «менің-дүнием» кеңістігін құраған. Міне сондықтан Жауынгерлік дәстүр мен «спорт алаңы» ретіндегі «жер» «елмен» қатар қойылатын отансүйгіштіктің басты объектісінің бірі.

Яғни, елін қорғау мен жерін қорғау егіз бірлікте қарастырылатын ұғымдар. Жауынгерлік дәстүрден қалған осы – ел мен жерді қорғау культі қазіргі замандағы бейбітшіл санада басқаша формада көрініс табады. Кейін келе ол спорттық өнерімізде: ел намысы мен қазақ рухын көтермелеу функциясына ауысқан. Қазір спортшының елжандылығы үшін қиян-кескі шайқастың қажеті жоқ, өзінің болмысын жұртқа танытып, халқының болмысын әйгілеу болып табылатын, мемлекетін, ұлтын спорты, мәдениеті дамыған ел, халық ретінде таныту, соған қосқан өз үлесіне қанағаттану мақтанышы оның өз мақсатына қол жеткізгендігінің көрінісі.

Міне, жауынгершілік дәстүрдегі «баһадүр» мен бүгінгі замандағы қазақ спортшысының болмысындағы синкретизм осы жерден дифференциацияланады. Сондықтан осы қазіргі заманғы спортшының отансүйгіштік мотивінің тарихи-философиялық тамырларын ашуда ұлттық менталитет айшықтарына сүйену, жауынгершілік дәстүрден қалған рухани-әлеуметтік құндылықтарды бағалай білу және бүгінгі кезеңге көшіру үшін, қажетті элементтерді сақтау бойынша оның тарихи тамырларына үңілу қажеттігі туған еді. Бұл жерде отансүйгіштік құрылымын модернизациялау, трансформациялау, көшіру, бейімдеу т.б. операциялар арқылы құрылымдық-функционалдық талдауды әрі қарай дамытуды қажет етеді.

Жауынгершілік дәстүрдегі тәндік күрескерлік менталитеттің көріністері бүгінгі жекпе-жек спорт түрлерінде елес береді. Мәселен, күрес, бокс, таэквандо тәрізді спорт түрлерінде Қазақстанның әлем алдындағы жеңістерін мақтанышпен атауға болады. Бұл жетістіктер алдымен алғышарт дайындалған саяси-әлеуметтік жағдайды: Тәуелсіздік арқылы өз еркіндігін сезіну, нақты қазақ ұлтының өкілі екендігін бағамдау т.б. байланысты әлеуметтік объективтіліктерден туындайды. Ал тарихи объективтілік жағдай көнеден, жауынгерлік дәстүрден жалғасқан ержүректілік, батылдық, жігерлілік, қайсарлық тәрізді биоархетиптердің анық нышаны болып саналады. Бұл жерде өткен ата-бабаларымыз бен бүгінгі ұрпақтардың генетикалық бірлігінің, тарихи-әлеуметтік тәжірибелер сабақтастығының, ұрпақтар болмысының мәдени мирасқорлығының органикалық тұтастық құрайтындығын түйсінген жөн.

Себебі спорт психологиясында да «жауынгерлік рух» спортшының бәсекеге дайындығының басты психологиялық сапасы екендігі атап өтіледі: «Жауынгерлік рух соңғы межеге жетуге, бәсекелестік мақсаттың жетістігіне, күрес пен жеңіске жанталаса ұмтылатын қызмет нәтижесі мен процеске

қатынастың түрі. Бұл жоғары жинақылық, барлық мүмкіндігін пайдалану, спорттық күресте өзінің күшін толықтай сарқу. Жауынгерлік рух спортшының қосымша мүмкіндіктерін ашуға және күтпеген жерден жоғары нәтижеге жетуге ықпалын тигізеді» [13, 332б.].

Жоғарыда айтылғандай, тәндік күрескерлік тәжірибе мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, жүйеленген, өмірлік сынақтардан өткен, практикада тексерілген канондық үлгілер болып табылады. Егер психоанализ теориясына сүйенсек, оны бүгінгі ұрпақ саналы түсініп, мақсат қоя қабылдамаса да, ұжымдық бейсаналылық арқылы танып-тасымалдайды. Сондықтан күрескерлік спорт түрлеріндегі жетістіктерде жауынгерлік психологияның элементтері сақталғандығы жасырын емес.

Бұл феноменді ұлттық дүниетаным бойынша зерделесек, ұлттың рух тұтастығы, ата-баба аруағын құрметтеу сабақтастығы арқылы олардың «жәрдем беруін» және «желеп-жебеп жатуын» мысалға алуға болады. Себебі жеңімпаз спортшы өткен мен бүгінгі күн бірлігінің уақытсыз әлемі бойынша байырғы ержүрек түркі азаматының қайталанған қазіргі үлгісі болып табылады, модернизацияланған, қазіргі кезеңге бейімделген рухтың бейнесін береді.

Қазіргі олимпиада ойындарында Қазақстан көбіне тәндік жұптық бәсекелестік ойындарда ғана жеңістерге жететіндігі осыдан деп тұжырымдауымызға болады. Басқа да спорттық ойындардың қазақ дәстүрінде тарихи-мәдени негіздері қаланғандығын жоғарыда атап өттік. Бірақ Отансүйгіштік мағыналы күрескерлік рух ерте және тез оянатын өміршең болып отыр. Мәңгілік жал-

ғасқан жаугершілік дәстүрдегі «баһадүр» рухының тұтас потенциалды энергиясы бейбіт өмірде мәдени-әлеуметтік түрде спорттық ойындарға көшеді.

Жаугершілік дәстүр менталитетінде үнемі күрескерлік қана сақталды деп түсінуге болмайды. Бұл кезеңде қазақ халқында онымен қатар ұлттық спорттық ойындары да дамыған: ат спорты, күрес, арқан тартыс, аңшылық т.б. Мысалы, бұлардың тікелей жалғасы ретінде палуандық архетипті алуға болады. Қазақтарда палуанды ерекше құрмет тұтып, ол өз өнерін көрсетуде белгілі бір рудың, тайпалық қауымдастықтың, жүздің намысын қорғаған. Ол дәуірлерде әрине әлемдік аренаға шығу мүмкіндігі болған жоқ, мүмкіндік ашылған сәтте ғана қазақтың белгілі палуаны Қажымұқан әлемге әйгілі болып шықты. Әйгілілігі жиырма төрт елден медаль алып, еркін күрестен ешбір палуаннан жеңілмеген деректермен дәйектеледі. Демек, әлемдік спорттық жарыстарға дейін қазақ халқында күрестен дүние жүзіне белгілі әлем жүлдегерлері болған деп топшылауымызға болады.

Қазақ халқының күрескерлік рухын отаршылдық-бағынушылық сана бәсеңдеткенмен, түбегейлі жоя алған жоқ, өміршең мәңгілік рух Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардан бастап-ақ әлемдік аренадағы спорттық сайыстарда жетістіктерге жетіп, өзінің архетиптік көне болмысына қайта оралды, өзін-өзі қайтадан танып, оның тіршілік болмысын қазақ ұлдарының жеке өкілдері әйгіледі. Қайтадан елі мен халқын құрметтеудің және сүйе білудің жаңа үлгілері пайда болды. Оны қазіргі таңдағы жекпе-жек спорттарында әлемге әйгіленіп жүрген спортшыларымыздан анық байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айталы А. Ұлттану / Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2000. - 237 б.
- 2 Қартаева Ш.С. Қазақ халқының әскери өнері және жауынгерлік дәстүрі (ХҮ-ХҮІ ғғ.): т. ғыл. канд. ... автореф.: 07.00.02. – Алматы, 1999. - 21 б.
- 3 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. - 296 б.

- 4 Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. - 160 б.
- 5 Григорян Б.Т. Философская антропология: (Критический очерк). – М.: Мысль, 1982. - 188 с. Культурология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Феникс, 1997. - 576 с.
- 6 Коробейников Н.К., Михеев А.А., Николенко И.Г. Физическое воспитание. – М.: Высшая школа, 1984. - 336 с.
- 7 Нұрышева Г. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы, 2001. - 240 б.
- 8 Дүйсенбаев А. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Ақтөбе, 2005. - 24 б.
- 9 Шардарбеков Д.Ш. Қазақтардың зергелік бұйымдары мен қару-жарақтарының тәрбиелік мәні //Актуальные проблемы современной психолого-педагогической науки: Материалы Республиканской научно-теоретической конференции и 4 Тажибаевских чтении, посвященных 70 летию Казахского Национального университета. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 174 с.
- 10 Шопенгауэр А. Избранные произведения / Сост. авт. вступ. ст. и примеч. И.С. Нарский. – М.: Просвещение, 1992. - 479 с.
- 11 Радищев А.Н. Избранные сочинение. – М.: Гослитиздат, 1952. -712с.
- 12 М.Л. Журавин., О.В. Загрядская., Н.В. Казакевич и др. Гимнастика / Под. ред. М.Л. Журавина, Н.К. Меньшикова. – М.: Академия, 2001. - 448 с.
- 13 Психология. / Под ред. В.М. Мельникова. – М.: Физкультура и спорт, 1987. - 367с.



Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң –
күш керек, одан соң – тәртіп керек

Мұхтар Әуезов.

ӘОЖ 37.018.11. - 055.25

Г.Ә. Әбжан

Абай атындағы ҚазҰПУ,

«Мәңгілік ел және өзін-өзі тану»

кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие. Ата-ананың міндеті – жас ұрпаққа аға ұрпақтың әдет-ғұрпын, адамшылық, адамгершілік, инабаттылық, сыйлау қасиеттерін сіңіру. Әсіресе, қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда, қыз бала тәрбиесі ерекше орын алады. Автор қазақ халқының қыз баланы ардақтап ұстағаны, оның көңілін қалдырмағаны, оған қарсы сөйлемегені, оны мәпелеп өсіргені және де қатал ұстап, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені туралы қарастырады.

Түйін сөздер: *тәрбиесі, әдептілік, инабаттылық, сыпайылық, ұлт, ұрпақ.*

Одним из главных функций казахских семей – воспитание. Обязанности родителей – освоение поколения от старших обычай, традиции, человечности, воспитанность, уважение. Казахский народ уделяет отдельное внимание, воспитанию девочек. Автор, рассматривает о том, что казахский народ бережет девушек, не огорчая и не повышая голос. Но и воспитывали в строгости.

Ключевые слова: воспитание, вежливость, любезность, народ, поколение.

One of the main functions of Kazakh families – education. Duties of parents - the development of generation from older traditions, humanity, manners, respect. Kazakh people paid special attention, the education of girls. The author considers that the Kazakh people protects girls, not sorry, and without raising his voice. But brought up in severity.

Keywords: education, polite, courtesy, people, generation.

Қыз бала тәрбиесі қай кезде де қоғамның назарынан тыс қалып көрген жоқ. Бірақ бүгінгідей қоғамның ауыспалы кезеңінде қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеудің өзі уақыт күттірмейтін мәселе. Өйткені қыз бала - қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі болғандықтан, қыз баланы тәрбиелеу барысында ұлттың алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын қыз баланың санасына жасынан құйып, әдеп пен сыпайылық, таза-лық пен адамгершілік нәрімен сусындатып, білікті, білімді, жан-жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеуіміз керек.

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның ар-уы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа ина-

баттылыққа, мол мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеудің әрбір сәтте бастау алғаны нұр үстіне нұр болары анық. Біз ата-ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз. Атам қазақ ешбір жарғы, нұсқау жазып әуре болмай ақ әрі қысқа, әрі нұсқа нақылдармен тәрбие тағылымнан тамаша үлгісін түйіп айтып отырған. Халқымыз «қыз-қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген.

Халық арасында бойжеткен қыз ажарына қарай 6-ға бөлінген.

1 Әдемі қыз – баппан сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын.

2 Көрікті қыз – істі үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, бірден көзге түсе қоймайтын.

3 Әсем қыз – жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік.

4 Ажарлы қыз – дене бітімі жинақы, сөзі салмақты, ісі тиянақты.

5 Шырайлы қыз – көз жанары өткір, бет әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр.

6 Ару қыз – бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әлпетті, сұңғақ бойлы, терең ойлы.

Қазақ халқы қызының жазылмас дертке ұшырамауы үшін, жаза қадам баспауы үшін мынадай он түрлі талап қойған: 1. Әдепті 2. Ар-ожданы пәк болу 3. Кеңпейіл кешірімді болу 4. Мейір-шапағатты болу 5. Ақыл-парасатты болу 6. Сабырлы-салмақты болу 7. Адал, ақ жарқын болу 8. Мақсат мұратты болу 9. Өжет батыл болу 10. Ұят намысты болу.

Инабатты қыз өсіру ниетімен қызға 40 үйден тыйым болған: 1. Жарыса сөйлеуге, 2. Жалғыз қыдыруға, 3. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге, 4. Орынсыз ұрынуға, 5. Басқаларға қол тигізуге, 6. Өтірік, өсекке жақын болмауға, 7. Суық жүріс, сұмаң қылыққа, 8. Кісіге қарай керіліп есінеуге, 9. Талтайып отыруға, 10. Шалқайып жатуға, 11. Тамақты обырлана асауға, 12. Ұрлық қарлыққа, 13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге, 14. Бұрандап қылмысуға, 15. Қызыл іңірде жатуға 16. Түске дейін ұйықтауға, 17. Кісі алдында киім ауыстыруға, 18. Салт-дәстүрден аттауға, 19. Елді ғайбаттауға, 20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға, 21. Ішімдік пен шегімдікке, 22. Ұрыс-керіске, 23. Беттен алып, бет жыртысуға, 24. Қараулыққа, ысырапқа, 25. Рахымсыздық пен қатыгездікке, 26. Түнде суға жалғыз баруға, 27. Жат жыныстылармен арласып жатуға, 28. Күйеуге қашып тиюге, 29. Әдепсіз сөзге, 30. Тарс-тұрс етуге, 31. Адам мен жануарларды тебуге, 32. Кісіні қорлап жәбірлеуге, 33. Тәкеппарлық пен сайқымазақ жасауға, 34. Айғай сүреңге, 35. Шектен тыс сыланып жасануға, 36. Қызғаншақтық пен күншілдікке, 37. Менмендік пен өзімшілдікке, 38. Алдап-арбауға, 39. Көрсе-қызарлыққа 40. Нәпсі құмарлыққа тыйым. Бұл тыйым сөздердің мағынасын түсініп есте сақтау қажет.

Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдырлатпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді.

Қазақ қауымында қыз баланың орны ерекше болған. Ата-бабаларымыз «қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

Сонымен бірге қазақ халқы қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудыкі» деп қыз тәрбиесіне мейлінше сақ қарайды. Қызды баянды отанын тапқанша өзінің жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді.

Шолпы - талғамы биік халқымыздың тамаша қасиетін әйгілейтін әшекей бұйымы, әдемілікке әр беріп, асылын жарқырата түсетін бөлекше болмысымыздың айғағы. Жүрісі мен күлісі, әшекейі мен әсемдігі үйлесім тапқан қыздарды біздің халық жоғары бағалаған. Ғаламтордағы қазақ уикипедиясына жүгінгенімізде мынандай мәлімет шықты: «ШОЛПЫ – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады. Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да,

ортасына асыл тас орнатылады. Төменгі үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген бірнеше салпыншақ тағылады. Ол баулары арқылы бұрымға қоса өріледі. Дәстүрлі қазақ қоғамында Шолпының – көзді Шолпы (асыл тас қондырылған), қозалы Шолпы, қоңыраулы Шолпы, шынжырлы Шолпы, қос үзбелі Шолпы, маржанды Шолпы, меруертті Шолпы, ақықты Шолпы, т.с.с. түрлері мен атаулары кездеседі. Шолпыны о баста әйелдер қара ниетті тылсым күштерден қорғану үшін тағып жүрген. Халық адамның жарты жаны шашта болады деп, оны қорғау мақсатында Шолпы, шашбау таққан. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жеткен. Шолпы жас қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған».

Бұрынғы заманда қазақтың қызы деген кезде әр қазақтың көз алдына әшекейлі, сымбатты, өрілген қос бұрымы, сыңғырлаған шолпысымен ерекшеленген әдемі қазақ аруы елестейді. Шашбау, шолпы адам қозғалысы арқылы бұрымның ұзара түсуіне ықпал етеді, қазіргінің сөзімен айтқанда шашқа массаж жасайды. Ауыр шолпы таққан адамның басы ауырмайды, ерте кезде адамдар шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады деп сенген. Шолпыға тағылған тиындар қыз баланың тал шыбықтай тік, сымбатты өсуіне септігін тигізеді. «Сылдырлатсаң тиынды, жоғалтарсың сиынды» деген сөздің арғы астарында қазақ қызына тән биязылық пен әдеп-ибаның жатқанын аңғарамыз (1).

Қазіргі күні шолпының не екені түгіл, оның атын естімегендер де жетіп артылады. Оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуге болады, бірақ көбісі ескі заманнан қалған көне дәстүр деп қарайтыны анық. Сондықтан қыз баланың әсемдігі мен жүрісін, қимылын түзеу үшін қоңыраулы шолпыны бұрымына таққан. Содан қоңыраулы шолпы таққан қыз бала үй арасында жүргенде, жүгіргенде, күлгенде ол сыңғырлап дыбыс беріп тұрады. Үйдегі отырғандар әдептен тыс әңгіме айтпай отырғандарында даладан шолпының сыңғырын ести сала сөздерін тыя қоятын.

Осылайша, шолпылы қыз жасына жетпей жаман сөз естуден бойын аулақ ұстайды.

Үлкендер қыз баласының әрлі-берлі жүрген жүрісіне де мән беріп, тіпті шолпысының сыңғырына дейін бақылауға алып отыратын еді. Жүрісі ерсілеу, шолпысының сыңғыры қоңырауға айналған қызды «Қоңыраулы қыз» деп атап, ата-анасына ескерту жасап отырған. Ал, бүгінде бет шымшыр жайттар, бет сызар сөздерге «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа некен-саяқ. Бұл жөнінде ақын Қасымхан Бегмановтың зерттеуші, этнограф Жағда Бабалықұлымен «Этнографпен әңгіме» кітабын парақтап шыққанымда, мына жайтқа назарым ауды. «Бет шымшу – әйелдерге тән қасиет. Олар біреудің немесе өзіне жақын қыздар мен әйелдердің ерсі істерін, қимылдарын көргенде немесе дөрекі сөздерін естіп қысылған жағдайда осылай ыммен сездіреді. Бет сызу - адам ұялатын сөздер естігенде әйелдердің сұқ саусағымен бетін сызатын әдеті бар», – делінген. Ерлерге мұндай әрекетті қайталау ерсі көрінетіні айтпаса да түсінікті.

Мәнерлі жүріс, саналы түрде омыртқаны тік ұстап қадам басудың атаулары әріден таған тартады. Естайдың «Бір мысқалында» қазақ қызының портреті көрсетіледі. «Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей, Аяғын келеп басып, некей-некей». Некей басу дегеніміз – шолпының дыбысы естілместей, басар-баспасы білінбес қадаммен жүруді айтамыз. Соның бәрі тұнып тұрған иба, тәлім. «Ғауһартаста» да жүрістің көрінісі ап-анық суреттеледі:

«Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.

Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,
Әсемсің жүйрік аттай мойнын бұрған».

Қыздың киімі, дауысының ырғағы нәзіктігіне тән жүрісі де сай болса, сонда толық бейнесін аша түседі. Осы тұста мектеп қабырғасынан жастанып оқыған «Абай жолындағы» сырғасы сыңғырлаған, шолпысы сылдырлаған Тоғжан көз алдымызда көлбең етеді. Ал, еуропаша жүріспен бойды тік ұстап, назарға ілігуге ұмтылғанымызбен

рухымыздың қалдығын да жони алмаймыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ», – деген пікірін ескерсек жеткілікті

Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Сондықтан да бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандығы негізгі мақсатым: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыпайы қыздарымызды тәрбиелеуге мысқалдай көмек көрсету.

Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, балаларының анасы. Олардың бойында имани тәрбие болғаны ләзім. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие

алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз. Сөз соңын Елбасымыздың: «Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей, бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді» деген пікірімен қорытындылағым келеді. Қаракөздеріміз бұрымды шашымен, инабатты мінезімен, ақылдылығымен, кіршіксіз арымен әрқашан басқалардан ерекшелене біледі. Жазушы Ә.Нұршайықовтың мына бір сөздерін әрбір қыз баланың бойына сіңірсек құба-құп.

– Қыздар! Өздерінді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам ең ардақты адам.

–Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар!

–Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар!

–Қыздар ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар.

–Инабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіндер!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мейірханова З. Қыздың жолы жіңішке. – А., 1994. - 48 б.
- 2 Ақшапбаева Г. Қазақ баласын қалай тәрбиелеген. – А., 2008. -50б.
- 3 Жұмабаева Н. Қыздарға өнегелі ақыл беру жолдары. – А., 2010. -102б
- 4 «Қыздар әлемі» журнал, №9-2013.



Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе,
Ұл жарлықап ас бермес – әке үлгісін көрмесе

Халық мақалы.

ӘОЖ 395.396.1

К.Ә. Қаражанова

Ж. Мырзағалиев орта мектебінің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ҚАЗАҚ БАТАСЫНЫҢ ҚАДІР - ҚАСИЕТІ

Мақаланың негізгі мақсаты ұлттық ділді, ұлттық рухты, тәрбиенің ұлттық иірімдерін дәріптеп, жастарға заманауи тұрғыда тәлім - тәрбие беруде ықпалы зор екендігін айқындау. Ұлттық ділі мен ата-дәстүр мәдениетінен, әдет-ғұрпынан алшақтап бара жатқан жастарды өз халқының асыл мұрасына назарын аудартып, халқымыздың өзіне тән ұлттық құндылықтарын мақтан тұтуға; қазақ халқының бай мәдениеті мен озық өркениеті үлгілерін танытып, таныстырып отыру біздің асыл мұратымыз. Туған халқы мен жерін сүйетін ұлтжанды жастарды тәрбиелеп, еліміздің өркендеуі мен қауіпсіздігін баянды ету.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызға жағымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер – тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті - замандар мен ғасырлар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже қағидасы іспеттес.

Түйін сөздер: *Рухани, ақыл, нақыл, өсиет, бата*

В статье показана важнейшая роль в воспитании молодежи в духе сохранения национального наследия, языка и национального видения мира. Необходимо обратить внимания молодежи которая отделяется от национального наследия и культуры на национальное богатство свойственные своему народу, на возвышение его культурного наследия; нашей целью является ознакомления их богатой культурой и примерами цивилизацией. Воспитания молодежи в духе любви к своему народу, земле и внести свой вклад в процветание и безопасность.

Среди национальный культуры и духа казахского народа особое значение имеют слова благословения (бата). Так как, слова благословения дают человеку особую энергию бодрости, веру в будущее, и являются источником воспитания. На протяжении веков эти священные слова собирались, прошли через сито жизненного опыта, стали умозаключением человечности и мудрости народа.

Ключевые слово: *духовный, ум, назидание, поговорки, благословение.*

The major role in education of youth in the spirit of a sokhrayeniye of national heritage, language and national vision of the world is shown in article. It is necessary to turn attention of youth which separates from national heritage and culture on national wealth peculiar to the people, on an eminence of its cultural heritage; our purpose is acquaintance their rich culture and examples a civilization. Education of youth in the spirit of love to the people, the earth and to make the contribution to prosperity and safety.

Among national culture and spirit of the Kazakh people the special matter words of a favoring (baht). As, words of a favoring are pledged to the person special energy of cheerfulness, belief in the future, and are an education source. Throughout centuries these sacred words gathered, passed through a sieve of life experience, became conclusion of humanity and wisdom of the people.

Keywords: *spiritual, mind, edification, sayings, blessing.*

«Бата» ұғымының тек төркініне барлау жасар болсақ, Құранның бірінші сүресінің, аты - «Фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда Жаратушыға мадақ сөз айтылады. Халықтың тілек бата сөздері жеткіншек жас ұрпақты қорғауға талапты жастүлек боп ержетуге талпынтады.

Белгілі бір этикалық, эстетикалық, педагогикалық жүйемен құрылған тілек-бата –халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ежелгі мұрасы. Бұлар оның рухани өмірінде тұтастық бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады. Ұлт тілінің негізгі сөздік қоры, лексикалық байлығы музыкалық әуезділігі келісті көрініс тапқан.

Шындығында, шынайы шеберлікпен, терең толғаныспен тоқылған бата сол қауымның адамгершілік-моральдық жаратылысын, ұлттық дәстүрлерін, табиғатқа, қоғамға, дүниеге көзқарастары мен түсініктерін, ырым - нанымдарын аңғартады. Бата берудің рәсімі де әртүрлі болып келеді.

Болашақтың тұтқасы, иесі - ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер - білім, құт - береке, ұзақ өмір, үлкен табыс тілеу ежелден адамзаттың асыл мұраты болса керек:

Айдай жарқыра,
Жұлдыздай жылтыра,
Маңдайың ашық болсын,
Дұшпаның қашық болсын!

Көшкенде, мүшел, қоныс тойларда, ұлыстың ұлы күнінде, жаңа киім кигенде, жақсы іс бастарда, үлкендерге құрмет көрсеткенде, кейде қаралы шақтарда да ақ бата беріледі.

Ал, адамшылыққа жатпайтын жат, оғаш, жан түршігерлік қылықтар үшін теріс яки қарғыс баталар да айтылады. Бата тек қазақ жұртында емес, түркі-монғол халықтарында да бұрыннан дәстүрге, салтқа айналған. Бурят елі мұны «юроль», ал алтайлықтарда «алқышы» немесе «алқышсос», монғолша «ероль» деп аталады. М.П. Хамағанов 1959 жылы Улан Удэден шыққан «Бурят афористік поэзиясының очерктері» деген зерттеу еңбе-

гінде бурят халқының революцияға дейінгі бата сөздерінің үздік үлгілеріне арнайы тоқталған. Сонда: «Гүлдей жайна, күндей асқақта. Алтындай таза бол, күмістей мәңгі өшпе!» деп келетін әрі жарқын, әрі мағыналы, әрбір жүрекке ұялайтын, санадан сөнбейтін сырлы, ғибратты сөздер аз емес.

Монғол халқының салт, жорасында, атап айтсақ, киіз басу, жүн өңдеу, аңға шығу, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, некелесу, отау тігіп, шаңырақ көтеру, жаңа құрылған киіз үйді жабдықтау - батасыз өтпейді екен. Қалыңдыққа арналған батада: «Аққу мамығындай аппақ қойларыңды, ақ қайындай арқаныңды қалдырма. Құстай ұшатын сәйгүліңді мініп кел» деген маржандай тізілген мәнді сөздер бар. Батагөйлер соншалықты мәнерлі, нақышты, әрі өлең өлшемін дәлме - дәл сақтай отырып әсем сөйлеген.

Ал қазақ бата сөздерінің жиналып - жариялануы XIX ғасырда басталған еді. Орыс шығыс зерттеуші, Петербург Ғылым академиясының академигі В.В. Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты күрделі, сүбелі еңбегінің үшінші кітабы түгелдей қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған.

Сондай ақ, түркі тектес халықтардың рухани мұраларының жиналуы мен зерттелуіне аса зор көңіл бөлген Г.Н. Потанин жазбаларында да тілек - бата көп кездеседі. Мысалы:

Сабаң жиылмасын
Іркітің басылмасын.
Жанторсық жаныңнан кетпесін,
Қойың өрістен кетпесін,
Биен желіден кетпесін...

Бұл орайда А.Васильевтің «Қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгілері» бойынша 1905жылы Орынборда «Бата сөз» деп аталатын жинақ та бастырып шығаратынын атап айтқанымыз абзал. Аталмыш кітапшадағы бата үлгілері бағалы нұсқалар:

Е, құдайым, жаздай бер,
Жаздай берсең, жазбай бер!
Е, құдайым, күздей бер,
Күздей берсең, үзбей бер!

Е, құдайым, қыстай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер!
Е, құдайым, көктемдей бер,
Көктемдегі көгеріп өскендей бер!

Адамгершілік, молшылық, бақытты болашақ, бейбіт өмір, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» шуақты күн - осынау бата сөздердің көпке шашқан шапағаты.

Қазақ баталарының тақырыптық шеңберінде этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, бақыт, қонақжайлылық, амандық-саулық және т.б. мәселелер қозғалады. Күншығыс елдерінің оның ішінде бақташылықпен шұғылданған көшпелі халықтың жаңа жылдық мерекесінде, яғни ұлыстың ұлы күнінде мынадай бата беріледі:

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

Халықтың ой –қиялы, сана – сезімі туғызған бата сөздердің көркемдік - эстетикалық мәні, эмоционалдық әсерлілігі, образдар жүйесі, суреттеу, мәнерлеу, бейнелеу құралдары, көркемдік сапасы, сөз саптау шеберлігі оқырман жүрегін баурамай қоймайды. Мәселен:

Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Сапарлының жолын бер.
Қыздың қылығын бер,
Судың тұнығын бер.
Даланың жазықтығын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер,
Нағыз достың тілегін бер.
Мәңгі бақи ажырамас
Шын ғашықтың білегін бер.

Демек, бірсыпыра бата сөздердің ерте замандық, дүние екендігін мына бір мысалдан айқын аңғарамыз:

Бұрама темір сом алтын
Суға салса батпасын.
Тәңір берген несібең
Тепкілесе кетпесін.
Қастық қылған адамың

Мұратына жетпесін.
Айтса-қарғыс, тисе көз
Дарымасын, өтпесін.

Не болмаса, «Ай мүйізді ақ қошқарым бастаған отар-отар ақтылы қойым сенікі болсын! Қамыстай сүйір құлағының шетінде қара меңі бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған үйір –үйір боз жылқым сенікі болсын! Шудалары төгілген, түсінен кісі шошитын қара бурам бастаған келелі түйем сенікі болсын! Мүйізі қарағайдай, бөрі келсе оны жармай тынбайтын көк бұқам бастаған малым сенікі болсын!»

Атасының келінісіне берген: «Иін қандырып илеген тулақтан мінезің жұмсақ болсын қарағым» деген тілек-бата сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, көшпелі өмірінен хабардар етеді.

Қазақ халқының тұрмыс, салт тіршілігі, кәсібі, көшпелі өмірінен хабардар етеді. Ұлттық бояу нақыштарға толы бата сөздер көпке өнеге.

Нақты тарихи тәжірибелер мен уақыт елегінен өткен, өнегелі қорытындыларға негізделген халық даналығының осы бір мәуелі, жемісті бұтағымен бірге, ел шешендерінің, жырау ақындарының да тұжырымды, мағыналы бата сөздері бар. Мысалы: Сегіз серінің атақты ғұлама Қаныш Сәтбаевтың әжесі Имантайға берген батасы. Ақын жас нәрестенің елдің жүгін арқалайтын алып, ақылгөй болуын армандайды. Соның бір үзгісі мынадай:

Қазыбектей халқыңның данасы бол,
Қарабастай жұртыңның бабасы бол.
Елін қорғап, дұшпанға соққы берген,
Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол!
немесе, халық поэзиясының майталманы
Жамбылдың батасын алайық:

Құдайым осынау үйге дуа берсін,
Тіл –аузын дұшпаныңның буа берсін.
Келіннің балағынан бала саулап,
Салпы ерін қара ұлдар туа берсін.

Қазақ халқының бата сөздерінен оның тарихи салт-дәстүрі, танымдық ерекшеліктері, тағылымдық сипаттары, әсіресе,

этикалық – адамгершілік келбеті, отбасы жарастығын сақтауы, өскелең ұрпағын тәрбиелеуге негізделген ізгі арман – аңсары жарқын көрініс тапқан.

Гибрат сөздер адам баласының көркем мінезді, түзу, дұрыс пиғылды, сабырлы, салиқалы, байыпты-байсалды, жайсаң жайдармен, әділетті, тәртіпті, мәдениетті, таза ниетті, қанағатты болуына, тұрмыс-тіршілік кемесінде еркін жүзуіне риясыз ықпал жасайды, ақыл - ойыңды, таным- пайымыңды кеңейтіп көркейтеді.

Шындықты жақтап, ар-ожданыңды сақтап, ортанды сыйлап, Ілияс Жансүгіровше айтқанда: «Піл сүйекті бұлаң ер, арыстандай айбынды ер, жолбарыстай жуан ер, Ертістің бойын үркіткен ер» атағына ие болуға, жерсуына, орман нуына ие болуына мықтап баулиды. Қарын қамын емес, халықтың қамын құнттауға шақырады.

Аспандай көнермейтін, көктемдей қартаймайтын қазақтың гибрат сөздерінде әсемдік пен тапқырлық, ойшылдық пен сыршылдық, ақылдылық пен данагөйлік, шынайылық пен сыпайылық бар. Тәрбиелік мәні терең, гибраты зор. Мысалы, «Аспандай берме, жерден ұзап кетерсің, елден ұзап кетсең, барса келмеске кетерсің»,–дейтін өсиет сөзде қаншама мағына, мән бар десеңізші! Сан тараптағы тағылымы мол өсиет - тілектер ұрпақтан- ұрпаққа жыры мен нұрын төге берері хақ.

Ата бабаның дұға тілектерімен өніп өсіп келе жатқан ұрпағымыз. Олай дейтін жөніміз де бар. Баһадүр бабаларымыз елі мен жерінің тұтастығы үшін аянбай тер төкті, болашақ ұрпағының берекелі батасын беріп, өнеге қалдырды. Ал бұл өнеге пайғамбарлардан жалғасып келе жатқан игі дәстүр еді. Сүйікті Мұхаммед пайғамбар әрбір намазынан кейін жаратқан иеден үмбеті үшін жарылқау мен тура жол тіледі.

Қазірге дейін үлкен кісілерден: «Көсе-гең көгерсін», «Жасың ұзақ болсын», «Қатарыңның алды бол» деген сияқты игі тілектерді көп естиміз. Санамызда қарияларымыз бен үлкендеріміз осылай болуы

керек деген ұғым қалыптасқан. Дегенмен, дәстүрлі тәрбиеден, рухани қайнарлардан сусындамаған кейбір кейінгі толқын өкілдерінен мұндай тілеуқорлық сипатты байқай алмаймыз.

Шындығында, жастарға әрдайым жақсы тілек тілеп отыру жасамыстарға, ақсақалдарға тән қасиет. Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697-1786) айтқандай:

Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы.

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы.

Ақсақалға жарасар

Тілеуқорлық айласы.

Халық арасында кең тараған осынау ізгі дәстүрдің түп қазығы Пайғамбар сүннетінде жатыр. Тілеуқорлықтың бір түрі бата беру үрдісі қазақ халқының қанына сіңген ерекше дәстүрлерінің бірі. Әрбір айтулы шараның алдында үлкеннің батасын алу міндетті саналады. Батаны негізінен үлкен кісілер, көпті көрген қариялар береді. Жастарға игі тілектерін жаудырып, Жаратқанның алдағы істің сәтті болуын тілейді. Ондай кісілер аузы дуалы, дұғасы қабыл алынатын адамдар деп құрметтеледі. Бата алушы «әумин» деп, айтылған бата тілектің қабыл болуына сенеді. Елге аты мәлім кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысу ел арасында кең тараған игі дәстүр.

«Бата» деген сөздің өзі «фатиха» сөзінен шыққан. «Фатиха» сөзі «ашушы, беташар» деген мағынаны білдіреді. Яғни, аталмыш сүре – Құдай тағала кітабының алғашқы сүресі болғандықтан солай аталған. Демек, бата сөзінің түп-төркіні- «Фатиха». Соған қарағанда ертеректе, дінімізден ажырамай, мұсылмандығымызға мығым кезімізде ізгі адамдар елге айтатын бата – тілегін «Фатиха» сүресінен бастаған болса керек.

Бата, тілек, өсиет айту- мұсылмандық болмыстың бір бөлігі десе болғандай. Қазақ халқындағы сан ғасырлардан бері қалыптасып кеткен бата сұрау, бата беру үрдісінің түп – төркінін асыл дініміз - Исламнан іздегеніміз жөн. Мысалы, пайғамбарымыздың сахабалары оған барып, өздері үшін

Алла Тағаладан дұға тілеуін сұрайтын. Өйткені Пайғамбар дұғасы әрқашан да қабыл. Бірде қатты қуаңшылық болып, адамдар Пайғамбардан Алладан жауын сұрауын өтінеді. Ол дұға еткен сәтте- ақ көктен көптен бері жаумаған нөсер жауын құйып кетеді.

Сол секілді ізгі пенделердің, ұстаздардың, ата- аналардың дұғалары қабыл етіледі. Олардан барып, бата- дұға сұрауға болады. Әр отбасының ырыс, құт берекесі де батагөй қазыналы қарияларымыздың амандығы мен саулығын тілейік, ағайын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ислам өркениеті. 2013ж № 31. 1-10 желтоқсан. 5-бет.
- 2 Дербісәлі Әбсаттар. Ислам және заман. – Алматы, «Б.О.Ж», 2003. - 560б.
- 3 Мәмежанов Қ.Ш. Ислам тағылымдары. – Алматы, «Б.О.Ж», 2003. - 448б.



Естілердің сөздерін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады

Абай.

ӘОЖ 34. 034

М.Т. Тобықов

*Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы №2 шағын орталықты
орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Т.А. Меркібаев

*аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы тіл білімі және Шетел
филологиясы факультетінің аға оқытушысы*

ЕЛБАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бұл жобаның тақырыбы тек мектеп оқушылар ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін де маңызды болып табылады. Жоба қазақ тілі, әдебиет, тарих сынды ғылым салаларын қамтиды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні талқыға түсуде.

Зерттеу жүргізушілер нақыл сөздердің жалпы халық үшін пайдасын саралай келе Елбасының нақыл сөздерін тереңірек зерттеп, талдаулар жүргізуді мақсат тұтқан. Осыған орай алға қойған міндеттеріміз – нақыл сөздерін зерттеп, зерделей отырып, оны өзгелерге жеткізу, таныту.

Түйін сөздер: *елбасы, патриоттық, жас ұрпақ, талдау, зерттеу, тәрбиелік, нақыл сөздер.*

Тема этого проекта важна не только для учеников средней школы, но для всех Казахстанцев. Проект охватывает такие отрасли исследования дисциплин как казахский язык, литература, история. В настоящее время анализируется воспитательная сторона крылатых слов президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Анализируя важность крылатых слов президента для народа авторы этой статьи глубже рассмотрели крылатые выражения, ставили цель сделать анализ. Согласно сказанному перед нами стоит цель исследовать крылатые слова, осмысливая передать другим.

Ключевые слова: *президент, патриотический, молодое поколение, анализировать, исследовать, воспитательный, крылатые слова.*

The theme of this project is important not only for pupils of secondary school, but for all Kazakhstan citizens. The project covers such branches of research of disciplines as the Kazakh language, literature, history. Now the educational part of sayings of the president of the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishevich Nazarbayev is analyzed.

Analyzing importance of sayings of the president for the people authors of this article considered popular expressions more deeply, set the purpose to make the analysis. According to above-said we set the purpose to investigate sayings, realizing transfer them to others.

Keywords: *president, patriotic, young generation, analyze, research, educational, sayings.*

Қазіргі кезде оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – білім, ғылым ғасыры. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім

беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген.

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда оқушылардың ғылым мен жаңа білім

әдістерін пайдалануда маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Аталған технологияны білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы, негізгі қозғаушы күші оқушы, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Ең бастысы – жеке тұлға, жеке адамды қалыптастыру, оларды тәрбиелеу және шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау. Осыған орай оқушылардың ғылыми қоғамы қолға алынып, жүзеге асырылуда.

Қоғамда тың идеялардың қарқынды дамуы, жан-жақты жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етілген. Білім мен ғылымның даму кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті тұлға даярлау мұғалімнің басты міндеті болып отыр. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылуда. Өйткені жеке тұлға өз іс-әрекеті арқылы ғана дами алады делінген. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Елбасының: «Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүдден жолында бойда қуат, ойда нәр – бәрін аянбай сарп етуге пейілмін!», «Қандай да қасіретке қабырғасы қайысса да, қаймықпай төзе білген, қажырлы да қайсар қазақ халқының алдында мен басымды иемін!», «Менде Қазақтың елдігін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда басқа мақсат та, арман да жоқ!», «Осы елдің Президенті ретінде де, осы ұлттың бір перзенті ретінде де дәйім көңілімнің төрінде тұратын – туған халқым» деген сияқты сертпен тең тегеурінді тіркестерін естігенде қабылдайсыз да қапысыз қостайсыз. Осындай шешен де өткір тілді талғам-толғаныстарын жүйелі жеткізіп, ерекше дарын мен таланттан туатын, өмір тәжірбиесі мен талғамы мол өнердің бір

саласында қалам тартып жүрген, еліміздің басшысы әрі панасы Н.Ә.Назарбаевтың елім деп еңіреген, әрі халқы үшін, әрі Отаны үшін бейбітшілік тілеп, көк байрағымызды желбіретіп, Қазақстанның ұлы перзенті Елбасының нақыл сөздерін зерттеп ой түйіндегіміз келді.

Білім алуда оқушылардың өз іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы шығармашылық ізденісін жетілдіру, өз бетінше жұмыс істеуге, өз қиялын, идеясын қалыптастыру мақсатында «Елбасының тағлымы мол сөздері» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргіздік.

Бұл тақырыпты алудағы мақсатымыз – «Өнер алды – қызыл тілдің» бар мүмкіндігін, иірімдерін кеңінен қолданған, халықтың қымбат қазынасы, ұлттың ұлы байлығы – сөз асылын бар қырынан таныта білген Елбасының нақыл сөздерін қадірлеу, қастерлеу және оны оқушыларға таныта білу, тарату. Сол арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыру.

Н.Ә. Назарбаевтың шығармашылығын зерттей отырып, оқушылардың түрлі ақпарат көздерін пайдалана білуге, нақыл сөздері арқылы қоғамдық-саяси көзқарастарды қалыптастыруға, өздерінің шығармашылық, іскерлік қасиеттерін бағалауға үйрету. Елбасының жинақтары мен әр жылда шығарылған топтамаларымен танысып, оны талдау үшін теориялық білімдерін жетілдіру. Елбасымыз «**Ел болу үшін – ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болу керек**» [3.95] – деп, жастарымызға ұлт болу үшін – ұлттық рух, ұлттық тәрбие, ұлтқа деген жанашырлық пен сенімділік көзқарас туындаса ғана бала бойында патриоттық сезім пайда болады деп ой тұжырымдаған. Жалпы алғанда ұлттық тәрбие өмірдегі ең сұлу табиғат десек, сол табиғат та адам көзі, адам талғамы арқылы танылады. Елбасымыз өзінің туып өскен жеріне көзқарасын «Үш қоңыр» өлеңімен жеткізді. Оның сұлу табиғатын шынайы сезіммен жырлады. Әр адам өзінің туған еліне, жеріне, Отанына деген

көзқарасын Елбасымыздай қастерлесе одан артық бақыт болмас еді деп ойлаймын және не жазса да түбірін, ішкі сырын түсініп жазды. Әр нәрсенің сырын, қасиетін терең сезініп жазған соң, оқырмандарының барлығын сүйсініп оқуға жетеледі.

Елбасының Отан, тіл, тарихқа арнап жазған нақыл сөздерінің идеялық жүйесі.

Саяси қайраткерлердің қай-қайсысы да алдына қойған мақсат-мұратына жетуі үшін жұртшылықты өз ойының дұрыстығына иландырып, халықтың қолдау-сеніміне ие болуға тиіс. Ал, мұның өзі алқалы жиындарда сөйлеген сөздері мен мерзімді баспасөзде, жеке еңбектерінде жарияланған ойлары арқылы қоғамдық санаға сіңісіп, жүзеге асатыны белгілі. Демек, ол ойлардың көпшілік көкейіне қонымды, жүрекке жылы тиер жұмыр да нанымды болуы – қайраткер жетістігі мен жеңісінің алғышарты.

«Біздің жастарымыз оқуға – жаңа білім, ғылымды игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» – деп, 2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауында айтып өткен.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына Жолдауының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінен көруге болады. Мұнда: **«...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... Бабаларының игі істерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады»** [1.10] делінген. Осы тұста Патриоттық сезім тұлғаның тектілігінен туындайды. Ол тәрбие арқылы өсіп-жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Ұлттық патриотизмді ұлт және патриотизм туралы екі ұғымның жадағай қосындысы деп

қарауға болмайды. Себебі, ұлттық патриотизм – хан мен тектіліктен туа біткен қасиеттердің тәрбие арқылы бекіп, нығаюы, елін, жерін шексіз сүйіп, соған қызмет ету, ұлттың барлық қасиеттерін ардақтау деп жастарды Отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. «Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да – кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі».

Елбасымыз нақыл сөздерін қазақ тілінде жазып, керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені түгелдей халық ойынан тапты. Елбасының туған еліне, ұлтына сүйіспеншілігі туралы сөздерінде ой-сезімі, жан дүниесі терең ашылған.

Асқақ арман, асыл сөз, асқан шеберлік пен шешен тіл арқылы алуан құбылып, неше түрлі салыстырулар мен байыту негізінде көркем де кестелі ойлармен талғам-толғаныстарын жүйелі жеткізген айрықша дарын мен даралықтан туатын, өмір тәжірибесі мен талғамы мол. Елбасымыз көптеген дәйек сөздер жазды. Олар қазақ халқына жаңаша жазылған құндылықтар болып табылады.

Патриоттық сезім тұлғаның тектілігінен туындайды. Ол тәрбие арқылы өсіп-жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Елбасымыз нақыл сөздерін қазақ тілінде жазып, керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені түгелдей халық ойынан тапты. Елбасының туған еліне, ұлтына сүйіспеншілігі туралы сөздерінде ой-сезімі, жан дүниесі терең ашылған. Елбасымыз көптеген дәйек сөздер жазды. Олар қазақ халқына жаңаша жазылған құндылықтар болып табылады. Елбасымыздың қандай да нақыл сөзі болмасын бірінен-бірі асып өтетін өзінің, халықтың, оқырманның, жұртшылықтың көкейінде жүрген көкейтесті мәселелерді ашық көрсетіп, оқырман көңіліне бірден жететіндей жазған. Сонымен бірге өмірден көргені мен білгені, түйгені мен зерделегені, ойын орамды, тәлім-тәрбиелік маңызы зор, мәні өте жоғары, сөздері құнды екенін аңғарамыз. Отан туралы жазған мына нақыл сөздерінде **«Бұл дүниеде біздің бір ғана**

Отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан», «Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» Біз мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздымыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін, жан-тәнімен сезіну керек екенін айтып өткен. Әрбір адам бала кезінен Отанның отбасынан басталатынын, қарапайым ойды бойына сіңіріп, әрбір азаматы үшін алар орны ерекше екенін дөп айтты.

Біздің тарихи міндетіміз - елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу, келер ұрпаққа өркенді де өршіл Қазақстанды табыстау болып тұр деген. Елбасымыз

Отан-Ана, От бердің жүрегіме,

Риза боп қараймын гүл-өңіңе.

Бабаларым сомдаған бағзы бейнең

Тәуелсіз боп түрленді, Түледі де!

Менде қандай арман бар, Асыл ана,

Жарай алсам халқымның тірегіне?!

– деп, өз ойын өлең жолдары арқылы түйіндеп жеткізді. Өз Отанының, туған халқының, елінің, жерінің тағдырына бар жан-тәнімен алаңдайтын, мұңын, жоғын жеке басының проблемасынан жоғары қоятын ұлтжанды тұлға екенін байқадым. Патриоттық тәрбие - ұлттық намыс, ұлттық сана рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен тілімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, салт-дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет. Сонымен бірге Елбасымыз Қазақстанда тұратын көптеген ұлттардың тілі мен мәдениетін меңгертуге жағдай жасап келе жатқан мемлекет.

Оны Елбасының мына сөздерінен байқауға болады **«Ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр», «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған оның ғажайып тілі», «Қазақ қазақпен қазақша сөй-**

лессін», «Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс - бітімі осы тілде қаттаулы жатыр» деген нақыл сөздерінде мемлекеттік тіл - ұлттық саясаттың дінгегі. Өйткені Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Әр адамзат ойлайтын, толғанатын тақырыптың бірі – болашақ, келер ұрпақтың өмірі және орыстанып кеткен қазақтарға көкейде жүрген ойын анық айтып отыр. Сонымен бірге үлкені болсын, кішісі болсын барша қазақтарға Ана тілінде сөйлеуіне ата-бабамыздан қалған теңдесі жоқ байлық екенін жеткізуде. **«...Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!»** – деп, мемлекетіміздің ұлттық тілін қыран құстай самғатып, қандай өмір болмасын әрі қалқан, әрі қару ретінде ұстаған ақын-жазушыларымыздың отты да, ойнақы ойларын Ана тілі арқылы жеткізуін айтып отырған. Қазақ халқы - сөз қадірін қастерлеп, қасиетті сөздерді аузынан тастамай, терең мағыналы сөздермен зерделеп келе жатқан халық.

«Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бейжай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы» – деп, өте дәл айтты емес пе Елбасы? Иә, қазақ тілінде қазақтың ғажайып ұлттық тәрбиесі жатыр. «Қазақ тілі – аса бай икемді тіл. Орамын бұрамай тауып, қисынын орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады. Бұл тілмен май тамады десе де сияр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсаң, не бір алуан – шекер балдай татитын нәріне, әрине, есте, тоймайсың. Осындай сөздерді

әрбіреуіміз санамызға сіңіріп, сол күнге жетер жолда жұмыла еңбек етуіміз керек. Ендеше, ана тілін ардақтау әрбір азаматтың абыройлы борышы екені ешқандай дау туғызбаса керек. Ана тілі анамыздың ақ сүті арқылы сәби кезімізден бойымызға сіңісіп дамып жатыр. Ана тіліміз әр отбасы ошақ қасынан бастау алады. Отбасындағы ұлттық тәрбие ана тілін қастерлеп, қадірлеуге көптеп көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, ұлтымыздың тарихына да бей-жай қараған жоқ. **«Тарих пен тіл тамырлас»,** – деп, Елбасымыз тарихқа көз жүгірте отырып, **«Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөле айтар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қанын төгіп, жанын беріп жүріп, қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Ал, екінші олжамыз – сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен түп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі»** – деді бір сөзінде. Елбасымыз осынау өзек жарды пікірі бүгінгі қазақ ғылымына, оның тарихтану, тектану, фольклористика, тіл білімі, әсіресе ономастика секілді салаларына үлкен міндет жүктеді. Ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып, жалғыз жер байлығына сеніп қалған қазақтар емес, ең алдымен өз тарихына үңілген қазақ екенін айтуда.

Ел байлығын ұстап қалатын бүгінгі жас

ұрпақ. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру біздің бірінші міндетіміз. **«Білім мен тәрбие егіз», «Тәрбие бастауы тал бесіктен басталады»** – демекші, тәрбие әр баланың отбасындағы ата-ананың көзқарасы мен ой түйіні екені хақ. Жалпы алғанда ұлттық тәрбие өмірдегі ең сұлу табиғат десек, сол табиғат та адам көзі, адам талғамы арқылы танылады. Елбасымыз не жазса да түбірін, ішкі сырын түсініп жазды. Әр нәрсенің сырын, қасиетін терең сезініп жазған соң, оқырмандарының барлығын сүйсініп оқуға жетелейді. Ұрпаққа ұлт мұратын, елдердің қадыр-қасиетін асқақтатқан, бірлік пен берекені басты санаған Елбасымыздың еңбегі зор.

Қорыта айтқанда «Қиыстырып қаласаң, отың жанар, қиыстырып айтсаң, халық нанар, сөз шынды табар» деген өмір тәжірибесінен өткен жүрек сығындысынан шыққан ЕЛБАСЫНЫҢ сөздері бізге жетіп отыр. Жеткенде көшеге ілу үшін, көрмеге қою үшін емес, қолданысқа түсіп, ұрпағы одан нәр алып, тәрбиеленіп, туған елінің кәдесіне жарар «кірпіші» болуы үшін! Осындай нақыл сөздерін оқу арқылы оқушының ойлау қабілеті, рухани байлығы артады, қоғамдық саяси көзқарасы қалыптасады, туған елге, жерге деген құрмет сезімі оянады және оны сүйюге, қастерлей білуге үйренеді. Сол үшін Елбасының нақыл сөздері халық игілігіне жаратылып, жаңа заманның адамдарын тәрбиелеуге көптеп көмегі тиеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. – А: «Атамұра», 2001.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – А: «Атамұра», 2003.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана 2007.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Өмірбаяны. «Аңсар» Астана 2003.
- 5 Ақ жол №18 2007 ж.
- 6 Ана тілі №35 2009 ж.
- 7 АрАй №5 2009 ж.
- 8 Құлан таңы №29 2011 ж.
- 9 Қазақстан мұғалімі №18 2012 ж.

ӘОЖ 37.017.7

Ж.Б. Кдыралиева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ expertі

БАЛА БОЛМЫСЫ – ҚҰРСАҚТАН, ТӘЛІМІ – БЕСІКТЕН

Мақалада бала тәрбиесі, өмірі, санасы мен сезімі ана құрсағынан басталатындығы сөз етіледі. Бала тәрбиесіне бесіктің алар орны, болашақта дарынды, талантты, ақылды, зерек болып өсуіне әсер ететін ұлттық жағдаяттар, ата-анасының тәрбиесі, геннің әсеріне көңіл бөлінген. Құрсақтағы бала тәрбиесінің жағдайы, тыңдаған әуені, ана көңілі тікелей әсер етіп, тәрбие бастауына маңызды рөл атқаратындығы жөнінде психологтар мен ғалымдардың пікірі қарастырылған.

Түйін сөздер: *бала, тәрбие, ұрпақ, бесік, ана.*

В статье сказано о воспитании детей, жизнь, сознание и ощущение начинается в животе матери. Музыка, пение, хорошие слова особенно колыбель в воспитании ребенка играют важную роль. Особо указаны преимущество и выгода использования народных методов воспитания и рассматривается мнение психологов и ученых.

Ключевые слова: *дети, образование, поколения, колыбель, мать.*

Article, parenting, life, consciousness and feeling the belly of the mother is at the start. Children place in the cradle, in the future, talented, smart, talented contributing to the rise in national circumstances, parental education, attention is paid to the influence of the gene. Unborn child education, heard music, only to have a direct impact on education plays an important role in the start of the considered opinion of psychologists and scientists.

Keywords: *children, education, generation, cradle, mother.*

«Адам ұрпағымен мың жасайды»,—дейді қазақ мәтелі. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жыл жасап келеді. Және ол дәстүрін үзбей, тамырласа жалғасып, мәуесін жая өркендей дамыған саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол саналы тірлік дамуының бағбаншысы – тәрбие. Демек, ұрпақ тәрбиесі қай заманның қай қоғамның болмасын көкейкесті мәселесі болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Онсыз адамзат ғұмырының мәні мен сәні жоқ. Адамзат қоғамы бүгінгі даму деңгейіне қаншама ықылым заманды басынан кешіп, әлденеше қоғамдық формацияларды баспалдақ ете көтерілсе, тәрбие процесінің де соншама бұралаң жолдан өткендігі, әр қоғамның саяси-экономикалық ерекшелігі мен мұрат-мақсатына орай тәрбиелік ұстаы болғаны – тарихи заңдылық [1]. «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе!», – деп за-

манымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтпақшы, егемен елдің ертеңі болар бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, Отанының патриоты етіп тәрбиелеу, ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық мұраны, адамгершілік асыл қасиеттерді қалыптастыру қазіргі таңда маңызды міндетке айналып отыр. Осы ретте ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы мектептегі жас буынның тәлім-тәрбиесіне байланысты екені анық. Әл-Фараби өз заманында «Балаға білім бергеннен бұрын тәрбие беру керек. Тәрбиесі жоқ білімі бар адам қасіретке ұшырайды» деген екен. Ғұламаның бұл қанатты сөздері білімнің негізі тәрбиеде жатқандығын тағы бір мәрте айшықтап отыр. Бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесі үшін мектеп, ата-ана және қоғамның алар орны орасан зор». Тәрбие бастауы дүние есігін

ашқаннан емес, құрсақта жатқаннан бастау алады, оны қазіргі таңда медицина ғылымы да дәлелдеп отыр. Медицинада зерттелмес алдын, әу баста құран кәрімде де жазылып кеткен болатын. Баланы дүниеге әкелмес алдын, ата-ана алдын ала жоспарлап, жағымды атмосферада, болашақты болжай отырып баланы дүниеге алып келу жолын қарастыру қажет. Өйткені кез келген бала қалаулы екенін сезінуі тиіс. Жанның он екі арнасын тек ана құрсағындағы тәрбиемен ғана ашылады. Ана құрсағындағы бала төрт айынан бастап тәрбиені қажет етеді. Бала бойына біткеннен бастап ана бойын, жүріс-тұрысын түзеіп, мінезін қалыптастырып, жаман қылықтардан арылып, денсаулығын қадағалауы, сұлу табиғат көріністерін тамашалап, әсем ән-күй тындап алған әсерін жан күй тебіренісі арқылы іштегі нәрестеге жеткізе білуі тиіс. Аяғы ауыр әйелдердің физиологиясы оның кез келген уақытта жылдам өзгертіп, тез ашуланғыш жағдаяттарға душар ету мүмкін. Сол сәтте болашақ анаға тыныштық, қамқор, күтім қажет. Осындай теріс қуаттардан арылу үшін, әуезді әндер, жақсы әңгімелермен өз өзін, баланы да жұбата алады [2]. Өйткені ана қуанса іштегі бала да қуанады, қайғырса қайғырады. Сондай-ақ, ана бойындағы мінез-құлық, денсаулығындағы ақаулар құрсақтағы балаға тікелей беріледі, сондықтан да, болашақ ана өзінің денсаулығын бала үшін мұқият күту қажет. Құрсақтағы баланы ана тіліңмен тәрбиелеп, оған жағымды ертегі, әңгімелер, жақсы сөздермен, еркелетіп дамыту арқылы болашақ дарынды, талантты тұлғаларды дүниеге алып келуге болады. Құрсақта жатқан баланы қалай тәрбилесен, солай дүние есігін ашады дейді ғалымдар. Оған дәлел, АҚШ-та балаларға тәжірибе жүргізілген. Бір күнде, бір уақытта туған үш немістің, үш ағылшынның, үш орыстың баласын кіндігі кесіле салысымен барлығын бір үйге апарып, оңаша жатқызып қойып, алдымен неміс тілінде, «өмірге қош келдіңдер, жолдарың сәтті болсын» деп, жақсы-жақсы сөздер айтқан екен. Ағылшын мен орыс ба-

лалар қыбырсыз жатыпты да, неміс сәбилер қозғалып, үн шығарыпты. Ал осы сөздерді ағылшын тілінде айтқанда, жаңағы неміс пен орыс нәрестелер қозғалмай, ағылшын шараналар қимылдап, көңіл аударыпты. Орысша айтқанда да тура солай болған. Мұндағы себеп неде? Әрине мұның барлығы оның қанынан, ана құрсағында жүргенде күнделікті алған тәрбиесінен. Өйткені оның әкешесі өз тілінде, ортасы, қарым-қатынасы өз тілінде сөйлейді. «Сүтпен біткен сүйекпен кетеді» деген сөз осыған дәлел.

Қазіргі медицина құрсақтағы балаға сыртқы дыбыстың әр алуан әсері барын әлдеқашан дәлелдеп қойған. Құрсақта жаңа қалыптасып келе жатқан шарананың қандай мінезді пенде болып туарына сырттағы әуез айтарлықтай ықпал етеді екен. Іштегі балаға үнемі қимыл-әрекет қажет. Дәрігерлер екі-қабат әйелдерге: «Еңкейіп еден жу, шалқайып беліңді жаз, жаяу көбірек жүр» деген ақылдарын бекер айтпайды. Құс екеш құстың өзі күн аралатып, басып жатқан жұмыртқаларын тұмсығымен қағыстырып, аударыстыра, үнемі шайқап отыруы да бекер емес. Арабтардан келген қазіргі «модадағы» «қарын биі» деген бар Араби дәруіш-балгерлер жас аруларды (екіқабат) іш шайқату үшін көңілді ырғақтағы музыка, ұрмалы данғыра, дабыл аспаптарының көмегімен билеткен. Жеңіл ырғаққа еліктеген олар бұл қимылдарды кәдімгідей дәстүрлі биге айналдырып алған. Тіпті билеп тұрып босанатынын қазіргі медицина зерттеулермен дәлелдеп отыр. Би кезінде бапты әуенге еліктеген әйелдің сай-сүйегі босап, бұлшық еттері бабына келіп, тәні рахат күйге енеді екен. «Марту басқан қатынды қазақтың бақсылары қобыздың үнімен-ақ босандырды» дегенді тарихтан білеміз. Ал, орыстың белгілі балет бишісі қарын биін билеп тұрып босанғанын айтады. Жапон халқында мынадай жақсы дәстүр орын алған. Ауа райы түнеріп, аспанды бұлт басса да, жаңбыр, қар жауса да, көшеде баласымен келе жатқан ата-ана ән айтып, құрсақтағы нәрестелеріне ел тарихы, ұлағатты адамдар

жайлы жақсы әңгімелер айтады екен [3]. Қазақ халқында да, жақсы дәстүрлер болған, соның бірі аталарымыз келіндері мен жүкті әйелдеріне белі қатты қазанаттар емес, әсте маң басқан түйелер, тайпалған су жорғалар ғана мінгізгені білгендік емей немене? Атам қазақ аттың жалында, түйенің қомында көшіп жүріп ән айтқан, күмбірлете күй тартқан. Адуын мінез бәйбішелердің өздері келін-кепшікті алқақотан жинап ән салдырған, бой жаздырған. Мұның ар жағында - ұрпақ қамы, дәстүрлі тәрбие мәйегі жатқан жоқ па?! Ән шырқаған көңілден ауру қашарын әлмисақтан білген, шадыман көңіл жас анадан шаттық кернеген, мінезді ұрпақ туады деп сенген. Ән-әуенді айту бар да, оны тыңдау бар. Қазақ айта да білген, тыңдай да білген. Таңды таңға ұрып шырқаған сал-серілер мен ақ тер, көк тер боп арығанша жырлаған жырауларды ұйып тыңдаған елміз. Содан болар, негізіміз әнші, күйші, ақын, жырау, шешен даналар. Байырғы тәрбие негізін жалғастыру бүгін ата-ана, ұстаз міндеті. Ол үшін жас ана жарықшақ қатқыл музыка, жұлқынған ырғақ, тұрмыстағы ұрыс-керіс пен тыстағы тарсылдыдан бойын аулақ ұстап, керсінше баланың психологиясына оң әсер ететін жағымды жағдаяттарға көп көңіл бөлген дұрыс. Сонда бала психикасы дағдарыссыз, мінезі кең, дүние есігін ашары хақ. Тоғыз ай

кұрсақта жатып, ырғалған түйенің үстінде ырғақты ән салған анадан туған баланы сол ырғағынан бірден жаңылдырмай, шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Сөйтіп, ырғақты тербелісті бұзбай, құрсақтағы көмескі үнді ананың бесік жырына ұластырып, бесікті әуезді әнмен тербеткен. Жарық дүние есігін ашқан сәбидің кейінгі тәрбиесі бесікпен жалғаспақ. Бесікке бөленіп өскен баланың бір ерекшелігі - баяу ырғақпен айтылған анасының әлдиі туғаннан баланың құлағына сіңіп, әннің ырғағымен тербетіліп өседі. Осындай әдемі әуенмен астарында ізгі тілегі бар бесік жырын тыңдаған бала шебер болуға да, шешен болуға да ұмтылып өседі. Баланың бойына әсерлі әуен, сұлу сөзбен айтылатын ананың әлдиі ана сүтімен қосылып осылай дариды. Бесік жырының толып жатқан түрі бар. Сәбиінің аман өсуінен бастап, болашақ өміріне деген тілегі, сенімі, ниеті әдемі әнге шумақ болып өріліп, анасының айтуымен балаға жетеді. Тіпті алыстағы төркініне деген сағынышын да бөпесіне айтып, баласымен сырласа отырып «әй, әй, бөпем, артта қалған елімді көрер ме екем...» деп іштегі шерін бесік жырына қосқан. Анасының еліне деген сағынышы бөпеге беріліп, ол анасын аяйтын, ардақтайтын, мейірімді әрі жанашыр болып өсері хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 К.Ісләмжанұлы «Рухани уыз». – Алматы, 2008ж.
- 2 Ә.Табылды «Этнопедагогикалық оқылымдар» – Алматы: «Білім», 2006ж.
- 3 «Баланың құрсақ ішінде сабақ оқуы» <http://dinislam.kz/publ/38-1-0-204>

А.С. Мұхаметқаримова

№147- гимназияның бастауыш сынып мұғалімі

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада жастардың бойына ұлттық білім беру мен жүйесін қалыптастыру жайы сөз болады. Сонымен қатар қазақтың ағартушы педагогы А.Байтұрсыновтың бастауыш сынып оқушыларының сауатын ашу мақсатта жазып қалдырған еңбектерінің қазіргі таңда да маңызды екендігіне тоқталған. Ұлттық тәрбие беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылған. Халқымыздың сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне енді қол жеткізген тұста қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – мұғалімдер қауымының басты парызы екендігі айтылған.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, ұлттық тәрбие, қабілет, дамыту, оқушы, мұғалім.*

В статье обсуждается формирование системы и национальное образование молодежи. А так же говорится о трудах А. Байтурсынова написанные для образование начальных классов, которые не потеряли своей ценности по сей день. Давая воспитание в национальном духе, рассматривается развитие творческих потенциалов учеников начальных классов. Главной обязанностью учителя - дать качественное образование и правильное воспитание. Которые будут служить во благо независимого государство.

Ключевые слова: *начальный класс, национальное воспитание, потенциал, развитие, ученик, учитель.*

The article discusses the formation of a national education system and youth. And as they say on the writings A.Baitursynov written for the formation of primary school who have not lost their value to this day. Giving education in the national spirit, discusses the development of creative potential of primary school pupils. The main duties of the teacher - to give quality education and proper upbringing. Which will serve for the benefit of nezavisemogo state.

Keywords: *primary school, national education, capacity, development, the student, the teacher.*

XX ғасырдың 20 - 30 жылдары Қазақстанда этнопедагогикалық ой - пікірдің дамуына үлкен үлес қосқан қазақтың ағартушы - педагогтары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтың еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ой - пікірлері, оларды жүзеге асыру жолдары нақты көрсетілген. 1. Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс - жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды. А. Байтұрсынов қазақ

балаларының ана тілінде сауатын ашуына ерекше күш жұмсап, оларға арнап «Сауат ашқыш» атты оқу құралын жазып шығарды [1]. Ахмет Байтұрсыновтың «Әліпбиі» [2] қазақтың алғашқы ұлттық сипаттағы әліппесі. Ол араб графикасымен жазылған нағыз ұлттық «Оқу құрал». Бұл оқулықты жазудағы оның алға қойған мақсаты - бастауыш сыныпта балалардың сауатын ашу. Кітапта автор әр әріпті жекелеп түсіндіріп, олардың жазылу және айтылу кезіндегі ерекшеліктеріне тоқталады. Оқу құралының ерекшелігі әріпті тегіс үйретіп біткеннен кейін оқулық соңында сауат ашар оқушы қауым

үшін тәрбиелік маңызы ерекше, идеясы құнды өлеңдер, тақпақтар, айтыс, ұсақ әңгімелер берілген. Оларды берудегі мақсат - оқушы әріптерді толық меңгерді ме, жоқ па, екіншіден, жаттығу үшін берілген әдеби нұсқалар оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелер деген ой болды. Оқу құралындағы қазақ халқының даналығын көрсететін ауыз әдебиетінің тәрбиелік мазмұнды түрлі жанрларын пайдалануға ұсынылуы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі әсері мен ықпалы ерекше, оны қазіргі кезде әліппе жазуда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А. Байтұрсынов өзінің «Бастауыш мектеп» деген мақаласында қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылуы қажет деген мәселеге арнайы тоқтап, ол пәндерді «оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа - кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыстану болу керек» екендігін нақтылап көрсетеді [3]. Сол мақаласында бастауыш мектепте оқыту тілі туралы: «Қазақ балаларын ана тілінде, төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту керек» деп кесіп айтты. Сондай - ақ, мақаласында ол туған халқының ғылым - білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», – деп жазды ол. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру - біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн.

1. Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.
2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана - сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Тәрбие – өсіп келе жатқан ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, қоғам-

ның талап тілегіне тәуелді күрделі процесс. Оның өзіне тән заңдылығы, қағидасы, ұйымдастыру формалары мен әдістері бар.

Ұлттық білім берудің өзі - ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен, оның түбегейлі өзгеруімен анықталған. Оны пайдалану жүйелері төмендегідей болуы тиіс. Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным - ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет - ғұрып пен салт - дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой - өрісінің жан - жақты болуына үлес қосуымыз керек. Сондықтан шығармашылық ізденіс үстінде жүріп, «Ұлттық тәрбие беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары» атты баяндама жазу үшін мынадай жоспар жасадым.

1. Ұлттық білім беру жүйесінің бағыттарын үйрену.
2. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ұсынған педагогтардың ой - пікірлерін оқу, танысу.
3. Ұлттық тәрбиені сабақпен байланыстыру.
4. Ұлттық тәрбие беру арқылы оқушының қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім 45 минуттық сабағында оқушыларға ұлттық тәрбиені тақырыпқа сәйкес тиімді пайдалана алу керек деп ойлаймын. Бала қиялы ғажап! Баланы қызықтыра білсең қызыға біледі. Барлығы дерлік өлең шығара алмас, әңгіме жазуға құмартпас. Бірақ әр бала әр нәрсеге қызығады, әр нәрсеге икемді болады. Сондықтан оның қай іске бейім екенін танып алып та жекелеме жұмыстар беру арқылы дамытуға болады. Мысалы, біреу сурет салғанды жаны сүйеді, оған осы сурет салу туралы әңгіме, не өлең жазуға тапсырма беруге болады. Сосын осы сала бойынша жұмбақ, мақал - мәтел жинақта деп тапсырма берсе тіптен жақсы.

Оқушылардың ойлау дәрежесіне қарай, біліміне қарай оларға берілетін тапсырма-

ларды деңгей бойынша бөліп те беруге болады. Ұлттық әдет - ғұрыптар туралы мәліметтерді оқушылардың өздеріне жинауға да тапсырма беріп, әр элементін ойын түрінде сабақта қолданып отырса, оқушы үшін де қызығылқты болады. Білім беру қашанда мәдени дәстүрлердің айрықша бөлігі. Сондықтан кез келген қызметті қазіргі заман талабына сай етіп білім беру қажет. Ол - заман талабы. Білім беру жүйесін жобалау және іске қосудағы негізгі мәселелердің бірі - технологияландыру және стандарттау. Мұны тұтас бір үрдіс түрінде қарастыруға, талдауға, жобалауға болмайды. Мәселен, мына төмендегі 5 бағытты жеке - жеке алуға болады.

1. Білім беру дегеніміз – мәдениеттің негіздерін және тұғырын оның уақытша жағдайына бейімдей қалау және ұрпақтың іс - әрекеті.
2. Мамандарды дамушы және жаңадан өндіру технологияларын оқып үйрену негізінде даярлау.
3. Оқу қызметінің технологиясы.
4. Тәрбие – елдің мәдени ерекшелігін, оның аймақтық өзгешелігін, шаруашылық құрылыс, үдемелі өзгеріс және экологиялар, ұлттық дәстүрлерді сақтау қызметі.
5. Сауаттылық - қоғамның барлық табында кәсібилікті қамтамасыз ету қызметі. Осы қызметтерді басқарып ұйымдастыруды мақсат етіп, ұлттық білім үрдісін қалыптастыру негіздерін қалауға тиіспіз. Бір қуаныштысы сол, ұлтымыздың білім алуы жолында жан - жақты жағдайлар қарастырылып жатыр. Оған дәлел мектептерді заман талабына сай техникалық құралдармен қамтамасыз ету жағдайы, сыныптарды компьютерлендіру, интернет жүйесіне ену, т. б. үкімет тарапынан қарастырылған. Олай деуге және бір негіз: білім жүйесі және оқулықтар қоры қазақ этнопедагогикасының негізі халықтық педагогикамен байланыстырыла құрылған. Тәрбие саласында «Атамекен», «Атакәсіп» т.б. бөлімдері негізінде мектеп оқу - тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді.

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру үшін, ең алдымен, мектептің оқу - техникалық базасын нығайту керек және онда ойдағыдай

білім алу үшін дұрыс жағдайлар жасалуы шарт. Қазақтың өзіндік ұлттық болмысына тән бағдарламалар жасау қажеттілігі әлдеқашан туған. Мектепте оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары - баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін ұлттық тәрбие беру арқылы дамыту болып табылады. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама - қайшылықтарды есепке алып зерттеу.
4. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
5. Мұғалім алдына қойған мақсатқа қол жеткізу үшін жасалатын жұмыстардың нәтижелілігі. Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған, ұлтжанды, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Бастауыш сынып оқушыларының жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылығы басым болады. Ондай істер баланың ақыл - ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді. Ерте-ректе балалар ұлттық ойындар ойнағанды ұнататын. Мыс: асық ойнау, жамбы ату, алтыбақан т. б. Қазіргі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылықтары төмен. Олар қазіргі компьютерлендірілген заманның талабы болар атысу, жарысу, машина жүргізу, дәлдікке ату, секілді ойындарды ойнағанды ұнатады. Ұлтжанды, шығармашыл оқушы тәрбиелеудің негізгі талаптары:

1. Шығармашылық қабілетті дамыту:
 - а) Қиял шығармашылықты дамыту;
 - ә) Шығармашылықпен ойлауды дамыту;
 - б) Шығармашылық белсенділікті дамыту;
2. Оқушыларға ұлттық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін атқарылатын жұмыс барысындағы ата - аналарға берілетін кеңес түрлері:

а) Балалар шығармашылығында неғұрлым өз бетінше жұмыс істеуді қамтамсыз ету;

ә) Асығыс қорытынды жасамау, тиянақтылық пен бақылауды анықтау;

б) Балалар бастамасына тежеу қоймау, қажетті көмек көрсету;

г) Балалардың алдына қойған мақсатына жете білуге әрекет ету

3. Шығармашылық ойындар: Бұл ойын түрлерін жүргізу нәтижесінде оқушы өзін - өзі танытуға деген құлшынысын шыңдай түседі. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері, пәнге деген қызығушылықтары артады. Жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндейтін болсам, қызығушылық пен белсенділік үнемі артып отыру арқылы қабілеттің көптеген қырларын қалыптастыруға болатындығы айқын көрінеді. Мысалы ашық

сабақтарымда ұлттық ойын түрлерін көрсету арқылы оқушының өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін арттырамын. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік шаралар арқылы да қалыптастырудамын. Әр ұстаз оқу - тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетеріміз сөзсіз.


Халқымыздың сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне енді қол жеткізген тұста қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – мұғалімдер қауымының басты парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

2 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009.

3 “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы.



Қазір – бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман
Нұрсұлтан Назарбаев.

А.М. Абуталиева

М. Мақатаев атындағы №14 орта мектеп, Тараз қаласы

АДАЛДЫҚТЫҢ ДА, АҚЫЛДЫЛЫҚТЫҢ ДА НЕГІЗІ – ТӘРБИЕДЕ

Мақалада отбасындағы ұлттық тәрбиенің мәні кеңінен ашылады. Мұнда қазақи сыйласым - ұлттық тәрбиенің мақсаттық негізі сөз болады. Отбасындағы сыйласым және қазақ халқының сыйласымдық тәрбиесі кеңінен жазылған. Сонымен қатар, ұстаздық тәрбие дәстүрі: ұлттық тәрбиеде ата-анадан соң, сол ата-анадай тәрбие, білім беретін ұлағатты ұстазға инабатты шәкірт бола білу дәстүрі, ер намысын, қыз абыройын қорғау дәстүрлерінің тәлімдік қағидалары, кәсіпке үйрету дәстүрлерінің ұлттық тәрбиелік мәні, тіл дамыту дәстүрінің тәрбиелік мәні мен қарыз, парыз, борыш ұғымдарының тәрбиелік мәніне кеңінен тоқталып, ұлттық тәрбие жүйесі кең ашылған. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті, киелі екендігін айта отырып, туған жерді қастерлеу дәстүрінің ұлттық тәрбиелік мәні жайында жазылған.

Түйін сөздер: *Отбасы, тәрбие, ұстаз, қазақ, дәстүр.*

Национальным воспитанием принято считать своеобразие воспитательно-образовательной системы, которая учитывает историю и культуру страны, своеобразие национальных отношений и национального характера людей. Национальное сознание является сложной модернизированной системой духовных феноменов, которые формируются в процессе исторического развития нации и соответственно отражают основные принципы его бытия. Это понятие охватывает широкий спектр процессов, идей, устремлений, которые в целом образуют духовный универсум нации. Его сущность - в единстве индивидуального и общего.

Ключивые слова: *Семья, воспитание, учитель, казах, традиция.*

National education is considered to be educational and originality of the educational system, which takes into account the history and culture of the country, the uniqueness of ethnic relations and national character of the people. National consciousness is difficult to upgrade a system of spiritual phenomena, which are formed in the process of historical development of the nation and thus reflect the basic principles of its existence. This concept encompasses a wide range of processes, ideas, aspirations, that together form a spiritual universe of the nation. Its essence - in the unity of the individual and the general

Keywords: *Family, education, teacher, kazakh, tradition*

«Тәрбие ананың ақ сүтінен басталады да, маңдайдан аққан ащы термен бітеді» – дейді халық даналығы. Әрине тәрбиенің көзі де, сусар бұлағы да әке шешеден басталатыны анық. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» десек, бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни

оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы, береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасына орай тәрбиенің негізгі мақсаты өзінді де, басқаны да силап құрметтейтін, теріс іс істемейтін азаматты тәрбиелеу. **Баланы дұрыс тәрбие-**

леу-тек әке-шешенің ғана міндеті емес. Бұл баршаның ісі, қоғамның ісі. Бала-біздің болашағымыз, қоғамның бір мүшесі және оны ары қарай дамытушы, келешек кемеңгері, саясаткер, ел ағасы. Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. «Бір ескерттім, екі ескерттім, үш ескерттім, төртіншіде тоңқайтам» – депті молла шәкіртіне. Тәртіп бұзған шәкіртті молла тоңқайтып қойып, майлы құйрыққа жас шыбықпен ұрады екен. Соғып тәртіпке шақыру моллалардың методикасы, әрине ол ұстаздар үшін жат методика. Жалпы ұстаздың методикасы тәлім мен ғылымға негізделген. Адамды тәртіпке күш жұмсап келтіре алмайсың, сондықтан күш жұмсаудан басқа жол іздеу бүгінгі ұстаз қауымының алдындағы үлкен ісінің бірі. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікті міндеттейді. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. Халық даналығында: «Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң, онда арпа ек, он жылдық өміріңді ойласаң, онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле» деген. Қазақ халқы баланы дүниедегі бар асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына балаған. Сондықтан халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар», «Босағасын алтыннан соксанда, перзент сүймей, адамның мейірі қанбас» деп баланы ерекше қадірлеп, оның өсіп жетілуіне айрықша мән берген. Ал отбасы, бала, мектеп бір - бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар. Мектептегі мұғалім жүрегімен де, сөзімен де сұлу, ерекше адамдар. Мінезді тал шыбықтай сындыруға да, сымдай июге де, жіптей үзуге болады, бірақ бұл тәрбие жолы емес, сондықтан әр адамның табиғат берген мінезін нәзік сезімге бөлеп жетілдіре беру

білікті ұстаздың ғана қолынан ғана келеді. Сайып келгенде тәрбиенің көздеген нысаны да осы. Мысалы сыныпта тәртіпсіз болған балаға: «тәртіпсіздікті кім бастады» – деме, «неден туды» – деген дұрыс, сонда оның себептерін дұрыс талдай аласың. **Тәрбиенің баламасы – теңіз, сондықтан тәлімдегін келсе, малтый білуді үйрену керек.** Талай ғасырдан бері, тіпті мұғалімнің әр сабақтағы мақсаты шәкірттің ойлау қабілетін дамыту болады, келешекте де олай бола бермек, себебі ақыл ойды дамытпаған сабақты мақсатқа жетті деп айтуға болмайды. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шәкірттерге ақындардың өлеңін көбірек жаттатыру керек, сонда ол табиғатты да, Отанды да құрметтей біледі. Әр сабаққа жоспарсыз кіруге болмайды, себебі «бір тақырыптың» өзін әр жыл әр түрлі түсіндіреді, жаңа ұғыммен толықтырады, жаңа көзқарас пайда болады. Әр тақырыпта оқушы білмейтін сыр жатады. Мұғалім тақырыптағы деректерді, уақиғаларды сұрап қана қоймайды, өз пікірін жасқанбай айтуға, ғылыми негізде ойды түйіндеуге, зерттеуге үйретеді, бұған дағдыланған оқушыдан білімді азаматты күтуге болады. Дұрыс білім бермей, талантты шәкірт дайындауға болмайды, сондықтан мұғалім күнде оқып, күнде ізденуі керек, сонда ол мұғалімнің еңбегі де нәтижелі болады. **Мұғалім үшін әр пәннің ғылыми жаңалығын екі-үш жылда бір шығарып отырса, оқулықтың да өмірі ұзарар еді, экономикалық жағынан ұтар да едік.**

Қазақ тілі 10 сынып

Сабақ тақырыбы: Адамдармен қарым-қатынастағы әдептіліктің ролі

Мақсаты: Оқушыларды әдептілік қағидаларымен таныстыру.

Тәрбиелік мақсаты: Имандылық, адамгершілік ұғымдарын кеңейту. Халқымыздың ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы қолданып келе жатқан мақал-мәтелдерін, ырым-тыйым, ұлағатты сөздерінің мән-мағынасын түсіндіре отырып, бабалар рухында тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: Сәлемдесе білуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу.

Типі: Жаңа сабақты меңгерту

Түрі: Аралас

Әдісі: Сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру т.б

Көрнекілік: ұлағатты сөздер, мақал-мәтелдер. Кітаптар.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгендеу, сабаққа зейінін аудару.

Үй тапсырмасын сұрау: Әдеп, әдептілік ұғымдары туралы түсінік.

Жаңа сабақ: Қоғамның ең үлкен байлығы – әдепті адам. Себебі, шағын ұжымда, тіпті сыныпта, әдепсіз бір адам болса, ол өзіне ғана емес, сол ұжымға жаман ат келтіреді. Бұны халқымыз: «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді», – дейді. Әрбір адамның жақсы адам болып шығуының жолы – әдептілік, инабаттылық үрдістерін бойына дарыту, үйрену болып табылады. Әдептілік нәсіл қуатын нәрсе емес. Халқымыз:

Баулытынды батыр болады.

Үйретінді шешен болады,

Көре-көре шешен болады – дейді. Яғни, адам өзінен-өзі жақсы адам болып шыға келмейді. Әдептілік өскен ұясынан, жүрген ортасынан, мектебінен, достарынан, ұстаздарынан алған тәрбиесінен болады. Грек философы Демокрит: «Жақсы адам болып қалыптасу үшін жаратылысынан гөрі, жаттығудың ролі зор» – дейді. Сондықтан, біз сендерді алғаш мектеп табалдырығын аттағаннан бері халқымыздың ғасырдан-ғасырға сұрыпталып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдар мен тыйымдар, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерін қолдана отырып, технология пайдалана отырып, имандылыққа, адамгершілік, достық, сыйластыққа тәрбиелеуге жұмыстар жүргізіп келеміз.

1. «Әдептілік сәлемдесуден басталады» дейді дана халқымыз. Амандасу әр халықтың мәдениетінің алғашқы беташары. Амандасу – бейбіт пейілдің, достық ықыластың белгісі. Алғашқы кезде адамдар «Міне, көрдің бе, қолымда дәнеңе жоқ, қарусызбын» дегенді білдіріп, оң қолды көтерген. Осындай ізгі ишара біртіндеп, амандасу рәсіміне айналған. Қазақ халқында амандасу рәсіміне ерекше мән беріледі. Әдетте кіші – үлкенге, аттылы – жаяуға бұрын амандасады.

2. Мұсылман халқында амандық салты «Ассалаумағалейкум!» деген сөзден басталады. Ол жақсы тілек. «Сізге Алланың нұры

жаусын деген сөз». Жас адам жолы үлкен, жасы үлкен адамға алдымен ұмтылып, қос қолын ұсынады. Ал, сәлем алушы қария «Уағалейкумассалам» деп, оң қолын ұсынады. Ол «Алланың рақым нұры маған бір есе жауса, сізге 2 есе жаусын» деген сөз. Осылай қол алысып сәлемдесуден кейін амандасушылар алма-кезек:

– Ден-қарныңыз сау ма?

– Мал-жаныңыз, қора-қопсыңыз аман ба?

– Еліңіз тыныш па? деген сияқты амандасу сұрағын жалғастырады.

3. Төле би мен Данагүл көрінісі бойынша оқушылар өз пікірлерін айту

4. Біз осы көріністен Данагүлдің адамгершілігінің молдығын, үлкенді сыйлай білетін инабаттылығын көреміз.

5. Данагүл үлкен адамдардың алдын кеспей, күтіп тұрды, бұл оның үйінде жақсы тәрбие көргендігінің белгісі.

6. Ол өзі ғана емес, алған тәрбиесін жанындағы қыздарға да үлгі қылды, оларды да қариялардың өтіп кеткенін күткізді. Үлкен адамнан бата алды. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер», дейді ғой дана халқымыз.

7. «Сәлем беру» қазақ қыздары мен келіндеріне тән ізеттілік белгісі. Келін үлкен адамдарға қолын кеудесіне қойып, сәл иіліп, даусын шығармай сәлем қылады. Үлкендер «көп жаса, бақытты бол», деп бата береді.

8. Бұл көріністен біз жапан далада, түзде жүрген жастардың қасынан жасы үлкен адам өтіп бара жатса, алдын кесіп өтіп кетпей, сәлем беріп, амандасуы қажет екенін білдік.

9. Ертелі-кеш өзіңе таныс адамдарды көргенде немесе мұғаліміңді көргенде біз: «Сәлеметсіз бе?» дейміз. Олар да: «Сәлеметсіңдер ме?» деп бізге жауап қайтарады. «Сәлем – сөздің анасы» деп халқымыз осыған сүйеніп айтқан. Сәлем беру дегеніміз – адамдар жүрегіне бастайтын жол.

10. Амандасу рәсімінің бірнеше түрлері бар. Қол беріп амандасу, Төс қағыстырып амандасу, қолдан сүйіп амандасу, көзден сүйіп амандасу, . иіскеп амандасу, маңайдан сүйіп амандасу.

11. Қол беріп амандасқанда бетті бөтен жаққа бұрып немесе теріс қарап тұрып аман-

дасуға болмайды. Амандасушылар бір-бірінің көзіне тура қарап шын пейілмен, жылы жүзде амандасқандары жөн. Әйел адамның немесе қыз баланың қол беруі міндетті емес. Қол алысу әрқашанда достықты білдіруге тиіс және екінші адамның қолын ауыртпайтындай етіп қысу керек. Қолды селқос, сұлық ұсынған дұрыс емес.

12. Төс қағыстырып амандасу ер жігіттердің, батырлардың шынайы достығын, кездесуге қуанашын білдіреді. Бір-біріне сенетін жігіттер ғана осылай амандасады.

13. Қолдан сүйіп амандасу – әжелердің, апалардың жақсы көретін балаларын, жасөспірімдерді қолынан сүюі. Қолдың сыртынан ғана сүйеді, алақаннан сүйуге болмайды.

14. Көзден сүйіп амандасу әжелер мен апалардың өте жақсы көретін немерелерін сағынғанда көзінен сүйіп амандасады.

15. Иіскеп амандасу – қариялар, ақсақалдар кішкентай бөбектерді иіскеп амандасады.

16. Маңдайдан сүйіп амандасу – үлкен адамдар кішкентай балалардың, жеткіншектердің маңдайынан сүйіп амандасады.

17. Көпшілік отырған жерге, дастархан басына келген кісі әрқайсысына емес, жұрттың бәріне ортақ бір ғана сәлем береді. Тамақтанып отырған кезде, ас үстінде қол ұсынбайды. Қолғапты, бас киімді шешіп амандасу да адамды құрметтегендіктің белгісі.

18. «Сәлеметсіз бе?» кішігірім ғана бір ауыз сөз. Ал, бірақ бұл «Мен сені аман-есен ұшырастырып тұрмын, ағайын. Пейілің жарқын, жүзің ашық болсын, мен сені сыйлаймын, сені де сыйластық танытады деп білемін. Өз басым саған денсаулық, амандық, бақыт тілеймін» деген бірқауым ойларды білдіреді. Телефон шалған адам алдымен сәлемдесіп алып, одан кейін барып өзін таныстырып, шаруасын айтады.

19. Сәлемдескенде ешқашан дауысты көтермей, жылы шыраймен ізет көрсету – сәлемдесу әдебінің шарты. Дауыс ырғағының өзі маңызды қызмет атқарады. Кейбір елдерде адамдар дауыс ырғағынан-ақ

«кім екенінді білдім» дейді. Бұл кездейсоқ айтылған сөз емес. Көнекөз қария бір сәтте-ақ бойыңыздағы барлық қасиетіңізді байқап қалады. Егер сен амандасу үстінде қабағыңды шытып, естілер-естілмес ерніңді жыбырлатып немесе үлкен кісінің қолын қаттырақ қысып жіберсең, дөрекілігің бірден көрінеді.

20. Сәлемдесудің әдеп ретіндегі ең басты шарты – жылы шырай екенін ұмытпаған жөн. Сол себепті әркім қалай сәлемдесе білуді, өзінің қас-қабағын, дауыс құбылысын қадағалап, алдындағы адамға жақсы әсер қалдыратындай болуына талпынуы керек.

21. Менің ойымша, жастардың үлкендерге қалшиып тұрып, бір қолын ұсынуы немесе шарт еткізіп дыбыс шығаруы да әдепсіздік болады. Сондай-ақ немкетті, саусақтарын былқ еткізіп ұстата салу, басқа біреуге қарап тұрып амандасу да әдептілікке жатпайды.

22. Топ адамның ішінен атақты-абыройлы деген бір-екеуімен ғана алалап сәлемдесіп, қол алысу – барып тұрған әдепсіздік. Бұл сәлем берілген адамдардың өзін ыңғайсыз жағдайда қалдырады да, сәлем берілмегендер үшін ашықтан-ашық қорлау болып табылады.

23. Қазақта «Алыстан 6 жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деген дәстүр бар. Алыстан келген кісіге сәлем беру тәртібі жасқа байланысты емес. Ал, кездескенде кіші үлкенге сәлем бермей кетсе, ол көргенсіздік, әдепсіздік болады.

24. Қазақ тілінде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бар. Ол – адамгершілік. Яғни, ата-ананды құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуі.

25. Адамның қоғамда бағалануы, ардақталуы, қадір-қасиетінің болуы – оның адамдармен қарым-қатынасын адамгершілік принциптерге құруына байланысты болады. Жақсылық пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Халқымыз қайырымды жанды адамгершіл деп дәріптеген.

26. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сі-

ңірген ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені, адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттілігімен ардақты. Осыған орай күнделікті өмірде «жақсы адам» немесе «жаман адам» деген әдептілік бағасы беріліп жатады. Ал, әдептілік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз – адамгершіліктің асқар шыңы.

27. Әдептілік ережелерін сақтау табиғи және мейлінше емін-еркін болып, ешқандай жағыдайда екіжүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негізделмеуі тиіс. Адам өзінің әдептілік сезімін жетілдіре алуы үшін, көбінесе, өзін ойша басқа адамның орнына қоя алуы керек.

28. Әдептілік қағидалары сан алуан, солардың негізгілеріне қысқаша тоқтала кетсек: Әдепті адам өзінің белгілі бір адамды жек көретінін байқатпайды және шамадан тыс ұнатқандық сезім де білдірмейді, өйткені мұның өзі айналасындағылардың көңіліне келуі әбден мүмкін.

29. Таныс адамды ыңғайсыз жағдайда көріп қалғанда, оны байқамаған сыңай білдіріп, мұны ешқашан оның есіне салмау, әрі басқа ешкімге айтпау әдептілік болып табылады. Адамның қоғамға зиян келтірмейтін кемшіліктері мен әлсіз жақтарын басқалардың алдында әшкерелемеу керек. Кемтар, кекеш, саңырау, ақсақ және т.б. адамды сырттай болса да күлкі қылу және келеке ету әдепсіздік қана емес, сондай-ақ дөрекілік те. Мұндай қалдегі адамдарға ерекше ілтипат және жанашырлықпен қарау керек. Жанашырлықты әдептілік сезімі билеуі тиіс. Сұрақ: соңғы сөйлемді қалай ұғамыз?

30. Жасы үлкендердің арасында адам өзін-өзі ұстай білуі және қимыл-әрекет мәнері жөнінен құрбы-құрдастары арасында болғандағысынан гөрі әлдеқайда жинақы болуы керек. Бұл арқылы ол үлкендерді құрметтейтінін көрсетеді.

31. Тұрғанда тікесінен тік, бірақ емін-еркін тұруы қажет. Аяқты олпы-солпы басып, қалай болса солай теңселе ырғаландай жүруден аулақ болу керек.

32. Көшеде кісілерге дөрекі қарап, олардың сырт бейнесіне күлу сыпайылық емес.

Ұнтаспаны елге естіртіп жүру, жүріп келе жатып тамақ жеу, жарамсыз билет және қажетсіз нәрселерді көшеге тастай салу әдепсіздік болып табылады.

33. Қоғамдық көліктерде мүгедектерге, балалы кісілерге, аяғы ауыр әйелдерге, ересек кісілерге орын беріледі. Ер балалар отырып, қыздардың түрегеп тұруы ерсі көрінеді.

34. Иә, әдептілік әдебі осы сияқты инабаттылық үрдістері болып табылады. Әдептілік бұзылса, халықтық дәстүр де бұзылады, ұлттық намысқа нұқсан келеді. Әдеп сақтау ұлттық тәртіпке, ережеге амалсыз бағыну емес, қайта сол заңдарды құрметтеу, қастерлеу, адамгершілік борышты өтеу болып табылады.

Жігіттің 9 жауынан сақ бол.

1. Басты жауың – жалқаулық, Сорлататын жаныңды.
2. Осалдығың – аңқаулық, Соктыратын саныңды.
3. Жасқаншақ болсаң, ұры алар, Қоралап қойған малыңды.
4. Жалатқызбас жасықтық, Аузыңдағы балыңды.
5. Өтірік айтсаң, өңмендеп, Жоғалтасың арыңды.
6. Өсек терсең телмендеп, Суға кетіпер салыңды.
7. Көпірме, босқа мақтан қып, Түкке тұрмас барыңды.
8. Көрінгенге жалтақтап, Бола алмайсың жағымды.
9. Біреуді алдап, арбаумен, Аша алмайсың бағыңды (Жаттап ал)

Әдептілік туралы мақал-мәтелдер:

1. Әдепті бала арлы бала
Әдепсіз бала сорлы бала
2. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.
3. Әдептіліктің белгісі – иіліп сәлем бергені.
4. Сіз деген әдеп, біз деген көмек.
5. Әдептің не екенін әдепсіз адамды көргенде білесің.
6. Әдептілік-ар, ұят – адамдықтың белгісі.
7. Қадірлі кісі қартаймас
8. Ұят- адамгершіліктің бір жемісі
9. Аға әдепті болса, іні әдепті
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.

10. Мейірімділікті анадан үйрен,
Әдептілікті данадан үйрен.
11. Әдепсізге қарап, не істемеуді үйрен.
(Өзбек мақалы)

Әдептілік туралы тыйым сөздер:

1. Үлкен кісімен сөйлескенде қолыңды қалтаға салып тұрма,
2. Үлкен кісімен сәлемдескенде қолыңды бұрын ұсынба,
3. Біреумен сөйлескенде бетіне қадала қарап, тақалып тұрма, ыржалақтап күле берме, немесе мәлиіп тұрма.
4. Біреудің дүниесіне таңдана қызығып, тесіле қарама.
5. Біреудің дүниесін өз бетіңмен аударыстырып, ақтарма.
6. Ата-ананың бетінен алма.
7. Үйде отырып ысқырма.
8. Біреумен сөйлескенде керексіз нәрсені қазбалап сұрай берме
9. Әркімді бір кекетіп, мұқатпа.
10. Тамақ ішкенде ашкөзденіп, қомағайланып кетпе.
11. Бас киімді теппе, айналдырма, аяқ асты тастама.
12. Үйдің ішінде ысқырма.
13. Малды бастан ұрма.
14. Нанның үстіне зат қойма.
15. Жасы үлкеннің алдын кеспе, одан жоғары отырма, сөзін бөлме.
16. Кемтар адамға күлме.
17. Кісіге сыртыңды берме.

Ұлағатты сөздер:

1. «Жақсы адам болып қалыптасу үшін жаратылысынан гөрі, жаттығудың ролі зор» Демокрит.
2. «Жігіт адамға 3 нәрсе кесір болады: 1- еріншектік, 2- ұйқышылдық, 3- тіл алмау. Содан сақтан». Әйтеке би.
3. «Біз өз бойымызда әдеп сезімін дамытуға тиіспіз. Өйтпесек, адамдардың ілтипатынан оп-оңай айырылып қалуымыз мүмкін. Бұл қателігі үшін адам өмірде көп зиян шегеді. Және, өкінше орай, ұрпақтарын осы ауыр зияннан құтқара алмай-ақ келеді». И. Гете.
4. «Шынайы сыпайыгершілік адамдарға тілектестікпен қараудан құралады». Ж. Ж. Руссо.
5. «Дөрекі болу – өз басының қадір-қасиетін ұмыту деген сөз». Н. Г. Чернышевский

6. «Осыншама әдептілікті кімнен үйрендіңіз?» деп сұрағанда Лұқпан Хакім: «әдепсізден үйрендім» – депті.

«Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау.

Балалар дөңгелене тұрып, «Сиқырлы таяқшаны» бір-біріне сол баланың жақсы қасиеттерін айтып ұсынады.

Қорытындылау:

Ж – жігерлі

А – адал

Қ – қайырымды

С – сыпайы

Ы – ынтымақты

Ж – жалқау

А – арам

М – мейірімсіз

А – арсыз.

Н — надан

Оқулықпен жұмыс:

Қорытындылау: Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді. «Егер сені ешкім қадір тұтпаса, мұның себебі өзінде екенін ұмытпа».

Үйге тапсырма: Әдептілік туралы шағын эссе жазу.

Ұстаздардың барлық жұмысы сайып келгенде біреу ақ: адамтану. Оны жаңа адам тәрбиелеу, өсіру деп түсінбеу керек, бұл үлкен қателік. Жаңа адам тумайды, жаңа ойшыл, жаңа қоғам қайраткері біздің тілегімізден тумайды, өмір өзі тудырады. Тәрбиеші дегеніміз бала ойынан орын алған керексіз «арам шөпті» дер кезінде түбірімен жұлып алушы, содан кейін адам ойын арам пиғылдан аман сақтап қалған періштесі болады. Алайда саналы азаматтыққа тәрбиелеудің жолдары көп, бірақ өкінішке орай, сол жолдарға біреу түседі, біреу түспей-ақ өз сұрлеуімен кетеді, бұл өмір шындығы. Дей тұрғанмен тәрбиенің рух пен күшіне берілген адам адалдық жолынан таймайтын болады.

ӘОЖ 37.371

Г. Нусипова

*Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы Т. Рысқұлов атындағы орта мектептің
қазақ тілі пәні мұғалімі*

«ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ» АТТЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСТЫҢ СЦЕНАРИЙІ

Мақалада әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі туралы айтылған. Қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайды қарау деген сөз. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәніндегі қоғамдық қарым-қатынас тілі ету бүгінгі күн талабы екендігін білеміз.

Түйін сөздер: *қазақ тілі, мұғалім, оқушы, сайыс, топ.*

В статье форма, сохраняющая и передающая духовные ценности из поколения в поколение, сформировавшиеся испокон, выше других, связанный с собственной культурой, ценная вещь, являющаяся прямым показом национального быта. Родной язык должен быть выше всего. Каждый человек должен говорить и думать в своем родном языке.

Ключевые слова: *казахский язык, преподаватель, учащиеся, соревнование, группа.*

The paper form, preserve and transmit cultural values from generation to generation, formed since the dawn above the other, associated with its own culture, a valuable thing, which is a direct demonstration of national life. Native language must be above all. Each person should speak and think in their native language.

Keywords: *mother tongue, teachers, students, and group competition.*

Мақсаты:

1. Қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ тілін, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру.

2. Қазақ тілге деген қызығушылықтарын арттыру, дүниетанымын кеңейту.

3. Патриоттық сезімдерін оятып, мемлекеттік тілге деген құрметке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әріптер, асықтар, қоржын, интербелсенді тақта.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Құрметті әріптестер, оқушылар! Бүгінгі «Тілге құрмет – елге құрмет» атты интеллектуалды сайыс кешімізді тілдер мерекесіне арнаймыз. Ойынымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныстырып өтейін. Асаубаев П.Д., Темірқұлова М., Садыров Т.А., Важитова А.

Беташарын сайысымыздың бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.

Таныстырсын сайыскерлер өздерін,
Өнеріне ду қол соғып, қостайық!

-Балалар, ойынға келгендеріңізге өте қуаныштымыз, енді әр топтың ойыншылары өздерін жеке таныстырып өтеді.

-Енді, қай топ бірінші болып бастайтынын анықтау үшін қоржыннан асықты таңдап, ойынның басынан аяғына дейін кім бірінші бастайтынын анықтайды (қоржыннан асықты алады: қызыл асықты алғандар бірінші, көк асықты алғандар екінші).

Ойынымыз мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Үй тапсырмасы: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Эссе.

2. Сөз тапқанға қолқа жоқ.

3. «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді».

4. «Абайды таны, ойлы жас!» бөлімі.

5. Жеті жұрттың тілін біл.

6. Тіл туралы өлеңдер сайысы.

7. «Мақал-мәтел-айдын көл»

8. «Күпия сөздің құлпын аш»

9. «Білгірлер сайысы»

Ойынның 1-кезеңі: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Эссе.

Ойынның 2-кезеңі: «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

Мақсаты: әр оқушы әріптер тандап алады да, қойылған сұрақтарға сол әріптерден бас-талатын сөзбен жауап береді. (А,Ә,Б,Е,Ж,Қ,Қ,М,Н,О,Р,С,Т,Ү,Ш).

1-топтың ойыншыларына қойылатын сұрақтар:

1. Сен бүгін нешеде тұрдың?
2. Досыңның аты кім?
3. Наурыз мейрамы қай айда тойланады?
4. Сен қандай үйірмеге барасың?
5. Сен қай ауылда тұрасың?

2-топтың ойыншыларына қойылатын сұрақтар:

1. Сенің мінезің қандай?
2. Мерекелік кештерге кіммен барасың?
3. Сыныпта неше оқушы бар?
4. Жазғы демалыста қалай демалдың?
5. Анаң қандай сыйлықты сыйлағанды ұнатасың?

Мұғалім сөзі:

-Ал, енді, балалар, алғырлық пен тапқырлықтан білімдеріңнің алғашқы деңгейін көрсеттіңдер.

Ойынның 3- кезеңі: «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді».

Қазір ойыншылар қоржыннан сұрақтар алады.

Сұрақтар тарихымызға, тілімізге, әдебиетімізге дүниетануымызға байланысты болмақ. Ендеше сұрақтар алуды бастайық.

Бірінші болып «Сұңқарлар», екінші «Тұлпар» тобы сұрақ алады.

Қоржындағы сұрақтар:

- 1.Тәуелсіздік күнін ата? (16 желтоқсан)
2. А. Құнанбаев 5 асыл істі қай өлеңінде айтады? Атап бер.
3. Қазақ тіліндегі әріптердің реті бойынша орналасу жиынтығын не дейміз? (әліпби)
4. Ең сұлу құс? (акку)
5. Қазақстанның Ата заңы қашан қабылданды? (30 тамыз,)
6. Зере Абайға кім болады? (әжесі)

7. Тышқаннан қорқатын аң? (піл)

8. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны нешеу?

9. Түйе сүтінен жасалатын емдік сусын қалай аталады? (шұбат)

10. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы мен Туының авторлары? (Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков, Ш.Ниязбеков).

11. Өтірікші кімді алдайды? (өзін)

12. Жылататын да, жұбататын да не? (тіл)

4-кезең: «Абайды таны, ойлы жас».

Бұл бөлімде аты айтып тұрғандай, оқушылардың ой-өрістері сынға түседі.

1. Абай өлеңдерін жатқа оқу. Сайыс.
2. Абай өмірі, шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап беру. Бұл кезеңде оқушылардың жылдамдығы назарға алынады.
 - Абайдың шын есімі. (Ибраһим)
 - Абайдың анасының аты? (Ұлжан)
 - Абайдың әжесінің аты? (Зере)
 - Абайдың әкесінің аты кім? (Құнанбай)
 - «Абай жолы» романы неше томнан тұрады? (3 том)
 - «Абай жолының» авторы кім? (М.Әуезов)
 - Ділдә деген кім? (Абайдың бірінші әйелі, бәйбішесі)

- Әйгерім деген кім? (Абайдың екінші әйелі)
- Абайдың неше қара сөзі бар (45)
- Абайдың туған жері? (Семей өңірі, Шыңғыстаудың етегі)

- Абай қай орыс ақындарының өлеңдерін аударды? (Пушкин, Крылов)

- Алматыдағы Абайдың ескерткіші қай жерде орналасқан? (Абай мен Достық көшелерінің қиылыс, Республика сарайының алдында)

- Абайдың оқыған медресе? (Ахмет-Риза)

- Абай оқыған мектеп? (Приходский мектебі)

- Абайдың ақын інісінің аты кім? (Шәкірім)

5-кезең. «Жеті жұрттың тілін біл».

Оқушылар тізілген асықты ата отырып әр асыққа тиісті сұрақтарға жауап беріп, жауаптың 4 тілдегі нұсқасын айтулары керек.

1. Күн мен түннің теңелетін жыл мезгілі (көктем, весна, спринг)
2. Мұрты бар, иегінде сакалы жоқ, Тоны бар, киеріне шапаны жоқ. Пайдасы үй ішінен табылған соң, Далаға кіріп шығар сапары жоқ (мысық, кот, кэт)
3. Футболшының алдындағы ойын заты (доп, мяч, бол).
4. Жеті қазынаның бірі, адамды қорғап жүретін досы (ит, собака, док).

5. Ұшқан, жүгірген аң бәрі тамақ (құс, птица, брик).

6. Ер қанат (ат-лошадь- horse)

6-кезең: Тіл туралы өлеңдер сайысы.

7-кезең: «Мақал-мәтел-айдын көл». Бұл бөлімде қойылған сұрақтарға сәйкес оқушылар мақал-мәтел айтулары керек.

1) жыланды інінен қайтып шығарамыз?

2) инемен құдық қазуға болама?

3) қар жана ма?

4) адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр?

5) ұрлықтың түбі бар ма? Бар болса не?

6) әдепті бала – арлы бала, ал сорлы бала қандай бала?

8-кезең:

«Құпия сөздің құлпын аш»

Жұмбақтардың жауабын табу.

1. Сандықтың ішіне нені тығып ұстай алмайсың? (жарық)

2. Сен жоғалтсан, мен іздеп таба алмайтын, мен жоғалтсам, сен іздеп таба алмайтын ол не? (уақыт)

3. Әпкесі бауырына қонаққа барады, бауыры одан тығылып қалады. Ол не? (ай мен күн)

4. Қысы-жазы бір түсті. (шырша)

9-кезең: «Білгірлер сайысы»

1. Мақал-мәтелдердің жалғасын тап: 1-топ

1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

2. Туған жер - тұғырың, туған ел – қыдырың.

3. Өз елімнің басы болмасам да, тасы болайын.

4. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

5. Егілмеген жер жетім, айтылмаған сөз жетім.

6. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп.

7. Ақыл - тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кең.

8. Түстік өмірің болса, кештік мал жи.

9. Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер.

10. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.

11. Жүк ауырын нар көтерер, ел ауырын ер көтерер.

12. Ер мойнында қыл арқан шірімес.

13. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

14. Өнер алды – қызыл тіл.

15. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

2 - топ.

1. Өнер алды – қызыл тіл.

2. Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық - он саулық.

3. Сын түзілмей, мін түзелмейді.

4. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

5. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.

6. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

7. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

8. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

9. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.

10. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім-біл.

11. Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю.

12. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

13. Өнер – ағып тұрған бұлақ, білім – жанып тұрған шырақ.

14. Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

15. Атаңа не қылсаң, алдыңнан сол келер.

2. Тіл, Отан, туған жер, ел, оқу, білім туралы мақал мәтелдер жарысы.

3. Екі топ бір-біріне ребус жасырады. Ребус-тың құпиясын ашу.

Мұғалім сөзі:

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тақырлықтың сайысында,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты, – дегендей, ойыншыларымызды бағалау үшін әділ қазыларға сөз берейік. Қортынды сөз: «Тілге құрмет – елге құрмет» атты ойынымыз өз мәресіне жетті. Тіл- әр ұлттың қайталанбас байлығы, тіл бар жерде ұлт та, ел де, жер де болмақ. Тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екеніне көз жеткіздік.

ӘОЖ 39. 394. 014

Г. Г Сембекова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Тарих» мамандығының II курс магистранты*

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ РУХАНИ ӨМІРІ

Мақалада Жаркент қаласы тұрғындарының мәдени рухани өмірі жайлы қарастырған. Тарихқа тұнған еліміздің әр өңірі - тасқа басылған тарих екендігін айта келіп, жастарымыздың өткен тарихты бойларына сіңіруі тарихтар сабақтастығын жалғайтынын сөз еткен. Жеріміздің тарихын білмей ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан еліміздің әр өңірі ата-бабамыздың қанмен келген маңдай тердің жемісі екендігін ескерткен.

Түйін сөздер: *тарих, мәдени, қала, жастар, ата-баба, ұрпақ, тәрбие*

Идея вилучает в себя культурно-духовную жизнь жителей города Жаркенет. Каждый регион нашей земли - это история. Историческая связь, переданные из наших веков, которые молодые впитывают в себя. Невозможно воспитать в национальном духе, не зная историю. Поэтому, принимаем в счет, каждый регион страны, доставшийся от предков.

Ключевые слова: *история, культура, город, молодежь предков, воспитание*

The idea vilyuchaet a cultural and spiritual life of the residents of the city Zharkenet. Every region of our land - a history. Historical connection transmitted from our ages that young absorb. Educates impossible in the national spirit, not knowing the history. Therefore, take into account each region of the country, inherited from the strand.

Keywords: *history, culture, city, youth strand, education.*

Жаркент жері – бағзы заманнан-ақ халықтық қадір-қасиетті айрықша қастерлеп, айрандай ұйып отырған, ата-баба дәстүрімен ерлікті, елдікті ту еткен өңір. Халқымыздың талай аяулы перзенттері осы топырақта дүниеге келген. Өнер, ғылым, әдебиет, мәдениет саласында жұлдыздай жарқырап, талант тегеурінін танытып жүрген марқасқаларымыз да бар. Қазақ бейнелеу өнерінің дарабозы Әбілхан Қастеев пен жезтаңдай әнші, көзі тірісінде «Жетісудың бұлбұлы» атанған Дәнеш Рақышев есімдерін бұл күнде күллі республика жұртшылығы мақтанышпен атайды. Қазақтың айтыс өнерінің көгінде жасындай жарқылдап, пешенесіне қысқа ғұмыр кешу жазылған Жандарбек Бегімбетов пен бүгінгі таңда исі қазақты суырып салма ақындық өнерімен тәнті етіп жүрген әкелі-балалы Айтақын және Жандарбек Бұлғақовтар да осы жазиралы мекеннің топырағынан жа-

ралған, талантынан нәр алған. Кешегі өткен Бейжің олимпиадасының алғашқы күндері қоржынымызға алтынға бергісіз қола медальді салып берген палуан ұлымыз Нұрбақыт Теңізбаевтың есімі де бұл күндері мақтанышқа айналған.

Қарға тамырлы қаймана қазақтың күллі кең-байтақ жері тәрізді бұл өңір де – тұнған тарих. Қилы кезеңдердің тірі куәсіндей «Орбұлақ», «Жалаулы», «Қашама», «Кісі қырылған» іспетті толып жатқан жер-су аттары елдің өз туған жеріне басқан мөр таңбасы, шежіре тарихы десек, «Көкбастау» маңындағы жарқабақтарға таңбаланған «тас жазулар» мен суреттер бағзы замандағы бабалардың болашаққа жазып қалдырған аманат хаттары тәрізді. Қойбын шатқалынан батысқа шыға берістегі Шолақ су маңынан табылған тас мүсін де талай сырды аңғартып тұр. Бір қолымен ыдыс ұстап, екінші қолымен наркескеннің

нақышы сабын сығымдай ұстаған тас тұлға бабаларымыздың «қонағым болсаң – асым әзір, көңілім кең, қасым болсаң – алысуға әзірмін, алмас қылыштай қиып түсем» деген айбары мен айбынын әйгілеп тұрған тәрізді. Жалпы Жаркент қаласының қай ғасырда іргесі қаланғанын ешкім дөп басып айта алмайды. Бізге белгілісі тек бергі тарихы ғана. Осы орайда Жаркент қаласының батысында орналасқан (Көктал ауылының маңы), бір кездері өркениеті дамып, ірі сауда орталығына айналған Ілебалық қаласын зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы Жаркенттің жас мөлшерін анықтауға негіз барлығын айта кеткеніміз жөн болар. Осыдан 366 жыл бұрын Жаркент қаласының оңтүстік-батысындағы Орбұлақ жерінде 50 мың қолға 600 сарбазбен ойсырата соққы берген Салқам Бұрылысы мен құбылысы көп адамзат тарихында айтса нанғысыз жағдаяттар да кездесіп жатады.

Қазақ тарихындағы осындай ақиқаты аңыздан асып түскен оқиғалардың бірі – Орбұлақ шайқасы. Орбұлақ шайқасы жайлы бұрындары көп айтылмады. Ел аузындағы үзік-үзік әңгімелер ғана сол алапат майданның Ордың бұлағында өткенін дәлелдейтін. Бабалар жеңісінен бір деректің болса да тасқа басылып қалуы бек мүмкін еді, бірақ та сыңар саясат ұстанған қызыл империя қазақ ғалымдарына төл тарихын толық зерттеуге мұрша бере қоймады. Аңызға айналған шайқастың ақиқатын ашу тек 1991 жылы белгілі майдангер жазушы Қалмұқан Исабайдың Ресей архивтерінен тапқан Г.Ильин мен К.Кучеевтің қоңтайшы ұлысынан жеткізген хабарынан мүмкін болды. Онда: «Біз барғанда қоңтайшы ұлысында болмай шықты. Өзінің күйеу баласы Көшіртайды, Абылайды (Ертіс бойындағы Абылайкентті салдырған ойрат қоңтайшысы – Қ.И), кенже інісі Шоқыр тайшыны, Қой сұлтанды, Алтынханның балаларын және басқа ұсақ тайшыларды ертіп, барлығы 50 мың әскермен Жәңгір ханның қазақ ордасы, Жалаңтөс және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен...», – деп

анық жазылған. Жәңгір қолының басты қармандарының бірі, туған жерінің ой-шұңқырын ұрыста ұтымды пайдалануда кеңес беріп, көзсіз ерлігімен танылған Елтінді батыр мен ата жауымыз Мұқырының басын алып, кеткен кектің есесін қайтарған Бағай батырдың, тыныш жатқан момын елдің ұрыста – ұраны, дауда қорғаны болған Сатай, Бөлек, Аралбай, Ұзақ, Шойнақ, Қожбанбет сынды батыр-билердің, ұлт намысына бола басын бәйгеге тіккен Нұржекедей асылдардың, күні кешегі «Желтоқсан» көтерілісінің шәһидтері – Ләззат пен Ерболдай боздақтарымыздың есімдері бұл ел үшін ардақты әрі зор мақтаныш-мәртебе. Жалпырағының жайқалып тұрғанына жеті ғасырдан асқан әйгілі «Әулиеағаш» осы мекенде ғұмыр кешіп жатқан сандаған буын ұрпаққа ақжол тілеп, ақ бата беріп тұрған ақсақалымыз болса, өлкемізді өрнектеген жеті арасан, жеті өзеніміз шөліркегенде шөл басатын, шалдыққанда шаршағанды ширататын, деміккенде дауа болатын қасиетті мекендерімізге айналып отыр. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бұл киелі жердің топырағында Азия мен Тибетті, Қашқарды зерттеген атакты саяхатшылар Прежевальскийдің, ағайынды Грумм Гржимайлолардың, халқымыздың құйрықты жұлдыздай жарқ еткен аяулы перзенті Шоқан Уәлихановтың іздері қалған.

Қызыл империяның қиянаты

«Атаманның ақыры» фильмінде көрсетілгендей ақ патшадан қалған билікті аңсап, халықты өзінің езгісінде ұстауды мақсат еткен казактардың соңғы қимыл-қозғалысы осы Жаркент жерінде сәтсіздікке ұшыраған. Жергілікті жұртшылықты қан қақсатқан атаман Дутовтың көзін жойған М.Қожамияров, М.Байсымақов, М.Қадыров, Н.Ушурбакиев сынды халық батырлары 1918 жылы 10 наурызда Жаркентті казактардан азат етіп, Кеңес өкіметін орнатқан. Бірақ Кеңес өкіметі де осындағы момын казактардың мүдделерін қорғай қойған жоқ. Негізінен аудан экономикасының флагманына айналған ауылшаруашылығы

мен өнеркәсіп саласы осы кезеңдерде зор қарқынмен дами бастады. Шаруашылықтар, кеңшарлар құрылып, Жаркент жеріндегі береке мен байлықтың бастауына айналған «дала аруын» – жүгеріні жерсіндіруге бет бұрды. 1922 жылы қала аумағында сабын қайнататын, ұн өнімдерін дайындайтын, бал, крахмал әзірлейтін, тері илейтін тағы басқа да цехтар жұмыс істесе, 1925 жылы мұндай жұмыс орындар саны 135-ке жеткен. Сол кездің өзінде 283 сауда нүктесі жұмыс істеген бұл кішкентай шаһарда мемлекеттік банктің агенттігі, үлкен аурухана және уезд кітапханасы халыққа қызмет көрсеткен. 1929 жылы уезде етікшілер артелі құрылып, мақта тазартатын зауыт іске қосылған. Өңірде 230 су диірмені қызмет еткен. 1917 жылы Жаркент қаласында тұңғыш гимназия құрылса, 1920 жылы уезд бойынша бірінші басқыштағы 11 мектеп, 1 гимназия, 1 орыс шіркеуі приход мектебі, 1 мұсылман мектебі болды. Көп ұзамай коллективтендіру кезеңі басталғанда талайдың малы тәркіленіп, өздері өлім жазасына кесілді, тіпті жер аударылып кетті. 1932-1933 жылдардағы аштық бұл өңірдің халқын тегіс жалмады десе артық айтпағандық болар еді. Аштық жылдарында жүз мыңдаған қазақтың Қытай асып кетуіне тура келді. Жаппай қырылу мұнымен тоқтаған жоқ, 1937 жылғы репрессияда елдің бек тұлғалары қанды қырғын құрбандарына айналды. Бұл өңірде тонның ішкі бауындай боп отырған халықтың жан-жаққа босып кетуіне тарихтың осы бір қолдан жасалған қиян-кескі қырғындары айғақ.

Шегесіз салынған мешіт

Ежелгі Жаркент қаласына бара қалсаңыз, өз дәуірінің атақты саудагері Уәлібайдың (халық арасында - Уәли бай) арнайы тапсырыспен салдырған мешіті алыстан көз тартады. Бір кереметтігі, арада жүз отыз жылдан астам уақыт өтсе де халық арасында «Уәли бай мешіті» атанып кеткен ғимарат әлі күнге өзінің бастапқы қалпында сақталған.

Тарихшылардың зерттеуінше, XIX ғасырдың аяғына қарай салынған Жаркент қаласындағы мешіт 130 жыл бойы сақта-

лып тұр. Тарихтан белгілісі, бүгінгі күні еліміздің тарихи әрі мәдени мұрасына айналған бұл мешітті сол бір кезеңде бай-манаптарға берілген атақ-дәрежемен айтсақ, бірінші ильдиядағы саудагер Уәлібай Ахун Юлдашев сонау 1887- 1892 жылдары халықтан жинаған қаржыға салдырыпты. Бір ерекшелігі, мешіттің сәулеті, құрылымы және әшекейленуіне баса назар аударсаңыз, ғимараттың Қазақстан мен Орта Азияның сәулет-құрылыс өнерінің ең үздік тәсілдері ескеріле отырып салынғандығы айқындала түседі. Тіпті бұл мешітті әдеттегі мешіттерден өзгеше етіп салу мақсатында Уәлібай көршілес Қытайдан осы елдің сол жылдардағы атағы жер жарған ең мықты сәулетшісі Хон Пикті алдырып, мешіттің жобасын соған арнайы сыздырған екен. Бұған қоса, құрылысты салуға Хасен Иманов, Тайыр Ысмайылов, Насретдин Қары, Әбдікадыр, Ұшырбақы, Зайнутдин тәрізді құрылысшылармен қатар шебер қолды қытай мамандары да өз үлестерін қосыпты. Нақты дерекке жүгінсек, Уәлібайдың алып мешітін салуға сол жылдарда 1500-ден астам адам жұмылдырылып, ғимарат бес жылға жетержетпес уақытта бой көтерген.

Уәлібай мешітінің жалпы көлеміне келсек, оның ұзындығы - 54,4 метр, ені - 29 метр, ал биіктігі - 22 метр. Ал мұндағы минареттің биіктігі 19 метр. Ғимараттың өзіне тән бір ерекшелігі, мешіттің минаретін алуан түрлі әдемі, қайталанбас өрнекпен безендірілген 52 колонна (бағана) қоршап тұр. Мұндағы колонналардың барлығы дерлік арнайы дайындалған Тянь-шань шыршасынан жасалған. Ғимаратты және оның қос қатарлы мұнарасын әшекейлеуге сурет пен сәндік өнерінің алуан түрлі үлгілері пайдаланылған. Мысалы, мешіттің қабырғаларына зер салып қарасаңыз, өсімдік іспеттес және геометриялық өрнектерден кей жағдайларда аңдардың, құстардың, балықтардың бейнесін еш қиналыссыз аңғаруға болады. Сондай-ақ бұл ғимараттан қазақ, ұйғыр, дүнген және басқа да Шығыс халықтарының ою-өрнектерінің нұсқа-

ларын, арабески стиліндегі әшекейлі жазулардың тамаша үлгілерін кездестіруге болады. Мешіттің өзіне ғана тән тағы бір ерекшелігі, оның құрылысына шеге атаулы әсте қолданылмаған. Мұның себебі мұндағы әрбір бөрене немесе арқалық арнайы керткі ойық жасау арқылы бірімен- бірі берік етіп бекітілген. Тіпті мешіт қабырғаларының өзі арнайы әзірленген бөренелерден көтерілген. Тек шатырына ғана қаңылтыр пайдаланылған. Шатырды мешіттің ішінен 122 бағана-тіреуіш көтеріп тұр.

Жергілікті сәулетші-зерттеушілердің пікірінше, Жаркент мешіті шатырының құрылымы да өзгеше. Ол қабырғалардан арқалық бөренелер мен «дау» және «гун» деп аталатын ерекше тіреуіштерден тұратын ернеулердің құрылымдық сәндік жүйесі арқылы бөлінеді. Мамандардың пікірінше, шатырдың жалпы бүгілген бағыты қажетті қайқылыққа жету мақсатында белгілі қашықтықта орналастырылған қиылысу жүйесіне байланысты. Мұндай заңдылық шатырды «қайқы қалқыма шатыр» пішініне келтіруді қамтамасыз ететін көрінеді. Шатыр ернеулері ойма әдісімен жасалып, оған түрлі қанық бояулармен көркемделген өсімдік тектес өрнектер арасына аңдар, құстар, ба-

лық бейнелері енгізілген. Ғимараттың тұрпатын анағұрлым айшықты әрі сәнді етіп көрсету үшін осындағы жұма мешіті мен бас қақпасы екі қабатты мұнара-пагодамен толықтырылған.

Еліміздің тарихи-мәдени сәулет ескерткішіне айналған Уәлібай мешітінің оңтүстік жағынан арнайы салынған медресені байқайсыз. Мешіт кешенінің айналасы биіктігі 2,3 метр тас дуалмен қоршалған. Сондай-ақ намазға келушілерге ыңғайлы болу мақсатында мешіттің оңтүстік және солтүстік жағынан бірнеше атты адам еркін өтетіндей үлкен де айшықты қос қақпа салынған. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Жаркенттегі Уәлібай мешіт кешені бүгінгі күні еліміз жастары үшін тарихтан сыр шертетін мәдени-демалыс орталығына айналып отыр.


Тарихқа тұнған еліміздің әр өңірі - тасқа басылған тарих. Жастарымыздың өткен тарихты бойларына сіңіруі тарихтар сабақтастығын жалғайтыны айдан анық. Жеріміздің тарихын білмей ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан еліміздің әр өңірі ата-бабамыздың қанмен келген маңдай тердің жемісі екендігін ескерелік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ә. Нысанбаева. Қазақ энциклопедиясы. 1998.

2 http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/almaty_oblast/memorial/jarkent-mechet

3 <http://kazustaz.kz/ustaz/529-azastanny-kne-alalary-oral-alasy-bryay-mshelerd-tynys-belgler.html>



Г.Ш. Уразалина

№39-қазақ орта жалпы білім беру мектебінің әдіскері. Ақтөбе қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАРАСАТТЫ ОЙЛАУ ӨНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада жаңа әдістемелік тапсырмалы әдістер, парасатты ойлауды қалыптастыруға мүмкіндік беретін, сонымен бірге оқушының әрекетін жобалауға мүмкіндік пайда болатындай және түрлі тапсырмалардың түрін шешу жүйесі ретінде мұғалімдердің қызметі туралы қырыстырылады. Бұл негізгі тапсырма жүйесі оқыту үдерісінде ұйымдастырудың тиімді құралы болып саналады.

Түйін сөздер: *ойлау өнері, парасатты ойлау, оқушы, оқыту технологиясы, педагогика негіздері.*

В данной статье рассматривается новый методический задачный подход, способствующий формированию интеллектуальных мышлений, при котором появляется возможность проектировать деятельность ученика и деятельность учителя как систему процессов решения разных видов задач. Эта исходная система задач выступает эффективным средством организации процесса обучения.

Ключевые слова: *искусство мыслить, интеллектуальное мышление, ученик, технология преподавания, педагогические основы.*

This article discusses the new methodical approach a task, contributing to the formation of intelligent thinking, in which it is possible to design activities and the activities of the pupil teacher as a system of processes solving different kinds of problems. This initial system performs tasks effective means of organizing the learning process.

Keywords: *art of thinking, intellectual thinking, the student, the technology of teaching, teaching the basics.*

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектепте оқушыларды оқыту үдерісінде қоғамымыз жаңа міндеттер қойып отыр. Жандану кеңістігінде инновациялық технологияның алар орны ерекше. Осыған орай, бүгінгі оқушылардың парасатты ойлау өнерін заманауи мүддесіне сәйкестендіру, унификациялау көкейкесті мәселенің өткірлігін көрсетеді. Біздер «технология» ұғымын «ойлау өнері» мағынасында ұсынып, оны парасатты іс-әрекет негізінде зерделеудің тиімді екенін байқадық.

Аталған проблеманы шешу үшін мектеп білімденудің жаңа технологияларын нәтижеге бағдарлау жүйесін әр пәнге бағыттап құруы көзделеді. Оқытудың жаңа

технологиясын саралау білім мазмұнының ерекшелігін, мәнін, мазмұнын, ықтимал жауаптарын оқушылардың ойлау өнеріне түрткі болар жағдайда қарастырылады.

Қазақ халқы ойшылдарының парасатты іс-әрекетке, ойлау өнерін шарықтау шегіне жеткізу тұрғысында қарастырған еңбектері айтарлықтай: Әбу Насыр әл-Фараби [1], Ж. Баласағұни [2], Қ. Ясауи [3], А. Құнанбайұлы [4], Ы. Алтынсарин [5], А. Байтұрсынов [6], Ж. Аймауытов [7], М. Жұмабаев [8], Мәшһүр-Жүсіп Көпеев [9], Ш. Құдайбердиев [10] т.б.

Әбу Насыр әл-Фараби тілімен айтсақ, интеллектуалды әлеует, Қожахмет Иассауи тілімен айтсақ, сегіз қырлы, бір сырлы, Абай тілімен айтсақ, кәмалатты адам және т.б.

Біздер оқушының өмір сүру қабілетін білім мазмұнымен қамтамасыз ету мәселелеріне, оның тұтастық заңдылығының бұзылмауына ерекше мән беріледі.

Ойлау өнері оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Білім беру технологиясының өзіндік ерекшелігі: қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үдерісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны мұғалім мен оқушының өзара байланыс іс-әрекеті, оның ішкі даму үдерісі негізінде анықталған нақты мақсат қана ойлау өнері құрылымын түсіну кілті бола алады.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» – деген Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың сөзі білім беру қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытуға жаңа бетбұрыс өмірге келді. Яғни ойлау өнері ұғымы іс-әрекетімізге еніп, қолданылуда [12, 13-14 б.].

Ойлау өнерінің мақсаты – ой-өрісін кеңейту, оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізге алатындай болуы керек.

Оқушылардың ойлау өнерін дамыту негізінде қолдануға болатын технологиялар түрлері төменде көрсетілген.

Кезеңдеп оқыту технологиясы.

Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарын, олардың әрбір қадамын оқытушының бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады

Жеке пәндік педагогикалық технологиясы.

1. Ішкі парасатты ойлау өнерін өркендету технологиясы. Технология мазмұны оқу үдерісі оқушы миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2. Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту;

Альтернативті технологиялар. Вольдорф педагогикасы «ізгілікті педагогика» мен «еркін тәрбие» идеяларын іске асырудағы әртүрдің біреуі болып табылады. Ол жекеліктің өздігінен таңдауы мен тануы жүйесінде көрінуі мүмкін:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: парасатты іс-әрекетті қолдану.

Дамыта оқыту технологиялары. 1. Л. В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарды оқытуда пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі [11, с. 44-45].

Оқушылардың парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың қағидалары төмендегідей:

Бірінші қағида, әлем халықтарының ойлау өнері жайлы көзқарасының тұжырымдарын бір жүйеге түсіруге ықпал жасау қиындық келтірсе де, ұлттық психология нышаны және ұлт киесі болып қалыптасқан қазақи тәлім-тәрбиені ескермесек, оның сан ғасырлық жүйесін ілгерілету траекториясын күні бұрын жобаламасақ, парасатты ойлау өнері сағым қуғандай болар еді. Парасатты ойлау өнерін қалыптастыру үшін отандық білім мен ғылым байырғы ізгілікті ұлттық тәрбиеге негізделуі керек.

Екінші қағида, әрбір оқушының табиғи мүмкіндігіне қарай өзін-өзі танып, сол перцептивті қабылдау іс-әрекетіне сәйкес тұжырым құра білуі. Кеңестік дәуірден қалған тоталитарлық жүйе таңбасы – жоғарыдағы тұлғалардың иерархиялық түсінігі барлық өзінен төмендегілерге міндет ретінде ұсынылды. Нақтылап айтсақ, бәріміздің ой-тұжырымдарымыз бірдей болу тұрғысындағы үдеріс басымдықта екеніне бірталай адам көздерін жеткізді. Әр тұлғаның гносеологиялық, аксиологиялық, онтологиялық пайымдамасы жинаған, трансформациядан өткізген тұжырым-түйініне бағынышты. Сол себепті диагностикасыз оқушыларға көпдеңгейлікті тапсырмалар беруден сақ болған абзал. Оқушылардың ойлау өнерінің деңгейі белгісіз болса, оған міндетті түрде диагностика жүргізуді талап етеді.

Мұғалім оқушылардың ойлау өнерін дамыту мақсатында пәнді оқыту барысында төмендегі анықтайтын индикаторларды пайдалану арқылы ойлату дағдысын қалыптастыра аламыз.

Бірінші индикаторы:

1. Адамның мәдени деңгейіндегі танымның жүйелілігі:

- жеке әлемдік көзқарас;
- жалпы көзқарас;
- кәсіптік көзқарас.

2. Өзінің пәніне байланысты ғылыми деңгейін арттырудың танымдық, маңызын үзбей дамыту жүйесінің амалдары:

- пәннің заңдылықтарын қоғам заңдылықтарымен ұштастыру;
- жеке ұжымдық таным қабілеттері;
- өздігінен танымдық деңгейліктерді шыңдау.

Екіншісінің индикаторы:

Өндірістік жағдайларға оқытудың міндетті білім мөлшерлерін ыңғайлау:

- идеологиялық; мемлекет көздеген құжаттар
- құқықтық; мемлекеттік тұрғыдағы заңдылық
- моральдық-этикалық; кәсіби құзыреттілік тұрғыдағы
- саяси; білім саясаты, білім заңы

- өнер (мәдени); ойлау өнерінің бағдары

- діни; Ішкі дүниетаным, экстремизмнен аулақ ұстау

Үшінші индикаторы:

- салыстыру;
- дәлелдеу;
- шығармашылық;
- рефлексиялау.

Төртінші индикаторы:

Басқарудың өзі-өзін дамыту жолдары:

- өздігінен жұмыс істеу мөлшерін, шапшаңдығын зерттеу;
- жуық уақыт аралығындағы өз-өзін дамыту құрылымын жобалау;
- өздігінен құрылған жұмысты өмірде пайдалану, бағдарлама жасау;
- рефлексиялау.

Бесінші индикатор:

Өз-өзін басқару үдерісінің өнімді тәсілдері:

- даму деңгейін зерделеу;
- даму деңгейін жобалау;
- оны жүзеге асыру бағдарламасы;
- рефлексиялау.

Технология жүйесінде оқушылар диагностиканы оқу қызметі мен бағытына негіздеп жүргізеді. Қандай тәсілмен көздеген мақсатты жүзеге асыруға болады? Міне осындай сұраққа жауапты ол екі тәсілмен шешеді:

- айқын жүйелілікпен (қағидалар мен деңгейліктері ашылады, олардың өзара байланыстары) бұл тәсілді педагогика ілімінде Блум еңбегінде оны таксономия дейді;
- мақсатты өте анық ережемен, түсініктемемен сипаттау.

Мұндай әрекеттегі жүйе әр оқушының білім мазмұнынан ең маңыздысын теріп алуына, танымын терендетуіне, алғашқы мақсаттың кезеңдерін жіктеуіне, болашақтағы жұмысын айшықтауына бағдар жасайды. Нәтижесінде әр оқушы өзінің қабілеті мен қажет мөлшерін шығарып алып, қандай білім көлемін меңгергенін саналы түрде білетін болады. Бұл оқушылардың өз-өзіне сын көзбен қарауға, әділдік әрекеттері күннен-күнге өрлей түсуіне мүмкіндік бермек.

Әрине, әр оқушының шығармашылық өзіне тән дарыны болмаса, оны мың жерден дұрыс басқарғанмен, ешбір нәтижеге жетпесі түсінікті. Бірақ оқушының бойындағы өзіне тән қадір-қасиетін құндай білуіне, оны одан әрі дамыта алуына басшылық жасау мүмкіндігіміз бар.

Ойлау өнерінің жүйесі баяндалған мазмұн-құрылымы дұрыс ұйымдастырылса, төмендегідей оқушылардың білім меңгеру бағысындағы Тұлғалық Пішіні дамытылмақ:

- табиғи қабілеті мен қажеттілігіне орай әлеуметтік ыңғай, икем, іскерлік, дағды, біліктіліктің танымдық (когнитив) даму заңдылығына сәйкес келу;

- республикалық, әлемдік біліктілік пен ізгіліктің тәжірибесіне (стандарт) өзінің бойындағы өнері мен кәсіптік ыңғайын табиғи қуатына сәйкес үздіксіз, үзіліссіз дамыту үшін қатыс (коммуникация) құралдарынан керегін саралап, сұрыптап алу машықтарын ширату;

- кәсіптік техникалық-эстетикалық мазмұндағы білім салаларынан өзінің ыңғайына сәйкес болашақ кәсібінің таңдауын айқындап, соған қарай оқу бағытымен оқудың әдіснамалық негіздерін тұжырымдау;

- алған білімдерін тәжірибеде қолдана алу іскерліктерін дамыту мақсатында өз-өздерінің деңгейліктерін (иерархиясын) тексерудің амал-тәсілдері мен технологиялық қырларын игеруге мүмкіндіктер туғызу (қисық құрылған есептер мен жаттығулар, тест, сөзжұмбақ т.б.);

- адамның ішкі сырын дамытуға түрткі болатын табиғаттың құпия заңдылықтарының ішкі жүйесін айқындайтын кейбір құбылыстары жайлы өзінше топшылаулар мен тұжырымдар құрастыру;

- оқу салаларындағы бір нысанаға әр түрлі берілген тұжырымдамасын (концепциясын) салыстырып өзінше қорытынды шығара

алатын шығармашылық сыни машықтарды жаттықтыру;

- эстетика бағытындағы пәндердің оқушылар бойындағы табиғи өнеріне сәйкес келіп, одан әрі өз-өздерінің дамыту әрекеттеріне бағындыру заңдылығын жүзеге асыру;

- мектептегі оқушылардың ұжымдық ойлау әрекетін ұйымдастырып, әрбір жұмыстың нәтижесіне жетер желіні болжауға бағдар жасау.

Міне, мектептің оқу жұмысының жеке оқушылардың тұлғалық сипатын өркендетуге бағдар берер жолдары жоғарыдағы талаптармен жүзеге асады.

Мектеп оқушыларының парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың заңдылықтары мен қағидаларын оңтайлы шешуде Ж. Аймауытовтың саңылау сезім мен соқыр сезім жайлы ұсынған пікірлерін ұдайы есте сақтау қажеттігін баса көрсетуді жөн көрдік. Себебі, соқыр сезім адам миын «жаулап» алса, оның парасаты және ойлау өнері ешқашан дамытылмайды. Одан шығарар салдарымыз педагогика ілімі – физиоүдерістер мен психология тетіктерін ашып отырудың мәністерін меңгерудің әдіс-тәсілдері тұрғысында қарастыратын нысан. Нарықтық қоғам талаптарына сай бір нәрсеңі сақтау, жаңаның ұтымдысын алу сияқты түсінік – әр оқушы мен оқытушының заңды бағыты.

Қорыта келгенде, оқушылардың парасатты ойлау өнерін қалыптастыру үдерісіндегі қолданылатын технологиялар сұрыпталу тұрғысында іске асады. Білім берудің технологиялары оқушылардың парасатты ойлау өнерін жоғары деңгейлікке көтеру сыңайында зерделенді. Барлық технологиялар парасатты ойлау өнерінің инструменті деген қорытындыны тек нәтижеге бағдарлау арқылы қол жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әл-Фараби Ә. Н. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы, 1995. - 226.
- 2 Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы, 1987. - 355 б.
- 3 Иасауи Қ. А Диуани хикмет. – Алматы, 1993. - 262 б.
- 4 Құнанбаев А. А. Шығармалары // Екі томдық. – Алматы, 1968. - 308 б.

- 5 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар. – Алматы : Жазушы, 1988. - 320 б.
- 6 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 318 б.
- 7 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. - 312 б.
- 8 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. - 154 б.
- 9 Көпеев М.Ж., Көпеев М.Ж. Ел аузынан жиналған әдебиет үлгілері // Екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1992. – Т. 2. - 222 б.
- 10 Құдайбердиев Ш. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. - 539 б.
- 11 Занков Л.В. Дидактика и жизнь. – М., 1968. - 289 с.
- 12 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011-2015 жылға арналған Стратегиялық жоспары. – Астана, 2011, ақпан - 8.

ӘОЖ 37.017.7

М.О. Урисбаева

Бастауыш сынып мұғалімі

*«Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі*

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Мақала «Тәрбие - тал бесіктен» деп алынған. Себебі, келешек әулеттің барыстары отбасында тәрбиеленеді, адамның жеке басының бастапқы басқышы пайда болады, мінездің де негізі қаланады, адамдық қасиеттер мен әдептілік қалыптасады. Демек, баланың келешекте қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Мақалада сонымен қатар, отбасында алған тәрбиенің маңызы жайлы айтылған. ҰОС қатысқан әкенің ерлігі мен берген тәлім-тәрбиесінің жемісі жайлы сөз қозғалған.

Түйін сөздер: *тәрбие, тал бесік, ардагер, отбасы, әке.*

«Воспитание начинается с колыбели» буквально так называется статья. Потому что, первые качества личности, основы характера, человеческие качество и воспитанность образуется именно в семье. Значит, будущее человека, в прямую зависит от того, какое воспитание и какое отношение будет у него в семье. А так же в статье рассматривается важность воспитание, полученное в семье. Говориться о воспитание отца, участника ВОВ, и его героизм и плоды в воспитании.

Ключевые слова: *воспитание, колыбель, ветеран, семья, отец.*

«Education begins with a kolibelі» bwkvalno so nazivaetsya articles. Potomw things, the first quality of a person, how to bases, man is quality and vospitannost obrazwetsya explosion in the Family. Udinese, the future man, pryamwyu zaviset from Togo, relies on education and relations that will be used to nego Seven refuge. A so become easier in rassmatrivaetsya vajnost education, from polwçennoe Seven. Govoritsya right education will of father, VOV participant, and his geroïzm and plodі in education.

Keywords: *education, the cradle, veteran, Famly, father.*

Отбасы - ең мықты, ең үлкен тәрбие ошағы. Себебі, келешек әулеттің барыстары отбасында тәрбиеленеді, адамның жеке басының бастапқы басқышы пайда болады, мінездің де негізі қаланады, адамдық қасиеттер мен әдептілік қалыптасады. Демек, баланың келешекте қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Осылардың дәлелі халқымыздың өмірден алған, шығарған мына нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері бола алады. Мысалы: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Қарағайға қарап тал өсер, атасына қарап бала өсер», «әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз.

Отбасындағы ұлттық тәрбиенің мәні ерекше зор. Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Осы «ата-ана» мектебі арқылы ұл баланы-әкесі, қыз баланы-шешесі тәрбиелеп, баланың көз алдындағы үлгі-өнеге нысаны болады.

Отбасында ата-аналары өздерінің бойындағы жақсы қасиеттерін, өнерлерін балаларына үйретіп, жастайынан баулиды.

Осы айтылғандардың дәлелі ретінде өзім туып-өскен отбасым туралы айтқым келеді.

Бізді, яғни 5 ұл мен 4 қызды әке-шешеміз дүниеге әкелді, тәрбиелеп өсірді. Бірақ, бұл тәрбие кез келген отбасында кездесе бермейтін тәрбие екендігін білдім. Ата-анамыз бізді жастайымыздан өздерінің бойындағы барлық өнерлеріне баулиды.

Әкем ҰОС және еңбек ардагері. 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қара-

мастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеткен Ұлы күн!

Әкем ҰОС және еңбек ардагері. Өмірдің қиын-қыстау заманында өмір сүрсе де өз ұрпағының болашағын алдын ала ойлап, халқы үшін де, ұрпағы үшін де аянбай еңбек еткен, өмірінің соңына дейін ұрпақ тәрбиесін бір сәт естен шығармаған асыл да ардақты әке. 1916 жылдың 17 сәуірінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Білімі 4 жылдық бола тұра тілге шешен, ақын, көзі ашық, көкірегі ояу, әрі палуан, шахматты шебер ойнайтын, өте зерек, еңбекқор адам болған.

Абай сияқты өзі сүйіп оқитын ақындардың өлеңдерін жатқа білетін, ұлы адамдардың өсиет, нақыл сөздерін әркез үлгі етіп айтып отыратын. Әкем жастарға Хәкім Абайдың «Бес нәрседен қашық болуға шақырған - Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтықтан алыс жүруді өсиет етіп, талапты бар жасқа ақ батасын беріп отыратын.

Әкемнің арманы елдің бейбітшілігі, тілі бөлек болса да, тілегі бір ортақ Қазақ елінің барша халқының аманшылығы мен бақытты ғұмыр кешуін тілеп отыратын.

Әкемнің халқы, елі үшін еткен еңбегін үкімет елеусіз қалдырған жоқ. 1957 жылы «ҰОС кезінде фашистік Германияны жеңгені үшін» медалімен, «Ұлы жеңістің 20-30-40-50 жылдығы» медальдарымен, еңбектегі ерлігі үшін 1978 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, 1997 жылы «Кеңес Одағы маршалы Г.К. Жуковтың» медалімен, 2000 жылы «1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері» медальдарымен марапатталған. Бұл марапат әкеміздің соңғы марапаты болды, 2000 жылы әкеміз өмірден өтті. Анамыз «Күміс алқа» иегері, 1983 жылы «Еңбек ері» төсбелгісімен марапатталған. Бүгінде 28 немере, 12 шөберенің сүйікті әжесі атанып, қуаныштарын көріп келеді.

Артында қалған ұрпақтары әкеміздің салып кеткен жолымен, айтып кеткен өсиетімен өмірін жалғастырып келеміз.

Әкем де, анам да домбыра тартып, ән айтатын, өнерді сүйетін, өнер адамдарын ерекше құрметтейтін. Әкемнің ақындық қасиеті де бар болатын. Аудандағы ақындардың айтысына қатысып, өзінің тілге шешендігін көрсетіп, жеңіске жетіп отырды.

Ата-анамыздың тәрбиесімен барлығымыз да өнерге бейім болып өстік. Барлығымызды оқытып, жоғары білім алуымызға көмектесті. Үлкен бауырым Артықбек қана денсаулық саласында қызмет етеді, ал басқаларымыз музыка және педагогика саласында еңбек етіп келеміз. Сіңілім Қанат – қобыз аспабында, мен және інім Асқар – баян аспабында, әрі әкеміз сияқты ақындық қасиеттеріміз де бар, інілерім Алтынбек, Болатбек, сіңілім Гүлбақыт – домбыра аспабында ойнаймыз. Інім Әлібек әскери салада, ал сіңілім Нұрбақыт ұстаздық қызмет

атқарады. Әрқайсысымыз өмірден өз орнымызды тауып, отбасын құрып, балалы-шағалы, немерелі, халыққа сыйлы, жемісті еңбек етіп, бақытты өмір сүріп келеміз.

Ауыл адамдары бізді «Өнерлі отбасы» деп атайды, үлгі тұтады, құрметтейді. Осының бәрі ата-анамыздың еңбегінің арқасы деп білеміз. Ата-анамыздың алдында мәңгі қарыздармыз.

Әрбір 9 - мамыр мерекесінде анамыздың қасына жиналып, әкемізді еске алып отырамыз.

Ұлы жеңіске 70 жыл толды, өмір өтіп жатыр. «Бала - болашағымыз» десек әрбір ата-ана тәрбие үлгісін көрсетіп, дұрыс тәрбие беруді өзіміздің абзал борышымыз деп жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Ата-ананы құрметтейік, адамдар!



Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық қызметі

В.А. Сухомлинский.

А.А. Буранбаева, Л.Б. Аспанбаева

*№39-қазақ орта жалпы білім беру мектебінің бастауыш мұғалімдері
Ақтөбе қаласы*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АНА ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ана тілі саласында (оқу, сөйлеу, жазу) дағдылары мен ептілігі ең қажетті алғышарт және оқушылардың білім алу құралы болып табылады. Қазақ тілі сабағының бар құрылымы оқушыларды ұлы қазақ халқының тілі «тіл жасампазы» ретінде қазақ тіліне деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тудыруға тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Тіл, сондай-ақ тәрбие берудің маңызды құралы болып табылады: оқушы біздің жоғары идеялы және көркемдігі жоғары әдебиеттермен танысу, түрлі формадағы драматургиялық өнерге қатысуға тарту, газет пен журналдарды оқу қажеттілігіне дағдыландыру, ересектермен емін-еркін тілдесу үшін тек ана тілін жақсы білгенде ғана мүмкін болады.

Түйін сөздер: *ана тілі, бастауыш мектеп, оқушы, оқыту, тәрбиелеу.*

Умения и навыки в области родного языка (речь, чтение, письмо) являются необходимым условием и средством учебного труда учащихся. Вся система занятий казахском языком должна обеспечивать воспитание у школьников интереса и любви к казахскому языку как языку великого казахского народа, «языкотворца». Язык служит также важным средством воспитания: только хорошее знание родного языка позволяет приобщить школьника к нашей высокоидейной и высокохудожественной литературе, привлечь его к участию в различных формах драматического искусства, привить ему потребность читать газеты и журналы, полноценно общаться со взрослыми.

Ключевые слова: *родной язык, начальная школа, ученик, преподавания, воспитание.*

Skills in their native language (speaking, reading, writing) is a prerequisite and a means of academic work of pupils. The whole system of training of the Kazakh language should provide education pupils' interest and love for the Kazakh language as the language of the great Kazakh people, "language author." Language is also an important means of education: only a good knowledge of the native language allows the pupil to attach to our high-principled and highly artistic literature, to bring him to participate in various forms of dramatic art, to instill in him the need to read newspapers and magazines, to fully communicate with adults.

Keywords: *native language, elementary school, pupil, teaching, education.*

Бастауыш мектеп баланың өмірлік қалыптасуының ең іргетасы болып табылады. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оның жалпы дамуына, яғни сөйлеуіне, қоршаған ортаға дұрыс көз-қараста болуына, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйретуге, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуіне, дәлелдеуіне, сөйлеу мәдениетіне үйренуіне алғашқы қадамдары қалыптасады.

Ойын балалары бастауыш сыныпқа келген кезде, пәндерді оқытылмастан бұрын, әліппе, тілді үйретуден бастау дәстүрден келе жатқан әдет. Ана тілін толық меңгермейінше, білім алу мүмкін емес екені белгілі нәрсе. Бастауыш сыныпқа алғаш аяқ басқаннан бастап әріп үйрену кезеңінен тілді дамыту қолға алынады. Тіл – ақиқатты танытудың басты құралы. Философиялық және психологиялық әдебиеттерде тілсіз

ойдың тұмайтыны нанымды айтылады. Сондықтан баланың болашақта білімді болуына, ілімді игеруіне, ғылымды түсуіне, шет тілдерді үйренуде бірінші кезекте ана тілін жетік білу маңыздылығы зор. Бала – балғын тал, ересек адам – бағбан. Бұл – әр халықты ғасырдан-ғасырға әкеле жатқан қағидасы. Сондықтан баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігінің артуына тәрбиелеп, бала жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші тәрбиелеуші әрбір үлкеннің мұраты.

Тілдің тәрбиелік мәні де күшті. Ана тілін жақсы меңгерген оқушының ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, көркем өнер үйірмесіне құмарта қатысуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, тіл табысуға деген бейімділігі қалыптасады, яғни баланың мәдени өрісі қоғам талабына сай бола түседі.

Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат – оқушылардың сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оларға рухани дүниесін байыту, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себу. Ол үшін бала айналадағы затты, құбылыс пен болмысты танып білуі тиіс. Соған байланысты оның тіл байлығы да артады. Баланың өмірді көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығы ауызша түрде де жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс.

Ана тілі жас баланың ақыл-ойының дұрыс дамуына білімді еркін және оңай меңгеруіне көп жеңілдік келтіреді. Сол себепті мектепте ана тілін оқыту ісіне ерекше мән береді. Өйткені ана тілін дұрыс меңгермеген оқушы басқа пәндерді де ойдағыдай үйрене алмайды. Білгенін не сөз тауып айтып бере алмай, не ойын қағаз бетіне түсіре алмай, қиналады. Осыдан-ақ ана тілі мектептегі негізгі пәндердің бірі екенін анық байқаймыз. Аса көрнекті педагог К.Д. Ушинский ана тілінің білім берудегі ролі туралы: “Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын және математиканы өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың

нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектепте оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлінеді [2].

Бастауыш сынып оқушылары ана тілінің маңыздылығын түсінбегендіктен, мұғалім ана тілін жетік меңгеру үшін, аянбай қызмет етіп, қызықтыра оқытудың барлық тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Ана тілін оқыту барысында ана тілі арқылы ұлттық тәрбиені бойына сіңірту, ана тіліне деген үлкен мақтаныш пен сүйіспеншілігін ояту, балалардың ішкі жан дүниесінің рухани баюын қамтамасыз ету, яғни жаман, жиіркенішті нәрседен өзін тежей білу – табандылық, төзімділік, жақсылыққа ынталандыру арқылы рухани мәдениетті азаматты тәрбиелеу үшін мынадай оқыту әдістерін ұсынар едім:

Ұлттық тәжірибелер мен тағылымдардан туған бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері, ертегілер, жырлар, аңыздар, жұмбақ-жаңылтпаштар, ұлттық салт-дәстүрлер, рәсімдер, үлгі-өнегелер халықтың құнды мұрасы – тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі [4].

Бастауыш сыныптарда ертегі, аңыз, әңгіме оқытудың және сабақ тақырыбына байланысты мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш пайдаланудың маңызы зор. Баланы қызықтырады, баланы оқи отырып, тыңдай білуге үйретеді. Қиялын дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді, тілін ширатып, жан-дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады. Мысалы, 3-сыныпта ана тілін оқыту барысында мақал-мәтелдермен мынадай жұмыс түрлерін жасауға болады.

1 Оқушыларға тақырып мазмұнына сай мақал-мәтелдер айтқызу, оны өз сөзімен түсінгенін айтқызу.

2 Тақтаға бейнелі суреттерді іліп, суретке қарап тұрып мақал айтқызу.

3 Оқушылар арасында мақал-мәтелдер айтысы.

4 Мақал-мәтелдердің мағынасын оқиғамен түсіндіру.

Мысалы: Мал – баққанға бітеді.

Асанға атасы базардан бұзау сатып алып берді. Бұзауы сүйкімді, әрі момақан. Асан бұзауына шөп орып, су беруге ерінбейтін. Ербол оған қатты қызықты. Бірақ ол ойынды, сотқарлықты жақсы көретін. Бір күні көршісі Ерболға да ата-анасы бұзау сатып алды. Ербол бірнеше күн бұзауына қарап жүрді, бірақ шөп орып беруге ерініп, ойынға қызығып кетіп қалатын. Суды да уақтылы бермейтін. Бір күні бұзауы ауырып өліп қалады. «Мал – баққанға ғана бітеді» – деген осы емес пе? Осындай әңгіме желісі бойынша баланың астарлап айтылған мақал-мәтелдердің оңай түсуіне жағдай жасалады.

Қазіргі кезде мұғалім үш нәрсені қадағалау керек:

- Сыныпта оқушылар ана-тілін таза сөйлеуін;
- Оқушылар заманауи сөздердің дұрыс

аудармада айтылуын;

- Оқушылар өз арасында ана тілінде сөйлеуін.

Бұл қадағалауды талап ететін мәселе қазіргі кезде барлық қоғамдық ортада белең орын алып жүр. Бастауыш мектеп мұғалімі осы мәселелерді жадыда сақтау тиіс.

Қорытындылай келе, баланың тәрбиесі ана тілінің дамуымен қатар жүреді, оны бөліп жарып қарастыра алмаймыз. Балаға төл тілсіз ұлттық тәрбиені бойына қалыптастыру мүмкін емес. Тіл - баланың интеллектуалды тұлға болып қалыптасуында басты құрал болып табылады. Сондықтан, бастауыш мектепте ана тілін оқытуда үлкен жауапкершілікпен қарауды, мұқияттылықты талат етеді. Соған байланысты ел болашағына ие болатын тұлғалар қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Г.Ж. Тұрдалиева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту. Астана, «Фолиант» баспасы, 2007
- 2 Қ. Шаяхметұлы. Әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілінде оқыту мен тәрбиелеудің мәселелері-Колледждерде оқытылатын мемлекеттік тіл: тарих, бүгіні мен болашағы. – Семей 2006. -19б.
- 3 Ғ. Дүкенбаева. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы 1992
- 4 А. Құралұлы. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: Өнер, 2002
- 5 А. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы 1992.



МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А. Ұлағатты ұстаз – адамның азбайтұғын асылдығы	6
Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді	13
Тебегенов Т.С. Танымал кейіпкерлердің ұлттық, көркемдік-эстетикалық тағылымы	19
Оразова Р.К. Әртүрлі тілдер және ұлттар мәдениетінің сабақтастығы (араб және қазақ тілдері негізінде)	25
Аташ Б.М., Бекебаев Ж. Қазақ эпостарындағы батыр рухы мен отаншылдық сезімдердің қазіргі спортшы тұлғаларға тасымалдану қырлары	31
Әбжан Г.М. Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы	39
Қаражанова К.Ә. Ұлттық құндылығымыз қазақ батасының қадір – қасиеті	43
Тобықов М.Т., Меркібаев Т.А. Елбасының тағылымы мол сөздерінің тәрбиелік мәні	48
Қдыралиева Ж.Б. Бала болмысы – құрсақтан, тәлімі – бесіктен	53
Мұхаметкаримова А.С. Ұлттық тәрбие беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары	56
Абуталиева А. М. Адалдықтың да, ақылдылықтың да негізі – тәрбиеде	60
Нусипова Г. «Тілге құрмет – елге құрмет» атты интеллектуалды сайыстың сценарийі ...	66
Сембекова Г.Е. Жаркент қаласы тұрғындарының мәдени рухани өмірі	69
Уразалина Г.Ш. Оқушылардың парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері	73
Урисбаева М.О. Тәрбие – тал бесіктен	77
Буранбаева А.А., Аспантаева Л.Б. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың маңыздылығы	80

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 31.03.2015 ж. Пішімі – 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сыктывкар. Басылым – офсет. Көлемі – 10,5 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – № 32



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

2 (28) 2015

(наурыз-сәуір)

2
